Нұрсұлтан Әбішұлы Қазақстан үшін ықтимал тәуекелдер туралы өте жақсы білетін еді, сондай-ақ, жан-жақтан жұмыла күш-жігер жұмсалмаса, бейбітшіліктің де ауылы алыстай беретінін, ал мұның аяғы бүкіл халықаралық қоғамдастық үшін бұдан да зор салдарларға соқтыратынын нақты түсінді. Сондықтан, ол Украинаның оңтүстік-шығысындағы жанжалды реттеудің бейбіт үдерісіне ықпал етудің бірде-бір мүмкіндігін қалт жіберген жоқ. Осы дағдарысты бейбіт жолмен шешуден басқа балама жоқ, тек осылай еткенде ғана қантөгісті тоқтатып, саяси үдерістерге, оның ішінде, жағдайды тұрақтандыру мен елді әрі қарай дұрыстауға болады деген нық сенім шынайы итермелеген еді.

Ресей, Украина, Германия және Франция басшылары Қазақстан Президентіне – жанжал аймағынан мыңдаған километр қашықтықта жатқан елдің басшысына не себепті құлақ асты?

Оған сенеді. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев әлемдік қоғамдастыққа өзінің қағидалары мен міндеттемелерінен кері шегінбейтін, дәйекті саясат жүргізетін, бейбітқатар даму идеясының сенімді жақтаушысы болып табылатын «адал менеджер» ретінде белгілі. Қазақстан Президенті әлемдік қоғамдастық елдерінің, олардың географиялық орналасуына қарамастан, өзара іс-қимылы маңызды екенін, елдерді қарсы тұруға емес, бәсекеге негіздей отырып дамыту қажеттігін талай мәрте атап көрсетті.

Ал Украинадағы жағдайға қатысты айтатын болсақ, осындай жауапты миссия тек нағыз еуразияшыл, қарсы тұрушылықтың емес, бәсекелестіктің жақтаушысы, әлемдік деңгейдегі дәйекті және сарабдал саясаткер Нұрсұлтан Назарбаевтың ғана қолынан келеді. Өйткені, ол – жаһандық ауқымдағы бітімгер болуға жаралған тұлға.

I. МАЙДАННАН УКРАИНАДАҒЫ ПРЕЗИДЕНТТІК САЙЛАУҒА ДЕЙІН: ЕКІҰШТЫЛЫҚПЕН ӨТКЕН КҮРДЕЛІ КЕЗЕҢ

…Егер Украина басшылығы ішкімемлекеттік тұрақтылықты нығайтып, елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайларды жақсартуға және халықты ұйыстыруға бірінші кезекте мән берген-де, мұндай екіге жарылу орын алмас еді. Ал Украинада біз мүлдем басқа үдерістерді көрдік. 90-жылдардың жабайы кезеңдері тынышталып үлгермей жатып, елде түрлі полярлы екі саяси бағыт: еуроинтеграция мен Ресеймен одақтастық пайда болды. Оның үстіне, түрлі полярлықтың мәні күні бүгінге дейін дамудың осы сыртқы саяси векторларының сәйкессіздігінде емес (олар, керісінше, сәйкеседі), Украина басшылығының қашанда екі ірі ойыншы: Еуропалық одақ пен Ресей Федерациясы мүдделерінің арасынан пайда табуға ұмтылғанында, яғни тепе-теңдікті сақтауға емес, екі жақтан да өзі үшін біржақты тиімділік көруге тырысушылықта жатыр. Осының салдарынан, тұтастай алғанда, ел ретінде Украина стратегиялық тұрғыдан тек ұтылыс тапты.

Елді дамытудың шығыс және батыс өңірлерін қарсы қоятын емес, осы облыстарды біріктіретін стратегияны іздеудің неліктен қажет болғанын түсіну үшін Украина сыртқы саудасының құрылымына қарау жеткілікті. Дағдарысты кезеңге дейін Украина экспортының 5/1 үлесі Ресейге, соншасы Еуропалық одаққа тиесілі еді. Оның үстіне, РФ-ға негізінен алюминий тотығы, темір мен құрыш сымдар, дизельді-электрлі локомотивтер, барлық үлгідегі вагон-цистерналар, қозғалтқыштар, яғни елдің шығысында өндірілген өнім экспортталып келді. Ал Еуропаға жүгері, темір рудасы, антрацит, рапс тұқымы, бұршақ тұқымы, күнбағыс майы жөнелтілді, яғни елдің шығысынан шикізаттар, батысынан ауылшаруашылық өнімдері жіберіліп келді. Басқаша айтқанда, Украина, меніңше, өзінің байланысын Ресеймен де, Еуропамен де үзбеуі керек еді. Тиісінше, Украина басшылығы осы екі бағытты бір-біріне қарсы қоймай, керісінше, екі жақпен де теңдестірілген дәйекті саясат ұстануы тиіс-тін. Өкінішке қарай, бұлай болмады.

…2014 жылдың ақпанында Украинадағы саяси дағдарыс елді азамат соғысы мен аумақтық бөлініс қатеріне әкелген аса өткір белесіне өтті… Билікке келген оппозицияның орыс тілінің өңірлік мәртебесін жою жөніндегі жедел шаралары, Украинаның блоктан тыс тұру мәртебесін алып тастауға шақырған үндеулер мен НАТО-ға ену үдерісінің басталуы осы елдегі Шығыс пен Батыс арасындағы түсінбеушілікті тек күшейте түсті. Қырымдағы референдумның қорытындылары, сондай-ақ, түбектің Ресей Федерациясына қосылғаны Киев тарапынан мойындалған жоқ. Мәскеудің барлық түсіндірмелері мен Косовода осыған ұқсас жай орын алғанына сілтеме жасауы есепке алынбады. Ресейге Батыстың Қырымды аннексиялады және елдің аумақтық тұтастығы туралы халықаралық құқық қағидаттарын бұзды деген айыбы қарша борай бастады. АҚШ пен Еуроодақ, Австралия, Жаңа Зеландия мен Канада активтерді тоқтатып тастауды және «қара тізімге» енгізілген адамдарға визалық шектеулер енгізуді, сондай-ақ, санкция салған елдердің компанияларына тізімге енгізілген адамдармен және ұйымдармен іскерлік қатынастар ұстануға тыйым салуды қарастыратын санкциялардың алғашқы пакетін іске қосты.

Оқиғалар, күшейе түскен дағдарыстан шығудың басқа жолдарын табуға әрекеттер болғанына қарамастан, жедел дамыды. Оның үстіне, болып жатқан оқиғалардан хабар таратқан ақпараттар ағынында, сондай-ақ, 2014 жылғы наурыздың 10-ы мен 14-і аралығында Қазақстан Президентінің АҚШ, Германия, Ұлыбритания және бірінші кезекте Ресей басшыларымен бірқатар телефон арқылы сөйлесулері болды деген хабар көрініс берді. Іс жүзінде, бұл Қазақстан басшысының осындай күрделі геосаяси мәселеде араағайындық күш-жігер танытқан алғашқы оқиғасы еді.

Осындай күрделі кезеңде қандай да бір тарап бастамашылықты өз қолына алуы тиіс еді, әйтпесе, жанжалдың әрі қарай ушыға түсетіні түсінікті болатын. Мұны біздің Мемлекетіміздің басшысы да түсінді және, менің пайымдауымша, қалыптасқан жағдайды жанжақты ойластыра бастады…

II. МИНСКІДЕГІ ТАМЫЗ КЕЗДЕСУІ: УКРАИНАНЫҢ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫСЫНДА АСҚЫНА ТҮСКЕН ДАҒДАРЫСТАҒЫ БЕТБҰРЫСТЫ СӘТ

...Соған қарамастан, сындарлы үнқатысуды жалғастырып, жанжалды бейбіт келіссөздер арнасына бұруға деген ұмтылыс сақталып қалды. Бұған, атап айтқанда, 2014 жылдың 29 шілдесінде Италия Республикасының Премьер-министрі Маттео Ренцидің Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа соққан телефон қоңырауы айғақ бола алады.

2014 жылдың 7 тамызында Ресей Президенті В.Путин өзінің Кеден одағы бойынша әріптестері – Қазақстан және Беларусь президенттерімен телефон арқылы сөйлесіп, оның барысында Ресей үкіметінің бірқатар Батыс тауарларына не себепті шектеу енгізгенін түсіндірді.

Оның үстіне, Қазақстан басшысы Н.Ә.Назарбаевпен әңгімеге орай, баспасөзде Украина президентінің қатысуымен жоғары деңгейде кездесу өткізу туралы ресми ұсыныс алғаш рет көрініс береді. Атап айтқанда, Ақорда сайты мынадай хабарлама жариялады: «Екі мемлекет басшысы Украинадағы дағдарысты жағдай, сондай-ақ, Украина президентімен түрлі пішімдерде, соның ішінде Кеден одағы мүшелері мен Украина кездесуі шеңберінде немесе ТМД мемлекеттері басшылары кеңесінің кезектен тыс мәжілісінде тікелей келіссөздер өткізу бойынша бірлескен ықтимал қадамдарға бару туралы пікір алмасты». Мұндай қадамдар қабылданды да.

…Жасыратыны жоқ, Еуропа тарапының қатысу мәселесі проблемалы болды. Дәлірек айтқанда, Брюссельдің Минскімен баршаға мәлім қарым-қатынасын ескергенде, Минскідегі кездесуге Еурокомиссия төрағасы Ж.М.Баррозудың қатысуы күмәнді көрінді. Онсыз Беларусь астанасына Украина Президенті де бармас еді.

Қазақстан Президентінің өзінің жұмысбастылығына және Алматы облысына барған өңірлік сапарына қарамастан, 2014 жылдың 19 тамызында Еуропалық комиссия төрағасы Ж.М.Баррозумен телефон арқылы сөйлескенін атап өту қажет. Осы әңгіме қорытындысында Еурокомиссия басшысы 2014 жылдың 26 тамызында Минскіде Кеден одағы, Украина және Еуропалық одақ елдерінің кездесуін өткізу туралы Қазақстан ұсынысына қолдау білдірді. Сонымен бірге, қажет болған жағдайда осындай кездесуді Астанада өткізу туралы уағдаластыққа қол жеткізілді. Осы әңгіменің Еуропа тарапының бастамасымен өтуінің өзі қызықты. Бұл еуропалықтардың соңғы сәтке дейін күмәнданғанын және осы жағдайда қалай жасау қажет деген мәселе бойынша Н.Ә.Назарбаевпен ақылдасқанын білдіреді…

Н.Ә.Назарбаев Ресей мен Украина президенттері В.Путин мен В.Порошенконың жеке кездесулерін – Порошенконың Украина мемлекетінің басшысы лауазымына сайлануы мен кірісуінен кейінгі олардың алғашқы екіжақты кездесулерін ұйымдастыру қажеттігіне айрықша маңыз берді. Қазақстан көшбасшысының бұл ниеті жүзеге асты да. Осылайша 2014 жылғы 26 тамыздағы Минск кездесуі тарихи оқиғаға айналды. Осыған дейін өзара тиімді шешім қабылдау мүмкін еместей көрініп келген мәселелер алғаш рет жоғары деңгейде ашық түрде талқылана бастады. Осындай жағдайларда Минскіде қол жеткізілген уағдаластықтар украин шыңдығының «шексіз проблемалар теңізіндегі құтқарушы шеңберіне» айналды…

III. МИНСК УАҒДАЛАСТЫҚТАРЫ НЕМЕСЕ АҚТАЛМАҒАН ҮМІТТЕР

Қыркүйектің соңғы онкүндігі мен қазанның басында, БАҚ-тардың хабарлауынша, оның ауық-ауық бітімді бұрмалаумен қоса-қабат жүргеніне қарамастан, дау-жанжал аймағында шынымен де саяси саябырлаушылық болып жатты…

Жоғарғы Радаға кезектен тыс сайлау өткеннен кейін тура бір аптадан соң, яғни 2014 жылдың 2 қарашасында өзін өзі жариялаған «Донецк және Луганск халық республикаларында» жергілікті сайлаулардың өтуі ахуалды одан бетер шиеленістіре түсті. Дауыс беру қорытындысы бойынша өзін өзі жариялаған ДХР басшысын сайлауда сайлаушылардың 50%-дан астам дауысын жинаған іс басындағы Премьер-министр А.Захарченко жеңіске жетті. Өзін өзі жариялаған ЛХР басшысын сайлауда 63,08% дауыс алған іс басындағы басшы И.Плотницкий жеңіске жетті. 2014 жылдың 4 қарашасында өзін өзі жариялаған «Донецк және Луганск халық республикаларының» жаңа сайланған басшыларының инаугурациялары өтті.

Батыс ДХР мен ЛХР-да өткен оқшауланған сайлауларды Минск уағдаластығын бұрмалау ретінде бағалай отырып, оларды тура мағынасында және топтасқан түрде айыптады. Оның сыртында Батыс РФ-ның ДХР мен ЛХР-дағы сайлауларды мойындаған шешімін де айыптады… Дау-жанжал өршу сатысына ауысты. Тиісінше, украин мәселесі іс жүзінде бүкіл халықаралық іс-шаралардың, оның ішінде, Қазақстан қатысатын іс-шаралардың күн тәртібіне енді. Біздің еліміздің теңдестірілген көпвекторлы сыртқы саяси бағыты Батыс пен Ресей арасындағы қатынастардың одан арғы перспективаларының белгісіздігі аясында жаңа сын-қатерлерге душар болды.

…2014 жылдың қазанымен салыстырғанда 2014 жылдың қарашасындағы жұмыс кестесінің тығыздығы еш жеңіл болмағанын атап көрсеткім келеді. Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанға ресми және жұмыс бабындағы сапарлары шеңберінде ҒФР СІМ-інің басшысы Ф.-В.Штайнмайермен, Швейцария Президенті және ЕҚЫҰ-ның Іс басындағы төрағасы Д.Буркхальтермен, Чехия Президенті М.Заманмен, РФ Федералдық Жиналысы Мемлекеттік Думасының Төрағасы С.Нарышкинмен өте мазмұнды әңгімелер өткізді. Бұл ай Өзбекстан Республикасының Президенті И.Каримовтің Астанаға ресми сапарымен аяқталды.

Бүтіндей алғанда, Мемлекет басшысы Швейцария Президентімен әңгімеде, осыған дейін Ф.-В.Штайнмайермен болған әңгімедегідей, украин мәселесін айтарлықтай егжей-тегжейлі талқылады. Оның сыртында неміс министрімен кездесуде айтылған украин дағдарысын реттеу жөніндегі іс-қимылдардың қадамдық жоспары туралы өз ойын жетілдіре отырып, Н.Ә.Назарбаев Д.Буркхальтермен әңгімеде келесі формуланы ұсынды деп ойлаймын: «Ресейдің айтқандарын, Украинаның айтқандарын, Еуропаның айтқандарын жайып сала отырып, бәтуалар іздестіруді бастау қажет».

IV. ҚАЗАҚСТАННЫҢ АРААҒАЙЫНДЫҚ РӨЛІ: ҚОЛДАУ МА, ҚАРСЫ БОЛУ МА?

…Шиеленіскен жағдайдан шығудың жолын ешкім білмеді. Қантөгісті тоқтату үшін келіссөздердің қажет екендігін барлығы да түсінді, бірақ онда не ұсыну қажеттігін ұқпады. Оның үстіне, біреудің бастамашылықты қолына алуы қажет болды. Өйткені, кикілжіңге тартылған тараптардың барлығы бір-бірімен сөйлеспеді немесе келіссөздер кезінде бірін-бірі «естігісі» келмеді.

Міне, нақ осы кезеңде Қазақстан Президентіне украин дағдарысын реттеуде араағайын – бейбіт келіссөздердің бастамашысы болу жөнінде өтініштер түсе бастады. Бұл жөнінде Миландағы «Азия – Еуропа» саммиті форумы аясындағы кездесулерде де айтылды, бұл жайында Ф.-В.Штайнмайер де, Д.Буркхальтер де сөз қозғады.

…Мемлекет басшысы әңгімелесу барысында, француз президентін украиндық дағдарысты реттеу жолдарының ресейлік көзқарасымен де таныстырды. Олар Франциядан келген мейманды өте қызықтырды. Тіпті, олар Ф.Олландты Ресей Президенті В.Путинмен неғұрлым белсенді сұхбат құруды бастауға түбегейлі иландырды деуге де болады.

Бұл тұрғыдан қарағанда, Ф.Олландтың Астанада Нұрсұлтан Назарбаевпен бірлескен баспасөз мәслихатында жасаған мәлімдемесі қызықты бола түседі: «Ең алдымен сөзбен сайысуды азайтуға қол жеткізу қажет. Содан кейін сөз сайысты азайту Украина аумағындағы нақты іс-қимылдарға ауысуы керек... Біз сапарларды, тетіктерді, үнқатысу алаңдарын шиеленісті төмендетуге қол жеткізу үшін пайдалануға келістік. Мұның өзі Украинаның аумақтық тұтастығын сақтауға, Украинаның шығыс өңірлеріне белгілі бір автономиялық сипат беруді кепілдіруге, украиндық экономика осы қиын жағдайдан шыға бастайтындай жағдайға қол жеткізуге және сонымен бірге, атысты тоқтату туралы келісімді сақтауға мүмкіндік берген болар еді».

…Н.Ә.Назарбаев Ф.Олландты В.Путинмен сөйлесіп үлгергендігі және Франция Президентін қабылдауға әзір екендігі туралы хабарландырды. Оның үстіне біздің Мемлекетіміздің басшысы франциялық мейманды Мәскеудегі кездесудің қажеттігіне түбегейлі иландырды. Өйткені, мұның өзі Еуропа- Ресей үнқатысуын қайта қалпына келтіру үшін және Украина дағдарысын реттеуді ілгерілету үшін маңызды еді.

Франция мен Ресей президенттері 2014 жылдың 6 желтоқсанында Мәскеу уақыты бойынша 16.30-да Внуково әуежайында кездесті. Украинадан Таяу Шығысқа дейінгі, «Мистральдарды» жеткізуден бастап Еуропа мен Ресей арасындағы тайталасуларды тоқтатуға дейінгі проблемалардың кең ауқымы бойынша әңгіме қозғалды.

Мемлекет басшысының мұндағы негізгі ойлағаны П.Порошенкомен және В.Путинмен жеке-жеке кездесіп, олармен Украина дағдарысын ретке келтірудің мүмкін жолдарын талқылау және оларға жанжалды шешудің мәмілеге келу тетіктерін, соның ішінде француз көзқарасын есепке алған тетіктерді ұсыну болатын. 2014 жылдың 19 желтоқсанында Қазақстан және Украина президенттері телефонмен сөйлесті, Украина басшысы Н.Ә.Назарбаевты Украинаға сапармен келуге тағы да шақырды.

Сөйтіп, ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің кезекті отырыстары өтетін Мәскеуге бара жатып, 22 желтоқсанда Украинаға сапар жасады. Украина Президенті П.Порошенкомен және елдің Премьер-министрі А.Яценюкпен келіссөздері болып өтті.

Осы кездесуден кейін бүкіл қазақстандық делегация бірден Киев әуежайына бағыт ұстады, ол жерден біз Мәскеуге ұшып шықтық. Ол күннің кестесі барынша тығыз болды және аяқталып та үлгермеді. Мәскеуге келісімен біз орналаса салысымен Кремльге баруға тиісті болдық. Мұнда Ресей Президенті В.Путинмен екіжақты кездесу тосып тұр еді. Бұл кездесуде Қазақстан басшысы өзінің ресейлік әріптесіне Ф.Олланд пен П.Порошенконың ұстанымдарын есепке ала отырып, украин дағдарысын реттеу жөніндегі жүзеге асуы ықтимал жоспарын ұсынуды көздеген еді. Осыған байланысты Н.Ә.Назарбаев ұшақ ішінде Киевте болып өткен келіссөздерді қайта бір ой елегінен өткізіп, «норманд пішіміне» қатысушылар жанжалды шешудің бейбіт үдерісін іске қосу үшін өзара қолайлы шешімдерді қабылдауына мүмкіндік беретіндей ұсыныстарды өз қолымен қағазға түсірді.

Басқа сөзбен айтқанда, В.Путинмен кездесу алдында Қазақстан Президенті «норманд пішіміне» қатысушы барлық тараптардың дерлік (Германияны қоспағанда Ресей, Франция және Украина тараптары) ұстанымдарының жалпы сұлбасын қалыптастырып үлгерді.

Бірақ Мемлекет басшысының Киев пен Мәскеуге сапарларының ең басты жетістігі мыналар болды: П.Порошенко да, В.Путин де «норманд пішімінде» кездесуге және барлық реттелмеген мәселелерді талқылауға; олар бойынша ұстанымдар дәл келген жағдайда, мұны қорытынды құжатта белгілеуге; ал қағидатты айырмашылықтар сақталып қалған жағдайда үнқатысуды одан әрі жалғастыруға және қажетіне орай олардың келісу жөнінде «жол картасын» әзірлеуге дайын екендіктерін білдірді. Кез келген жағдайдың өзінде СІМ-дер басшылары жоғары деңгейдегі кездесулердің қорытынды құжатының жобасын дайындауға, мүмкіндігінше оларды келісуге, ал қалғандарын мемлекет басшыларының талқылауына енгізуге тиіс болды.

«Норманд төрттігінің» саммитін өткізу үшін неғұрлым қолайлы орын ретінде Астана қаласы ұсынылды. Қазақстан Президенті үнқатысу үшін кез келген қолайлы уақытта алаң ұсынуға дайын екенін білдірді. Оның үстіне В.Путинмен кездесуде «норманд төрттігі» елдері басшылары кездесуінің мүмкін болатын күні ретінде 2015 жылдың 15-16 қаңтары ұсынылды. Осы мерзімді келісу жөнінде жұмыс басталды...

V. «НОРМАНД ПІШІМІНДЕГІ» КЕЗДЕСУ: НЕЛІКТЕН АСТАНА ЕМЕС?

Тайталасушы тараптар «норманд пішіміндегі» бейбіт келіссөздер басталуының қарсаңында 2014 жылдың 19 қыркүйегіндегі Минск меморандумында белгіленген шектеу желісімен шектеліп қана қалмай, қосымша аумақтарға өз ықпалдарын тарата отырып, тактикалық артықшылыққа қол жеткізуге ұмтылды. Міне, осындай жағдайда, 2015 жылдың қаңтары мен ақпанын тұтастай алғанда, жанжал аймағындағы атысты тоқтатуға және дағдарысты реттеудің бейбіт үдерісін бастауға бағытталған «норманд төрттігі» елдері басшыларының кездесуін ұйымдастыру жөніндегі келіссөздер де тоқталып қалмай жүріп жатты.

Бірақ Назарбаев пен Меркельдің кездесуінде бір-біріне жағымды әсер қалдыру негізінде екі көшбасшы да әңгімелесуге бейім екендіктерін, бірін бірі айтпай-ақ ұғып отырғандықтарын көрдім. Екеуіне де Украина жанжалын тек қана бейбіт жолдармен ретке келтіруге қол жеткізуге деген шынайы ниет дем беріп отырды. Екі мемлекет көшбасшылары іске қосылған барлық тараптардың Минск келісімдерін бұлжытпай жүзеге асырудың қажеттігін, мұның тез арада бейбіт шешуге және сенімді нығайтуға ықпал ететіндігін атап көрсетті. Олар дағдарыстан шығу жөніндегі шешімдерді бірлесе тынымсыз іздестіруді бастады.

А.Меркельдің Қазақстан басшысынан «норманд төрттігі» елдері жетекшілерінің кездесуін нақ Астанада өткізудің қаншалықты қағидатты екендігін ашық сұрауы да қызықты болды. Бұған Қазақстан Президенті де соншалықты қағидатты емес екендігін айтып, шынайы жауап берді. Шын мәнісінде, қантөгісті, әсіресе, бейбіт тұрғындар, әйелдер мен балалар арасындағы қазаға ұшырауды тоқтату үшін бұл кездесуді өткізудің орны емес, оның өтуі анағұрлым маңызды еді...

Минскіде 11 ақпан күні кешке Ресей Президенті В.Путин, Германия Канцлері А.Меркель, Франция Президенті Ф.Олланд және Украина Президенті П.Порошенко «норманд пішімі» бойынша жұмысты бастады. Келіссөздер 16 сағатқа жуық уақытқа созылды. РФ, ҒФР, Франция және Украина көшбасшылары қалыптасқан ахуалды реттеу жөнінде түні бойы кеңесті. Соңғы сағаттарда оларға ЕҚЫҰ төрағасының Байланыс тобындағы арнайы өкілі Х.Тальявини қосылды. Кездесу келесі күні – 12 ақпанда таңертең аяқталды.

Солкүні, 12 ақпанда А.Лукашенко бұл кездесудің ұйытқысы нақ Қазақстан болғандығына құрметтің белгісі ретінде, біздің еліміздің Президентіне телефон шалып, оған «норманд пішімінде» Минскіде өткен келіссөздердің қорытындысы жөнінде хабарлады. Н.Ә.Назарбаев хабар бергені үшін алғысын айтып, оны кездесуді тамаша өткізуді ұйымдастырғанымен, сонымен бірге, келіссөздердің ойдағыдай аяқталуымен құттықтады.

Алайда тағы бір есте қаларлық мәселе, келесі күні – 13 ақпанда ҒФР Канцлері А.Меркельдің қоңырау шалуы болып табылды…

Сонымен бірге, бұл әңгіменің барлық бүге-шігесі жұртшылыққа мәлім емес. Менің ойымша, А.Меркельдің әңгіменің басындағы жақын сенімді қарым-қатынасты ескере келіп, «норманд пішіміндегі» саммитті неліктен Астанада емес, Минскіде өткізу жөнінде шешім қабылданғандығына түсінік бергендігін білу оқырмандар үшін қызықты болуға тиіс.

2015 жылғы 14 ақпанда Мемлекет басшысына Ресей Президенті В.Путин және Украина Президенті П.Порошенко қоңырау шалды. Телефон арқылы әңгімелер туралы бұл хабарламалардан белгілі болғанындай, Қазақстан Президенті «норманд төрттігінің» кездесулері болып өткендігімен ғана қанағаттанып қалған жоқ. Мемлекет басшысы «норманд төрттігі» елдеріндегі өзінің әріптестерімен жұмысты жалғастыра отырып, олардың Минск келісімін одан әрі бұлжытпай жүзеге асыруына қозғау салды.

Оңтүстік-шығыс Украинадағы жанжал – Украина халқының үлкен трагедиясы. Бұл дағдарыс адам өмірінің құны жойылған шектен асып кетеді деп ешкім ойлаған жоқ. БҰҰ деректері бойынша, жанжал аймағында 6 мыңнан астам адам қаза тапты, ондаған мың адам жараланды, 1,5 миллионнан астам бейбіт тұрғын босқынға айналды.

Қазақстан да Украинада болып жатқан оқиғаларға қатты алаңдайды. Мемлекет басшысының жеке өзі үшін де Украина тіпті де бөтен ел емес. Біз Н.Ә.Назарбаевтың жастық шағы Украинада өткендігін және ол жақта оның достары мен таныстары қалғандығын жақсы білеміз.

Қазақстан Президенті Украинаның оңтүстік-шығысындағы жанжалды бейбіт жолмен шешуден басқа балама жоқ екендігін бірнеше рет мәлімдеді. Біздің еліміз Украина дағдарысын тек қана бейбіт жолмен шешу жөніндегі ортақ жұмысқа белсенді түрде қатысуды жалғастыратын болады. 2015 жылғы 12 ақпандағы Минск уағдаластығын жүзеге асыруды тоқтатуға болмайды. Бұл дағдарыстың бейбіт жолмен шешілуі барлығына да жеңілдік әкеледі.

ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

Бүгінде Украина дағдарысының шешіміне қажетті кілтті неліктен нақ Астанадан іздейді? Неліктен халықаралық күн тәртібіндегі ең күрделі проблемаларды шешу үшін нақ Нұрсұлтан Әбішұлына жүгінеді? Өйткені, Қазақстан Президенті саяси салиқалы тұлға және әлемдік ауқымдағы беделді саясаткер ретінде көптен танымал. Ол Шығыспен де, Батыспен де бірдей еркін сөйлесе алады, оның бітімгер және «адал саяси менеджер» ретіндегі танылған беделі ешқандай күдік келтірмейді. Оның байсалды үніне әлемдік саясатшылар әрқашан мұқият құлақ түреді. Оны бағалайды. Оған сенеді.

АЖАРЫ АШЫҚ АСТАНА

Тұрғын үй – өмір сапасының айнасы

Сәні мен салтанаты жарасқан Астана күннен-күнге көркейіп, сәулет өнерінің қайталанбас қазақстандық үлгілерін бар әлемге паш етуде. Қазір Астанада құрылыс саласының барлық құрылымын қамтитын еліміздің жаңа құрылыс кластері қалыптасты. Елордада тұрғын үй қоры бұрын-соңды болмаған қарқынмен өсуде. Соңғы жылдары Астанада жылына 1 миллион 300 мың шаршы метрге жуық тұрғын үй пайдалануға беріліп келеді. Азаматтарды қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз етуде Астана қаласында кең өріс алған пәтерлерді мемлекеттік жалға беру үрдісі де астаналықтардың тұрмыс жағдайын жақсартудың ұтымды тетігі болып табылады. Осыған байланысты астаналықтарға мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорынан пәтер беру, тұрғын үй құрылысын дамытудың мемлекеттік және салалық бағдарламаларын орындау мәселелерін білу мақсатында «Астана қаласының Тұрғын үй басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Руслан АХМЕТОВТІ әңгімеге тартқан едік.

– Руслан Аманжолұлы, адамның тұрмыс деңгейінің сапасын айқындайтын негізгі жетістіктердің бірі – қолайлы баспана екені белгілі. Адам өміріне ерекше әсер ететін осы бір маңызды мәселенің жауапкершілігі зор саласы өздеріңізге тапсырылған екен. Жалпы, «Астана қаласының Тұрғын үй басқармасы» ММ-нің (басқарма) міндеттері мен атқарып отырған жұмысына қысқаша тоқталып өтсеңіз.

– Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев «Азаматтардың өмір сапасының озық көрсеткіші – тұрғын үй жайлылығының деңгейі» деп атап көрсеткен болатын. Осыған орай, еліміздің бас қаласында азаматтардың тұрғын үй жағдайларын жақсартуға, апатты және ескірген үйлердің орнына қолайлы жаңа пәтерлер салу мәселесіне ерекше басымдық берілген. Елорданың қарқынды дамуы қаламызда өскелең талапқа сай тұрғын үй рыногын қалыптастыруға мүмкіндік берді. Баспана мәселесі адам өміріне ерекше ықпалы бар тұрмыстық ахуал екені белгілі. Осыған байланысты біздің басқарма өзіне жүктелген міндет жүгінің қаншалықты жауапты екендігін жете сезіне отырып, сапалы жұмыс атқаруға күш салады.

«Астана қаласының Тұрғын үй басқармасы» мемлекеттік мекемесі – жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, жергілікті мемлекеттік басқарудың, яғни мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорынан пәтерлер беру, мемлекеттік қажеттілік үшін жылжымайтын мүлік объектілерін бұзу, сондай-ақ, апатты және ескірген үйлерді бұзу жөніндегі жекелеген қызметтерді іске асыратын қала әкімдігінің уәкілетті атқарушы органы болып табылады. Басқарма өзінің ережесіне сәйкес коммуналдық тұрғын үй қорынан белгіленген кезек бойынша азаматтарға пәтерлер беруді қамтамасыз етеді. Сонымен бірге, өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы аясында «Қазақстан Тұрғын үй құрылысы жинақ банкі» АҚ желісі бойынша тұрғын үй», «Қазақстан Ипотекалық компаниясы» ипотекалық ұйымы» АҚ тұрғын үйі», «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ желісі бойынша тұрғын үй» бағыттары жөнінен коммуналдық тұрғын үй қорынан пәтерге мұқтаж азаматтардың есебінде тұрғандардан пәтер кезегіне тұру үшін құжаттар қабылдауды жүзеге асырамыз.

– Басқарманың негізгі міндеттерінің бірі коммуналдық тұрғын үй қорынан әртүрлі бағдарламалар бойынша азаматтарға пәтер беру болып табылады. Осы жауапты міндетті қалай жүзеге асырып келесіздер?

– Пайдалануға берілген кезекті тұрғын үйден кезек бойынша пәтерлер бөлу жергілікті атқарушы орган арқылы жүзеге асырылады. Бұл мәселеге байланысты мынандай маңызды іс-шаралар жүзеге асырылады: алдымен тұрғын үй комиссиясы құрылады, бағдарламаларға қатысу үшін өтініштерді қабылдау пункттері орналасатын орындар анықталады, оларды материалдық-техникалық жарақтандыру, тұрғындар арасында кең көлемдегі ақпараттық түсінік жұмыстарын жүргізу қамтамасыз етіледі. БАҚ-тарда және интернет ресурстарда бағдарламаларды іске асыру бағыты, пәтерлерді сатудың шарттары, азаматтар санаты, құжаттарды қабылдаудың басталуы және аяқталуы туралы хабарландырулар жарияланып тұрады. Пәтерлер санына сәйкес іріктеуден өткен бағдарламаға қатысушылардың алдын ала тізімі қалыптастырылады. Бағдарлама бағыттарына байланысты жалға беру шарттарын немесе сатып алу шарттарын жасау бойынша, басқа да маңызды міндеттер жүзеге асырылады.

Айта кететін болсақ, бүгінгі күнге дейін елорда бойынша коммуналдық тұрғын үй қорынан пәтер алуға мұқтаждар кезегінде 37 688 адам тіркеуде тұр. Бұл ретте пайдалануға берілген тұрғын үйлерден пәтерлер беру мәселесі тек кезек реті келгенде ғана жүзеге асатындығын, пәтерге мұқтаждар тізімінде тұрған азаматтардың құқықтары тең екендігін ерекше атап көрсету керек.

– Қазір мұқтаж азаматтарды пәтерлермен қамтамасыз ету қандай бағдарламалар бойынша жүзеге асырылып келеді?

– Елімізде баспанаға мұқтаж тұрғындардың неғұрлым басым көпшілігін баспанамен қамтамасыз ету мақсатында Үкіметіміз 2014 жылы Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасын қабылдады. Елбасының «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» Жолдауынан туындаған міндеттерге байланысты аталмыш бағдарлама одан әрі кеңейтілді. Осы бағдарлама аясында Астана қаласы бойынша, 2014 жылы мемлекеттік тұрғын үй қорынан 927 пәтер бөлінсе, 2015 жылдың өткен бес ай ішінде астаналықтардың тұрғын үй жағдайларын жақсарту мақсатында 590 пәтер бөлінді. Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі бағыты бойынша осы пәтерлердің ішінде 1218 пәтер сатылды.

2014 жылы Астана қаласында алғаш рет жас отбасылардың пәтер алу мүмкіндігін жақсарту үшін алдағы уақытта сатып алуға құқығы бар пәтерлерді жалға беру үшін құжаттар қабылдау жүзеге асырылды. Өтініш білдірген 5439 азаматтардың ішінен 672 жас отбасы таңдап алынып, олардың төлем қабілеті анықталды. Қазіргі таңда, қала әкімдігі жанындағы тұрғын үй комиссиясы осы іріктеліп алынған азаматтардың ішінен 200 жас отбасыға пәтер кілтін табыс етті.

Сонымен бірге, «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ бағыты бойынша тұрғын үй» бағдарламасы шеңберінде 2014 жылы 4383 өтініш білдіруші азаматтардың ішінен пәтерлерді жалға алуға 678 үміткер іріктеліп алынды. Үстіміздегі жылдың сәуір айында өткен тұрғын үй комиссиясының отырысында алдағы уақытта меншікке алу құқығы бар жалға берілетін пәтерлерге өтініш білдірген азаматтардың бұл тізімі бекітілді. Қазіргі уақытта іріктеліп алынған азаматтардың төлеу қабілеті анықталуда.

Үстіміздегі жылы тұрғындарды пәтермен қамтудың тағы бір бағыты – «Қазақстан Ипотекалық компаниясы» ипотекалық ұйымы» АҚ бағыты бойынша тұрғын үй» бағдарламасы жүзеге асырыла бастады. Осы бағдарлама бойынша 2015 жылдың 1-тоқсанында елордада 86 пәтерлерді бөлу белгіленді. Сөйтіп, «Қазақстан Ипотекалық компаниясы» ипотекалық ұйымы» АҚ бағыты бойынша тұрғын үй» бағдарламасы негізінде биылғы жылдың 23 ақпанынан 1 наурызына дейін үміткерлерден өтініш қабылдау науқаны жүргізілді. Осы мерзім ішінде бұл бағдарлама бойынша пәтер алуға ниет білдірген 2707 өтініш келіп түсті. Сонымен бірге, биылғы жылдың 25-29 мамыр аралығында қалалық әкімдік осы бағдарлама шеңберінде тағы да қосымша 52 пәтерге құжат қабылдау шарасын өткізді. Қазіргі уақытта бұл пәтерлерді алуға үміткерлердің төлем қабілеті тексерілуде. 2015 жылдың аяғына дейін осы бағдарлама негізінде қосымша 161 пәтер сатылады деп күтілуде.

Осы орайда ерекше атап өтетін бір мәселе, жоғарыда айтылған барлық бағдарламалар бойынша үміткерлерден құжат қабылдау тек қана электрондық портал арқылы өтініш білдірушінің электрондық сандық қол қою үлгісін пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Бүгінгі таңда, Республикамыз бойынша құжаттарды электрондық әдіспен қабылдау тек Астана қаласында ғана жүзеге асырылады. Бұл ретте «электрондық әкімдік» e-astana.kz жүйесі кеңінен қолданылады. Азаматтар осы платформа бойынша өзі қалаған бағдарламаға өтініш береді және сол өтінішінің қозғалысын үнемі қадағалап отырады.

– Руслан Аманжолұлы, 2008-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның орындалуы қалай? Бұл бағдарлама толығымен қашан аяқталады?

– 2008-2010 жылдардағы Мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасы екінші кезегінің аясында пәтер беру тәртібі жиналған баллға сәйкес жүзеге асырылады. Яғни, көп балл жинағандар бірінші кезекте, одан кейінгілер балл санына қарай, рет-ретімен пәтер алу кезегіне қойылады. Мердігерлер тарапынан жіберілген келеңсіздіктер салдарынан бағдарламаны толық іс жүзіне асыру мәселесі кешеуілдеп қалды. Бірақ, бұл Мемлекеттік бағдарлама бойынша тұрғын үй комиссиясының оң бағасын алған азаматтар жинаған балл санына сәйкес барлығы да пәтермен қамтамасыз етіледі. Қазіргі күнге дейін тұрғын үй комиссиясының оң бағасын алған бағдарламаға қатысушы 1980 азамат пәтермен қамтамасыз етілмей отыр. Биылғы жылдың соңына дейін бұл азаматтардың барлығы тұрғын үй комиссиясының шешіміне сәйкес тиісті пәтерлермен қамтамасыз етілетін болады.

– Апатты және ескірген үйлерді бұзу және сол үйлердің тұрғындарын пәтермен қамтамасыз ету жағдайы қалай?

– Жоғарыда атап өткеніміздей, ел Үкіметінің қаулысымен Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы бекітілді. Оның мақсаты халқымыз үшін қолайлы пәтерлерге қолжетімділікті одан әрі қамтамасыз ететін тұрғын үй құрылысын дамытудың проблемаларын кешенді шешу болып табылады. Бағдарламаның басым бағыттарының бірі – апатты үйлерде тұратын азаматтардың тұрғын үй жағдайын жақсарту. Осыған байланысты, Астана қаласының әкімдігі елімізде алғаш рет апатты тұрғын үйлерді бұзып, онда тұратын азаматтарды жаңа қолайлы пәтерлерге көшіру жөніндегі қанатқақты жобаны жүзеге асыра бастады.

Аталмыш жоба бойынша, елордада 2017 жылдың соңына дейін 228 апатты көпқабатты үйлерді бұзу жоспарланды. Яғни, елорданың 3500 отбасы жаңа қолайлы пәтерлерде тұру мүмкіндігіне ие болмақ. Қанатқақты жоба бойынша 2013 жылы Астанадағы 11 көпқабатты апатты тұрғын үйде тұратын 176 отбасы жайлы пәтерлерге көшірілді. Үстіміздегі жылы 114 апатты үйде тұратын 1552 отбасы жаңа пәтерлерде қоныс тойын тойлайтын болады. Қаладағы қалған 103 ескірген және апатты үйлер 2017 жылдың соңына дейін толық жойылып, бұл үйлерде тұратын отбасылар жаңа да жайлы пәтерлерге көшіріледі.

– Ұжымдарыңыз атқарып жатқан жұмыс ауқымды екен. Мұндай жауапты да үлкен жұмыс білікті мамандарды қажет ететіндігі белгілі. Осы ретте не айтар едіңіз?

– Иә, біздің басқарманың мамандары негізінен бұқара халықпен жұмыс істейді. Тұрғындардың өтінішін қабылдау, белгіленген тәртіпке сәйкес азаматтарды пәтер кезегіне қою мәселесі үлкен біліктілікті, байсалдылық пен төзімділікті қажет ететін міндет. Бұл орайда, ұжымымызда ұзақ жылдар бойы мол тәжірибе жинақтаған іскер мамандар баршылық. Мәселен, «Астана қаласының Тұрғын үй басқармасы» ММ-нің бөлім бастығы Ғалия Есмағанбетова туралы ерекше атап айтуға болады. Білікті маман сонау 1999 жылы Астана қаласы тұрғын үй департаментіне қызметке қабылданып, содан бері жемісті еңбек етіп келеді. Осы жылдар ішінде ол мол тәжірибе жинақтаумен қатар, ұжымдағы жас кадрларды баулу мәселесінде де ерекше белсенділік танытуда. Сол сияқты, мемлекеттік тұрғын үй қорын пайдалану жөніндегі бөлімнің бас маманы Насима Кравчинская, пәтерлер беру үшін азаматтарды есепке алу бөлімінің бас маманы Салтанат Айтмағанбетованың еңбегі де ерекше. Олар мекемеге келетін көпшілікті қабылдап, әркімнің өтінішіне сәйкес мәселелерін шешумен қатар, ұжымның халық алдындағы беделін көтеру мақсатында да кешенді жұмыстар тындыруда.

– Әңгімеңізге рахмет. Тұрғындардың талап-тілегіне сәйкес атқарып жатқан жауапкершілігі зор жұмыстарыңызға сәттілік тілейміз.

Әңгімелескен Жылқыбай ЖАҒЫПАРҰЛЫ, «Егемен Қазақстан».

Рухың биік, абат қалам!

Астананың қазіргі күн санап биіктей түскен еңсесінен тәуелсіздігіміздің тегеурінін, еліміздің елдік қасиетін, жасампаздықтың жаңғырығын айқын байқағандайсың. Ерке Есілдің жағасында жаңаша сәулеттік нақышпен бой түзеп жатқан әсем қаланың сұлу бейнесі алыстан көз тартып, көңіл баурайды. Сондықтан, оның ертеңіне де барлық қазақстандықтар үлкен үмітпен қарап, бүкіл әлем қызыға көз тігуде.

Елдің елдігін, мемлекеттің мәртебесін айқындайтын құндылықтар мен ұстанымдар тарих толқынында шыңдалып, уақытқа төтеп беретін дәрежеге жетті. Осы орайда, баға жетпес құндылығымыздың бірі – еліміздің Астанасы. Астана – халқымыздың аялы алақаны мен ыстық мейірімімен тұрғызылған аяулы қала. Астана – Қазақстан халқының орындалған үміті мен арманының көрінісі.

Мен де елімнің жүрегі, Елбасының тілегі, туған жердің тірегі болған әсем Астанаға деген сүйіспеншілігімді жүрекжарды сөзбен жеткізгім келеді. Мен Астанаммен мақтанамын, оған баруға асығамын. Болашақ елімнің жанданып, жаһандануына менің де үлесім болса деймін. Мереке қарсаңында баршаңызды «Астана күнімен» құттықтаймын!

Еліміздің аруысың – Астана!
Биік, көркем үйлерің бар,
жас қала.
Халқымыздың бейбітшілік
әлемі,
Ару қала, арман қала, бас қала!
Көркейесің күннен-күнге,
Астана!
Зәулім үйлер бой көтерген
аспанға,
Даңқың өсіп, таныла бер әлемге,
Рухың биік, абат қалам, Астана!

Альмира ОРАЗБАЙ, Шиелі кенті орта мектебінің түлегі.

Қызылорда облысы.

Цирк өнерінің халықаралық байқауы

Цирк – сахналық өнердің өте ертеден келе жатқан түрі. Цирк өнері асқан ептілік пен күштілікке негізделген пантомималық ойын-сауықтар мен клоунның күлкілі әзіл-әжуаларынан, ойын-сауығы алуан түрлі трюктер мен эксцентрикаға негізделген нөмірлерден тұрады. Оған соңғы жылдары Астана қаласында дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан «Азия жаңғырығы» атты цирк өнерінің халықаралық фестивалі айғақ.

Биыл да Қала күнін мерекелеу аясында Астаналық цирк елорда әкімдігінің қолдауымен 1-8 шілде аралығында жыл сайынғы «Азия жаңғырығы» атты цирк өнерінің дәстүрлі VIII фестивалін өткізеді. Бір апта бойы жалғасатын бұл мерекелік шара бағдарламасында Қазақстан, Беларусь, Испания, Куба, Латвия, Ресей, Қытай, Қырғызстан, Өзбекстан және Украина мен еліміздің ең танымал цирк жұлдыздары өнер көрсетпек. Сондай-ақ, аталмыш бағдарламада цирк өнерінің барлық жанрлары толық қамтылған. Бұл туралы Астана циркінің директоры Ерік Жолжақсынов алыс-жақын шетелдерден келген цирк майталмандарымен болған басқосуда кеңінен тоқталып өтті.

Оның айтуынша, бұл жолы көрермендер цирктің ең үздік көріністерін тамашалайтын болады. Олардың арасында: Африка аруастандары, әуе гимнасттарының бас айналдырар қойылымдары мен клоундардың шоулары бар. Сондай-ақ, фестивальде астаналықтар мен қала қонақтары үшін тек қана жаңа қойылымдар жұртшылық назарына ұсынылмақ.

Ең қызығы әрі мерекелік шараның ең айтулы оқиғасы – «Кавалькада» атты үрмелі оркестрдің сүйемелдеуімен өтетін фестиваль қатысушыларының Астана көшелеріндегі мерекелік шеруі болмақ. Айта кетейік, шеру 3 шілде күні сағат 20:00-де елорда көшелерімен салтанатты сап құрып өтеді.

Раушан ТӘУІРХАНҚЫЗЫ, журналист.

Бетті әзірлеген Жылқыбай ЖАҒЫПАРҰЛЫ, «Егемен Қазақстан».

● *Мемлекет мерейі*

Әлемдік деңгейдегі саясаткер, Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың салиқалы саясатымен Қазақстан санаулы жылдар ішінде бүкіл әлем санасатын беделді, болашағы зор, дамыған 50 елдің қатарынан абыроймен көрінді. Қазіргі кезде «Нұрлы Жол» бағдарламасын басшылыққа алған еліміз өркениетті 30 елдің санатына ену жолында. Егемен еліміз өткенінен сабақ алып, бүгінгі беталысын саралап, ертеңгі бағыт-бағдарын нақты стратегиялық бағдарламалармен айқындауда.

Халқымызды кемел келешекке бастап, ел қамын ойлаған Елбасы өзінің ғаламдық деңгейдегі көшбасшылық қасиеттерімен жалпыұлттық экономиканың, оның ішінде ауыл шаруашылығының әлемдік деңгейде дамуына ықпал жасауда. Соның айқын дәлелі ретінде, жақында ғана Мемлекет басшысының тікелей ықпалымен Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына толық мүше болуын айрықша атап өтуге болады.



Қазақстанның тағы бір қадамы

Дүниежүзілік сауда ұйымының елімізге берері мол

Тілектес ЕСПОЛОВ,
Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры,
ҚР ҰҒА вице-президенті, академик.

Мемлекетіміздің тұрақтылығын айқындайтын жаһандық сипаттағы негізгі мәселелердің бірі – азық-түлік қауіпсіздігі. Халықаралық азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (FAO) ақпараты бойынша қазіргі кезде дүние жүзінің 1 млрд.-қа жуық халқы, яғни әрбір жетінші адам азық-түлік тапшылығы салдарынан аштықтың зардабын тартуда. Әлем бойынша өндірілген азық-түліктің 30-40 пайызы өнім сапасының төмендігінен, стандарт талаптарына сай болмауынан тұтынушыға жетпейді. Ғалымдардың зерттеу нәтижелеріне жүгінсек, 2050 жылы дүние жүзіндегі халықтың саны 9 миллиардқа жетеді. Демек, Жер шары халқын сапалы азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесі тіпті күрделене түспек. Бұл ретте басты салмақ ауыл шаруашылығына түсетіні сөзсіз. Осы орайда, Қазақстан аграрлы мемлекет болғандықтан, аталған проблемаларды шешуде өзінің тың инновациялық бағыттарын ұсына алады. Бүгінгі күні әлемдегі халық санының өсуі мен тұтынушылық қабілеттің жоғарылауына байланысты елімізде өңделген ауылшаруашылық өнімнің көлемін 70 пайызға арттыра отырып, халықаралық нарыққа шығудың жаңа мүмкіндіктеріне қол жеткізудеміз.

Мемлекет басшысы атап өткендей, Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше болу біздің экономикамызды жаңа көкжиектерге бастайтыны анық. Жаңа өндірістер мен жұмыс орындарын ашуға мүмкіндіктер туады. Кәсіпорындардың шетел нарықтарына шығуы қамтамасыз етіліп, тұтынушылардың тауарлар мен қызметтердің кең ауқымына таңдау жасауына жол ашылады.

Бүгінде сауда-саттықтың 90 пайызы Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше елдерге тиесілі. Қазақстанның ДСҰ-ға енуі сауданың жалпы қабылданған, өркениетті ережелерін сақтауды талап етеді. Сондықтан, аталған ұйымға мүше болған басқа мемлекеттер сияқты, қандай да бір қарама-қайшылықтар мен келіспеушіліктер орын алған жағдайда, Қазақстан осы ұйымның ережелері мен қағидаттарын басшылыққа ала отырып, өз мүддесін шеше алады. Ал Қазақстан үшін бұл ұйымға мүше болудың басты артықшылығы – шет мемлекеттерден инвестиция тартуға үлкен мүмкіндіктердің туындайтыны. Қазіргі кезде шет мемлекеттерден елімізге тартылған инвестицияның жалпы көлемі 1 035,9 млрд. теңгеден асады.

Президент сенім артқандай, ДСҰ-ға ену әлемдік экономика интеграциясына, дүниежүзінің жетекші 30 елі қатарына енуге және «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын орындауға барынша жағдай туғызады. Бүгінде Қазақстанның алдында ұлттық экономиканың мультипликативті тиімділігін арттыратын салаларды қарқынмен дамытуды жалғастыру міндеттері тұр. Ауыл шаруашылығы дәл осы міндеттерді іске асыру бойынша зор әлеуетке ие. Жер көлемі бойынша әлемде тоғызыншы орында тұрған Қазақстанның ауыл шаруашылығы өнімдерін еселеп ұлғайтудағы мүмкіндіктері мен ДСҰ талаптарын ескере отырып, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы зерттеулерге аса көңіл бөлінуі қажет.

Мемлекет басшысы 100 қадаммен атап көрсеткен Ұлт жоспарында экономиканың аграрлық секторын жаңартуға үлкен көңіл бөлінгенін ерекше атағанымыз жөн. Президенттік бағдарламаның 35-ші қадамында ауыл шаруашылығы жерлерін тиімді пайдаланудың жолы оны нарықтық айналымға енгізу екендігі айтылады. Президент өзінің бес институттық реформасында аграрлық саланы дамытудың басымдықтарына тоқтала келе, басты мәселелердің бірі ретінде жер пайдалану мәселесіне ерекше назар аударған болатын. Бүгінде Қазақстан әлемдік жер ресурстарының 4 пайызын құрайтын көлемі 220 млн. гектар ауыл шаруашылығына пайдалы жерді иеленсе де, соның 9 млн. гектар мемлекеттік қорға жататын жайылымдық мақсаттағы құнарлы жері мүлдем пайдаланылмай отыр. Жердің 8 пайызға жуығы өндірістік қалдықтармен ластанып және т.б. себептермен ауыл шаруашылығына қолдану айналымынан шығып қалған.

Терең толғандыратын басты мәселелердің бірі, егістіктерде суару жүйелері тиімділігінің күрт кемуі, суару және дренаж жүйелерінің тозуы, жер асты суларын пайдалану барысында дренажбен толық қамтамасызданбағандығы және т.б. себептер жер бетінің батпақтануына және қайта тұздануына алып келуде. Осыған байланысты, елімізде кең көлемдегі жайылым жерлерді тиімді пайдалану заңнамалық деңгейде реттеуді талап етеді. Сондықтан, қазіргі кезде «Қазақстанның жайылым жерлері туралы» арнайы заң дайындалуда. Қазақстанның жалпы территориясының 67,0 пайызы немесе 187,0 млн. гектары жайылым жерлер. Ал қалпына келтірілетін жылдық мал азығының ресурсы 25,0 млн. тонна азық өлшемін құрайды немесе қоректігі бойынша, 1,0 млрд. пұт астық өндірумен тең. Дүниежүзілік банктің ақпараты бойынша, жылдық мал азығы 1,2 млрд. АҚШ долларына бағаланады. Бүгінгі күні мал азығының балансында жайылым шөптермен қамтамасыздандыру 50 пайызды құрайды, ал кейбір аймақтарда одан да төмен. Сондықтан, қабылданатын заңның біздің еліміздің мал шаруашылығын дамытуға маңызы зор.

Суармалы жайылымдық жерлерді пайдалану тиімділігін арттыруда мына мәселелер шешілуі тиіс:

Жайылымдық жерлерді суару жүйелерінің мемлекеттік басқаруда болуы; экологиялық мәселелерді шешу – су ресурстарын игеру барысында жиі және ұзақ пайдалануына байланысты суармалы жайылымдарды тоздырып жібермеу, жер асты және жер беті су көздеріне зиян келтірмеу; экономикалық мәселені шешу – суармалы жайылымды пайдаланатын шаруашылықтар иелері суару жүйесін пайдалану кезінде алынатын пайдасын, шығындарын, оның ішінде амортизациялық төлемдерін есептеп, оны өтеуі керек екенін түсінуі; техникалық мәселелерді шешу – су шығару жүйелерін техникалық негіздеу және экономикалық тиімді (электр жүйесіне тәуелсіз су қондырғылары) шараларды іске асыру мәселелерін анықтау. Оның ішінде өзектісі ескі құдықтарды іске қосу және жаңа құдықтар салу.

Бүгінде елімізде ауылшаруашылық өнімді өндірумен 189,9 мың агроқұрылым мен 1632,8 мың үй шаруашылығы айналысады. Агроқұрылымдардың жалпы санының 182,7 мыңы немесе 96,2 пайызы шаруа (фермер) қожалықтары болып табылады. Олардың 40 пайызының жер көлемі 10 гектардан аспайтындықтан, ұсақ ауылшаруашылық құрылымдарының өздері өндіретін өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, инновацияны ендіру, нарыққа сапалы тағам өнімдерін шығару мәселелерін дербес шеше алмайды. Сонымен қатар, олардың біліктілігі жоғары мамандарды жұмысқа тартуға мүмкіндіктері шектеулі. Осы және басқа да себептерге байланысты жерге иелік ету құқығы ауыл шаруашылығы өндірісі саласында білімі бар, шаруашылығы озық техникамен жабдықталған өндіріс иесіне берілуі тиіс. Жер қатынасы процедуралары ашық болып, ал тиесілі жер шаруашылықтың мамандандырылған саласына сәйкес тиімді пайдаланылуы керек.

Осы орайда Елбасы ұсақ кәсіпорындар мен жеке кәсіпкерлерді орта деңгейге көшіру үшін жағдай жасап, ірілендірудің алғышарттарын қалыптастыру талабын қойып отыр. Осы талаптарды орындаудың басты жолы – ұсақ шаруашылықтарды кооперацияға шоғырландырып, инновациялық бағытта дамыту. Ауылшаруашылық кооперациясының экономикалық тұрғыдан тиімділігі шетел тәжірибесімен дәлелденген. Дүниежүзінде кооператив қозғалысы ауылшаруашылық өндірістің 100 пайызын, тамақ өндіру өнеркәсібінің 45-50 пайызын қамтиды. Кооперацияға шоғырлану – ауылдық жерде тұратын халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға, ауылшаруашылық жерлердің тиімділігін және құнарлылығын арттыруға, жергілікті халықты жұмыспен қамтамасыз етуге, азық-түлік қауіпсіздігін сақтауға ерекше ықпал етеді. Қазіргі уақытта аграрлық саладағы ғалымдар мен Ауыл шаруашылығы министрлігі мамандары бірігіп «Ауыл шаруашылығы кооперациясы туралы» заң жобасын дайындап, Парламент Мәжілісі қарауына ұсынды.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, өндірістің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың басты жолы болып табылатын инновациялық технологияны игеру жалпы ішкі өнімнің өсуінің 90 пайызын құрайды. Қазіргі жағдайда елімізде ауыл шаруашылығы саласына инвесторлардың қызығушылығы төмен, оның үлесі 2 пайыздан аспайды. 2014 жылы ауыл шаруашылығына тартылған инвестиция көлемі 166,4 млрд. теңгені құрады.

Қаржының жетіспеуі ауыл шаруашылығының материалдық-техникалық базасын жетілдіруге және заман талабына сай инновациялық технологияларды енгізуге кедергі келтіруде. Қазақстан ішкі сұранысын толығымен қамтамасыз ете алмағандықтан, кейбір азық-түлік түрлерін шет мемлекеттерден импорттайды.

Жуырда ғана Елбасы Миланда өткен бизнес-форумға қатысып, көлемі 500 млн. долларды құрайтын 20 келісімшартқа қол қойды. Соның бірі азық-түлік тағамдарын, ауылшаруашылық техникаларын өндіру. Бүгінгі таңда Қазақстанда экономиканың басым салаларына, оның ішінде агроөнеркәсіп кешеніне қомақты қаржы салған инвесторларға жеңілдіктер қарастырылған. Айта кетсек, инвесторлар корпоративтік табыс салығы мен жер салығынан 10 жылға, мүлік салығынан 8 жылға босатылады. Жер кодексіне енгізілген өзгерістерге сәйкес, шетелдік азаматтар үшін ауылшаруашылық мақсаттағы жерлерді жалға беру мерзімі 10 жылдан 25 жылға дейін ұзартылған. Сонымен қатар, салынған нысанның құрылысы аяқталғаннан кейін, жұмсалған шығынның 30 пайызын қайтарып беру мүмкіндігі қарастырылып отыр.

Дамыған елдерде жалпы агроөндірістік кешен өнімнің 50-90 пайызы инновациялық технологиялармен қамтамасыз етілген. Біздің елде осы көрсеткішке жету жолында «Үдемелі индустриялық-инновациялық даму жөніндегі мемлекеттік бағдарлама», «Агробизнес-2020» бағдарламасы аясында ауқымды жұмыстар жүргізілуде.

Ауыл шаруашылығын басқарудағы қазіргі жүйені қайта құру ғылым мен білімді барынша интеграциялауға және инновацияны тиімді түрде өндіріске енгізуге, ғылыми күш-жігерді түпкі нәтижеге шоғырландыруға мүмкіндік береді.

Осы орайда Елбасы ауыл шаруашылығын дамытуда ғылымның рөлі орасан зор екендігін ескеріп, әлемдік талапқа сай келетін ғылымды басқарудың түбегейлі жаңа «Ғылыми саланың дамуының институттық негізі» деп аталатын моделін ұсынды. Жаңа модель ғылым келешегіне жастардың сенімін арттырды және ғылыми ізденістерде олардың зияткерлік әлеуетін кеңінен пайдалануға мүмкіндік берді. Осы мақсатта 2020 жылдарға қарай ғылымды қаржыландырудың ішкі жалпы өнімдегі үлесін 2 пайызға дейін ұлғайту қарастырылған.

Соңғы уақытта жас ғалымдардың ғылыммен белсенді айналысуы кадрлық әлеуеттің өсуіне ықпал етті. Ғылыми-техникалық ақпараттың шетелдік ресурстары қолжетімділік жағдайға жетті. Соңғы 5 жылда ғылыми жарияланымдар саны 1000-нан 10000-ға дейін өсіп, Қазақстан бұл көрсеткіш бойынша сенімді түрде екінші елдер тобына енді. Елімізде бес ұлттық ғылыми және 15 инженерлік бейіндегі зертхана құрылды. Осының өзі магистрлер мен PhD докторларын дайындау барысында және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде олардың кәсіби деңгейін көтеруге септігін тигізуде.

Қазіргі кезде еліміздің аймақтарындағы көптеген фермерлер мен тауар өндірушілердің аграрлық сала бойынша тиісті білімдері болмағандықтан, кәсіби біліктері төмен. Сондықтан, біздің мамандардың көмектері мен ғылыми кеңестері осы проблемаларды шешуге барынша ықпал етуде. Бұл шаралар АҚШ пен Еуропа ғалымдарымен бірлесе отырып инновациялық жаңалықтарды, заманауи агротехнологияларды аймақтағы ауылшаруашылық саласына енгізуді жетілдіру мақсатында университеттегі «Экстеншн», «Жоғары фермерлер мектебі» арқылы іске асуда. Осы мақсатта біздің ғалымдар шетелдік озық тәжірибені кеңінен қолдануда.

Оқу орнымыздағы Қазақстан-Жапон инновациялық орталығында және университетіміздің 6 ғылыми-зерттеу институты мен 31 зертханасында шетел ғалымдарымен бірлескен ғылыми жобалар жүзеге асырылып отыр. Бұған қоса ауыл шаруашылығы саласында ықпалдасу мақсатында құрылған Қазақ-Корей инновациялық орталығында «Жасыл технологияларды» дамыту мәселелері зерттелуде.

Ғалымдарымыз ауылшаруашылық кәсіпорындары және шаруа қожалықтарымен тығыз байланыста жұмыс атқаруда. Солардың бірі «Байсерке Агро» негізінде құрылған оқу ғылыми-өндіріс орталығы. Ол түрлі ауылшаруашылық өнімдерін өндірумен қатар, оларды өңдеумен де шұғылданады. Бір жағынан ғалымдар өндірісте озық инновациялық технологияларды игеруге жәрдем берсе, екінші жағынан студенттер тәжірибе алады, ал магистранттар мен докторанттарымыз ғылыми-зерттеу жұмыстарымен шұғылданады. «Байсерке Агро» шаруашылығында жыл сайын университетіміздің үш мыңнан астам студенттері, магистранттар мен докторанттары оқу-өндірістік, технологиялық және клиникалық тәжірибеден өтеді. Елбасы Алматы облысына арнайы іс-сапармен келгенде «Байсерке Агро» жұмысымен тікелей танысып, онда атқарылып жатқан іс-шараларға оң бағасын беріп, университеттің осы тәжірибесін еліміздің білім нарығында кеңінен қолдануды тапсырды.

Ғылым, білім, өндірісті интеграциялау бағытында университет 2002 жылдан бастап жүйелі жұмыс атқарып келеді. Соның нәтижесінде білім саласына жаңа инновациялық технологияларды енгізу, мемлекеттік-жекеменшік серіктестіктің тиімді механизмдерін әзірлеу, инфрақұрылымдарды дамытуға қол жеткізілді. 2011 жылдан бастап университетте аграрлық ғылыми-өндірістік «АгроДаму» консорциумы жұмыс істейді. Оның құрылымына әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациялар, ұлттық басқару холдингтері, «ҚазАгроИнновация» АҚ-тың 23 ҒЗИ, Білім және ғылым министрлігінің 10 ҒЗИ, тағы басқа ірі ауылшаруашылық кәсіпорындары мүше болды. Соңғы жылдары оқу орнымыз агроқұрылымдармен тығыз қарым-қатынас орнатқан. Бүгінде біздің түлектеріміздің 84,5 пайызы жұмысқа орналасады. 2014-2015 оқу жылынан бастап Ауыл шаруашылығы министрлігіне қарайтын 12 ҒЗИ мен Қазақ ұлттық аграрлық университеті бірігіп 100 магистрант, 22 докторант дайындауда.

Қорыта айтқанда, Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ұтқыр саясатының арқасында Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше болып, әлемде өз орнын нақтылап отырған Тәуелсіз Қазақстанның жаңа индустриялық-инновациялық бағыттағы ұлттық экономикасын өркендетуде мүмкіндігі мол.

АЛМАТЫ.

Жемісін ел көретін жетістіктер

Қазақтың арғы-бергі тарихында есесі кеткен жұртына елдікті әкелген, теңдікті әперген тұлғалар баршылық. Сонау көне ғұн заманындағы Мөденің, одан беріректегі Білге қағанның, жақындай түссек, биыл 550 жылдығы тойланып жатқан Қазақ хандығын құрған Керей мен Жәнібектің, халқын тар жол, тайғақ кешуден аман алып шыққан Абылай ханның, тағы басқалардың біз үшін орны бөлек.

Мұратбай ЖОЛДАСБАЕВ,
Парламент Сенатының депутаты.

Бірақ, соңғы жүзжылдықта қазақтың жұлдызын ерекше жарқыратқан бір тұлға бар. Ол – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев. Елбасы қазақ деген халықты әлемге танытып, өзгемен тереземізді тең етті. Біздің сөзімізге Елбасының тұлғалық қасиеттері, жүргізіп отырған саясаты, халқының оған деген сенімі мен сүйіспеншілігі дәлел.

Маусым айының соңғы апталары қазақстандықтар үшін толайым табыстарға толы болды. Біз Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше болып кіру жолындағы ұзаққа созылған келіссөздерді табысты аяқтадық. Сөйтіп, әлемдік сауда-саттықта өзгелермен тең дәрежеде болудың мүмкіндігін алдық. Қазақстанның бұл жетістігі Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сарабдал саясатының нәтижесі екендігі сөзсіз. Мемлекет басшысы ДСҰ-ға мүше болып кірудің қазақстандықтар үшін үлкен қуаныш, үлкен жеңіс екендігін атап өткен болатын. Сонымен бірге, ұйым мүшелігіне бес институттық реформаны іске асыруға кіріскен сәтте қадам басудың айрықша символикалық мәні бар екендігін айтқанды. Расында да Елбасының өзі жариялаған бес институттық реформаны жүзеге асырудың «100 нақты қадамы» белгіленіп, жүзеге асырыла бастаған тұста ДСҰ-ның бізге есігін айқара ашуы сөзсіз үлкен жеңіс. Бұл әлемдік қауымдастықтың Қазақстандағы реформаларды жіті қадағалап, жетістіктерімізді мойындауының көрінісі екені даусыз. Сонымен бірге, әлемдік қоғамдастықтың Қазақстанды бұлай мойындап, дамыған елдердің бізді тең дәрежедегі серіктес ретінде тани бастауы елімізде жүргізіліп жатқан реформаларға олардың да аса қызығушылық танытатындығын аңғартса керек.

Жалпы, Қазақстанның тәуелсіздік жылдарында қол жеткізген табыстарын көрші-қолаң, алыс-жақын шет мемлекеттері мойындап қана қоймай, бізді үлгі тұтқан кездері де аз емес. Бір ғана Қазақстан халқы Ассамблеясының үлгісімен көптеген ТМД елдері арнайы институт құрды. Әлемдік және дәстүрлі діндер жетекшілерінің құрылтайлары дінбасылардың өзара диалогын нығайтып, әлемдегі бейбітшілікті сақтау жолында бірлесіп қимылдау қажеттігін түсіндіріп отыр. Сол сияқты, бес институттық реформа мен оны жүзеге асырудың «100 нақты қадамы» да көпке үлгі болары сөзсіз. Әсіресе, бес институттық реформаның «болашағы біртұтас ұлт» қалыптастыруды көздейтін төртінші басымдығы баршаны қызықтыратыны сөзсіз. Өйткені, Қазақстан тәуелсіздік алған кезде елімізде ұлтаралық жанжалдар туындайтындығын болжаған, ел ішіне іріткі салып, арандатуды көздеген топтар айналамызда аз болған жоқ. Бірақ, Елбасының сарабдал саясатының нәтижесінде отандастарымыз мұндай ағаттық жасаған жоқ. Біртұтас халық ретінде береке-бірлігін таныта білді. Бүгінде қазақстандықтар «Мәңгілік Ел» идеясының төңірегіне тығыз топтасуда. «Мәңгілік Ел» идеясы көне дәуірлерден бері қазақ халқының тарихи жадында сақталған, асыл аңсары, арманы болғандығы анық.

Бірақ, бұл идея халықтың санасында көмескіленіп келе жатқан болатын. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы сол идеяны қайта жаңғыртып, ұлттық идеология деңгейіне көтерді. Демек, «Мәңгілік Ел» идеясы жарқын болашақ үшін аянып қалмас, адал еңбекті өмірлік мұрат тұтқан, зияткер әрі белсенді, біртұтас ұлт қалыптастыруға зор ықпал етері анық. Міне, сол себепті бес институттық реформаның төртінші басымдығы біз үшін айрықша маңызды. Ал реформаны жүзеге асыру үшін Елбасы белгілеген «100 нақты қадамда» көрсетілген «Мәңгілік Ел» патриоттық актісін, Қазақстан халқы Ассамблеясының «Үлкен ел – үлкен отбасы» жобасын, «Менің елім», «Нұрлы болашақ» ұлттық жобаларын әзірлеу, Жалпыға ортақ еңбек қоғамы идеясын алға жылжыту сынды бастамалар іс жүзінде азаматтық қоғамды дамытып, қазақстандықтардың біртектілігін нығайтары анық. Сонымен қатар, бұл бастамалар еліміздегі түрлі ұлыс өкілдерінің қазақ халқының маңына топтаса түсуіне әсер ететіні де сөзсіз. Сөздің ашығын айтар болсақ, тарихта қилы-қилы тағдырмен қазақ жерінен пана тапқан көптеген ұлт пен ұлыстар біздің халықтың дархан пейілін, ақжарқын мінезін, қонақжайлылығы мен қайырымдылығын сезініп, түйсіне білгені жасырын емес. Көптеген этнос өкілдерінің Қазақстанды жан-тәндерімен сүюі, қазақ халқына алғыс білдіруі – соның нақты дәлелі. Алайда, қазақстандықтар әзірге азаматтық ұлт қалыптастыра қойған жоқ. Дегенмен, азаматтық ұлт қалыптастырудың алғышарттары әлдеқашан жасалып, барша отандастарымыздың қазақ халқының маңына топтасуына негіз қаланып та қойды. Ал Елбасының Жолдауында да, бес институттық реформаны жүзеге асыруға бағытталған «100 нақты қадамда» да көрсетілген «Мәңгілік Ел» идеясы біздің бұл береке-бірлігімізді одан әрмен арттырары даусыз.

Негізі, Президент ұсынған бес институттық реформа бүгінде өте өзекті болып отыр. Егер аталған 5 реформаны табысты жүзеге асыра білсек, біздің әлемнің дамыған 30 мемлекетінің қатарынан көрінуімізге ештеңе де кедергі болмақ емес. Дегенмен, Елбасы жариялаған бес институттық реформаның ең өзектісі төртінші басымдық болып отыр. Өйткені, кәсіби мемлекетті құратын да, заңның үстемдігін қамтамасыз ететін де, индустрияландыруды жүйелі жалғастырып, экономикалық өсімге қол жеткізетін де, біртектілік пен бірлікті сақтайтын да, есеп беретін мемлекетті қалыптастыратын да адамдар. Яғни, халық. Кәсіби деңгейі жоғары, білікті, отанын жан-тәнімен сүйетін мемлекеттік қызметкерлер де, заңның үстемдігін қамтамасыз ететін тәжірибелі де адал соттар, заң органдары қызметкерлері де, бизнесті дөңгелетіп, жаңа да, сапалы өнімдер өндіретін, өндіріске ғылыми жаңалықты енгізетін кәсіпкерлер мен топ-менеджерлер де халықтың арасынан шығады. Демек, қалың бұқараның бір идея төңірегіне топтасуы, мемлекетке сенуі, түрлі этнос өкілдерінің арасындағы сыйластықтың артуы ең басты құндылықтарымыздың бірінен саналатыны сөзсіз. Біртектілік пен бірлік Қазақстандағы тыныштық пен бейбітшіліктің кепілі болатыны да дәлелдеуді қажет етпейтін дүние. Ал, бейбітшілік салтанат құрған мемлекетте ғана экономиканы дамытып, игі бастамаларды жүзеге асыруға болады. Елбасы мұны өте жақсы түсінеді. Әу бастан елдің ішкі-сыртқы саясатын осынау бағытта қалыптастырып отырғаны содан.

Халықты бір идеяның төңірегіне топтастыра білу – Елбасы саясаты жемістерінің бірі. Нәтижесін қазір халық көріп отыр. Бұқараның Президентке разы болатыны да, оның саясатын бірауыздан қолдап, Елбасына сенетіні де содан. Елбасы жариялаған бес институттық реформаны жүзеге асыру жолында барша халық аянып қалмақ емес. Өйткені, бұл реформалар елімізді құзар шыңдарға бастайтынына көзіміз жетіп отыр.

ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ

БІЛІМ – ДАМУ КІЛТІ

Индустрияландыруға – отандық кадрлар

«Нұрлы Жол» Жаңа Экономикалық Саясаты мен индустрияландырудың екінші бесжылдығын жүзеге асыру мақсатында базалық жоғары оқу орындары мен колледждерді дамытудың бағдарламасы әзірленді.

Осы бағдарламаға сәйкес екінші бесжылдықтың басым міндеттерінің бірі индустрияландыру ісіне кадрлар әзірлеу болып табылады. Соның ішінде металлургия, мұнай-газ химиясы, электр энергетикасы, жеңіл және тамақ өнеркәсібі, АӨК, машина жасау, жаңадан өсіп келе жатқан инновациялық салалар үшін кадрлар әзірлеу ісіне мән беріледі.

Базалық жоғары оқу орындары мен колледждерді дамыту бағдарламасы жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеу, ЖОО-лар үшін мемлекеттік тапсырыстарды ҮИИДМБ-2 жобаларының талаптарына сәйкес орналастыру және зертханалар базаларын жаңа талаптарға сәйкес жаңғырту мәселелерін көздейді.

Инвестициялар және даму министрлігінің мәліметтері бойынша 2015-2019 жылдары жүзеге асатын 257 жобаға 46,6 мың жаңа талапқа сәйкес кадрлар қажет болады.

Осы талапқа сәйкес кадрлар даярлау ісі басталып кетті. Мәселен, техникалық және кәсіптік білім салаларында кадрлар дайындау үшін «Кәсіпқор» холдингі мен 10 колледждің арасында келісімшарттар жасалды. Бұл ретте холдинг ұсынатын білім беру бағдарламаларын енгізу жаңа кадрлар даярлау ісіне көмектесетін болады. Мәселен, халықаралық тәжірибе мен индустрияландыру талаптарын ескере отырып, кәсіптік білім беру саласы үшін жаңадан 8 білім беру саласы әзірленуде. 2017-2018 жылдары тағы да 16 білім беру бағдарламасы жұмыс берушілердің қатысуымен әзірленеді.

Еліміздегі таңдап алынған осы 10 колледж ең бірінші кезекте индустрияландырудың екінші бесжылдығын жүзеге асыруға арналған жобалар үшін кадрлар әзірлейтін болады. Осы кәсіптік білім мектептерінде жинақталған білім берудің жаңа тәсілдері мен тәжірибесі кейіннен басқа да кәсіптік білім беру мектептеріне таратылады.

Адам және уақыт

Жоғары оқу орындарында индустрияландыру жобаларын қазіргі замандық кадрлармен қамту ісінің инновациялық сипаты болады. Осы мақсатқа арналған білім бағдарламалары әзірлену үстінде. Білім сапасына қол жеткізу үшін осы іске жұмылдырылатын еліміздің таңдаулы оқу орындары қазіргізамандық зертханалық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілетін болады.

Мәселен, 2015 жылы таңдаулы оқу орындары үшін 24 жаңа білім беру бағдарламалары әзірленеді және осыған сәйкес базалық 10 оқу орнында 24 жаңа зертхана құрылады.

Жаңа білім беру бағдарламалары әріптес шетелдік жоғары оқу орындарының қатысуымен әзірленеді және олардың әрбірі индустрияландырудың екінші бесжылдығының нақты жобасына апарып бекітіледі.

Білім беру бағдарламаларын әзірлеуге 2015-2017 жылғы бюджеттен 962,1 миллион теңге жылмажыл бөлініп отыратын болады. Білім және ғылым министрлігі осы бағдарламаларды әзірлеу үшін индустрияландыру ісіне қатыстырылатын базалық жоғары оқу орындарына алдын ала төлем түрінде қаражаттың бірінші траншын аударып та қойды. Жаңа білім беру бағдарламалары 2015-2016 оқу жылынан бастап магистранттарды оқыту түрінде іске қосылады.

Жаңа зертханалар жүйесін қалыптастыру үшін 10 миллиард теңге қарастырылып отыр. Оның 3 миллиард теңгесі 2015 жылға, 7 миллиард теңгесі 2016-2017 жылдарға арналып бөлінеді. Зертханаларды құру ісі, оларға алынатын құрал-жабдықтар шетелдік әріптес жоғары оқу орындарымен бірлесе отырып қолға алынуда.

Мұның сыртында республикалық бюджет есебінен 2015 жылға шетелдік ғалымдарды тарту үшін 998,8 миллион теңге, оқытылатын студенттердің академиялық жинақылығын қамтамасыз ету үшін 590 миллион теңге қарастырылды.

2015 жылы базалық жоғары оқу орындарына белгілі бір кәсіп түріне арналған магистратуралар бойынша 1900 орынға лайықталған мемлекеттік тапсырыстар берілді. Оған қажетті қаржы республикалық бюджеттен қарастырылды.

Жаңа іске дайындалу мақсатында Назарбаев Университет базасында жобаға қатысатын базалық жоғары оқу орындарының проректорлары мен кафедра меңгерушілері оқытылды.

Білім және ғылым министрлігі 2017 жылдың соңына дейін базалық жоғары оқу орындары мен колледждердің инфрақұрылымдары мен материалдық-техникалық базаларын талапқа сай қамтамасыз етуді жоспарлап отыр.

Жаңа кәсіптік стандарттар

Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі 2020 жылға дейін экономика саласына қатысты 900-ге жуық кәсіптік стандарттарды әзірлеуді жоспарлауда.

Экономиканың еңбек ресурстарына сұранысын қанағаттандырудың және өндіріс пен білім арасындағы тікелей байланысты қалыптастырудың аса маңызды элементтерінің бірі кәсіптік стандарттарды әзірлеу болып табылады.

Бүгінгі күні Үкімет «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасымен біріге отырып Біліктіліктің ұлттық аясын қалыптастыру жөнінде үлкен жұмыстар жүргізуде. Мұның да басты элементтерінің бірі кәсіптік стандарттарды әзірлеу болып табылады.

2012-2014 жылдарғы кезеңде 345 кәсіптік стандарт әзірленді. Үстіміздегі жылы тағы 58 стандарт әзірленеді. Сөйтіп, 2020 жылға таман 900-ге жуық кәсіптік стандарт дайындалуы тиіс.

Кәсіптік стандарттар оқу жоспарларының және мамандарды даярлау, қайта даярлау, сонымен қатар, олардың білімін көтеру ісінің негізіне айналуы тиіс. Сондықтан оны әзірлеуге жұмыс берушілер де белсене қатысуы керек. Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі 2016 жылдан бастап ұлттық кәсіпкерлік палатасына, соның ішінде жұмыс берушілердің салалық бірлестіктеріне кәсіптік стандарттарды әзірлеу және оларды белсенді ету қызметін беруді ұйғарып отыр.

Мұның сыртында сертификаттаудың тәуелсіз жүйесін құру жоспарлануда. Ол жұмыс берушілердің тікелей қатысуымен жүргізіледі. Өйткені, бұл жүйе оқу орындарының түлектерінің алған білімдері мен қызмет дағдылары жұмыс берушінің қоятын талабына қаншалықты сәйкес екендігін анықтайтын болады.

Қазіргі уақытта кәсіптік әзірлікті бағалаудың және мамандардың біліктілігінің сайма-сайлығын бекітудің үш орталығы қанатқақты жоба ретінде жұмыс істеп тұр. Бұл үш орталық мұнай-газ, тау-кен, туристік салалардағы мамандарға арналған. Енді құрылыс және машина жасау салалары мамандарының біліктілігін бағалайтын орталықтар құрылатын болады.

Қазақстанда индустрияландыру, экономикалық өсімді қамтамасыз ету және халықтың еңбекпен қамтылуын күшейту бағытында бірқатар бағдарламалар жүзеге асырылуда. Бүгінгі күні елімізде 455 мың жұмыссыз, 585 мың өнімсіз еңбекпен қамтылған адамдар бар. Олардың жалпы саны 1 миллионнан асып жығылады. Индустрияландыру осы санаттағы адамдардың дұрыс еңбекпен қамтылу мәселесін шешеді. Биылғы жылы жоғарыдағыдай бағдарламалар аясында 322 мыңнан астам жұмыссыздар мен өзін өзі еңбекпен қамтыған адамдардың жұмыс табуына көмек көрсету жоспарлануда.

Үстіміздегі жылдың бес айында 153 мың адам жұмысқа орналастырылды. Олардың 80 мыңы тұрақты жұмыс орнын тапса, 73 мың адам кәсіпорындардағы уақытша жұмысқа орналастырылды және әлеуметтік жұмыс орындарына, жастардың еңбек практикаларына жіберілді. Бес мыңнан астам адам мемлекет қаржысы есебінен оқу мен қайта даярлауға және білімдерін көтеруге бағытталды.



Ғарыш саласына мамандар әзірлейді

Елімізде соңғы жылдары қазіргі заман талаптарына сәйкес қарышты дамып келе жатқан білім ордаларының бірі – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Бұл университет Үкіметтің арнайы шешімінің негізінде индустрияландыру саласына қажетті мамандар дайындау ісіне қатыстырылады. Осы мақсатқа лайықталып отырған еліміздегі базалық 10 жоғары оқу орнының арасында да университет бәсі биік тұр. Университет «Құрылыс материалдары, олардың бұйымдары мен құрылымдары өндірісіне» және «Ғарыштық техника мен технологиялар» секілді басымдық беріліп отырған мамандықтар бойынша кадрлар әзірлейтін болады.

Қазіргі күні аталған мамандықтар бойынша білім беруге рұқсат беретін лицензиялар алынды.

Бұл екі мамандықтың таңдап алынуының өзі бекер емес. Қазіргі күні Астанада құрылыс саласы жылдан-жылға қарқын алып, дамып келеді. Осының нәтижесінде құрылыс индустриясы зауыттарының өнеркәсіптік кластері қалыптасты. Енді оларға білікті мамандар қажет.

Сондай-ақ, еліміздің ғарыш саласы да қарқынды даму үстінде. Бұл саладағы нақты практикалық жұмыстарды жүзеге асыратын «Қазақстан ғарыш сапарлары» ұлттық компаниясы жұмыс істеуде. Бұл компанияда отандық білікті кадрлармен қамтамасыз ету бүгінгі күннің көкейкесті мәселелерінің біріне айналып отыр.

Әрине, ғарыш қызметі секілді инновациялық сала үшін білікті маман дайындау оңай іс емес. Сондықтан осы іске бейімделу мәселесін университет басшылығы ерте бастан ойластырып, қолға алды. Осы мақсатта аталған істе мол тәжірибесі бар Германияның Берлин техникалық университетімен әріптестік қарым-қатынас орнатты. Сондай-ақ, ғарыштық держава Ресей тарапымен де көптеген жұмыстар жүргізілді. Осы елдің Бауман атындағы Мәскеу мемлекеттік техникалық университетімен, Томск политехникалық университетімен және Украинаның Днепропетровск ұлттық университетімен жүйелі қарым-қатынас жолға қойылды. Университетте ашылған «Ғарыш техникасы мен технологиялары» кафедрасына аталған университеттердің оқытушылары мен мамандары тартылды. Сонымен қатар, жоғарыда аталған жоғары оқу орындары базасында ғарыштық технологиялар саласындағы бірінші магистрлер әзірленді.

Сонымен қатар, үстіміздегі жылдың тамызында Берлин техникалық университетінің «Авиация және астронавтика» институтының базасында Еуразия ұлттық университетінің ғарыштық технологиялар саласындағы мамандары білімдерін көтеретін болады. «Авиация және астронавтика» институты шағын ғарыш аппараттары мен тасымалдаушы сынау ракеталарын жасау жөніндегі Еуропадағы ең озық оқу орны болып табылады.

Сонымен қатар, Еуразия ұлттық университеті ғылыми-зерттеулер жүргізу бағытында АҚШ-тың НАСА зерттеулер орталығымен, Португалияның Ғарыш геодезиясы ғылыми зертханасымен, Неміс аэроғарыш агенттігімен, АҚШ-тың «Canopus» және «Даурия» компанияларымен, Нидерландтың микро және нано технологиялар өндіретін ISIS ғарыштық фирмасымен тығыз қарым-қатынастарды жолға қойды.

Еуразия ұлттық университетіне аталған екі мамандық бойынша магистратуралар әзірлеу үшін 80 миллион теңгеден астам бюджет қаражаты қарастырылған. Оның 30 пайызы қазірдің өзінде университетке аванс түрінде бөлінді.

Бетті әзірлеген Сұңғат ӘЛІПБАЙ, «Егемен Қазақстан».

● *Өмір-өзен*

ДИДАРҒАЙЫП ДИДАХМЕТ

Реквием

Жалған дүние-ай десеңші, жарқылдап, жайнап бірге жүрген Дидахметтен айдың, күннің аманында айырылып қаламын деп кім ойлаған... Қарайлауға мұрша бермес мынау қаймалысқан тірлікте бейнебір бір-бірімізді мың жасайтындай көріппіз-ау. Алашапқын болып жүріп, қапияда алданып қалғанымды қарашы!

Екеуміз егіз қозыдай едік, бір дәуірдің арман қуған мөлдіреген жастары едік. Өмір жолын бірге бастап, қол ұстасып Алматыға бірге аттанып едік. Мен суретші болсам деп, ол ақын болсам деп армандайтынбыз. Айтулы ақын болмаса да, айтағалы жазушы болды. Шыңғыстайдың «Дикөні» болып ауылдан, Шығыстың «Дидашы» болып елден аттанған аяулы дос қазақ баспасөзінде де, қазақ прозасында да айшықты із қалдырды, қалам қайраткері биігіне көтерілді.

Әрине, Дидаш өмірден жас кетті деуден аулақпыз. Алпысқа жеткен де, жетпеген де бар, сондықтан бұл жасты шүкір дейміз. Жалпы, пайғамбар жасынан асқан жанда өкініш болмауға тиіс. Бірақ, деп ойлайсың кейде, саржамбас болып тар төсекке таңылып, үмітті үзген дертті болса бір сәрі. Тепсе темір үзетін тегеурінді, қол-аяғы балғадай, қуат-күші бойында тасыған атпал азаматтың бір-ақ сәтте жоқ болып кеткені өкіндіреді. Ол ғана емес, шеберлігі тасқайрақтай шыңдалып, өндіріп жазатын шағы енді туғанда келмеске кете барғаны опындырады.

Дүниенің қасіреті әкенің өлгені емес, шеше де емес, тіпті, туған аға, бауыр, қарындас та емес, тай-құлындай тебісіп, жарты малта бөлісіп бірге өскен, сенің жан сырыңды өзіңнен жақсы білетін достың өлімі деседі. Сол рас екен... Жан досы Жомарт оқыс қазаға ұшырағанда Ақселеу ағамның запыран құсып, белі қайысып күңіренгенін көріп едім. Жан досы Ақселеу дүниеден өткенде Кәдірбек ағамыздың шөке түсіп, өкіріп жылағанына куә болдым. Елде жүрген адуын ақын Әлібек Қаңтарбаев бала досы Ақылбек қайтқанда басын тауға да, тасқа да ұрып, ақыры көз жасын бұлап отырып ақ қағаздан медет іздегенін білемін. Досы туралы Әлекеңнің жазған повесін мен де оқыдым. Ол туынды әншейінгі қара сөздің қатар түзеген түзілімі емес, тұнып тұрған сырлы саз, көкіректі қарс айырған мұңды музыка. Енді, міне, сондай жағдайды менің де бастан кешіп отырған жайым бар.

Жан досыңнан айырылу – сенің де жаныңның жарымы өліп қалғандай болады екен. Бар мен жоқтың ара-жігін ажырата алмай сандаласың. Өмірдің өзі маңызынан айырылып, өлімнің өзі қадірін жоғалтқандай, тірліктің қызығы кемігендей, қуанышы арзандағандай болады екен.

Қаралы хабар салмағының ауырлығы мені де шөкелетті. Аспан қусырылып аядай болды. Дүние тарылып шыр көбелек айналып кетті. Өлім қашанда қасірет қой. Ал, бойына қыдыр дарыған талантты, мақсат-мұраты кемел, парасат-пайымы толысқан, бергенінен берері көп шығармашыл жанның өлімі – өксікті өкініш, орны толмас арман, қан құстырған қайғы мен мұң, мәңгілік сағыныш екеніне көз жетті.

...Екеуміз алғаш сегізінші сыныпта кездескенбіз. Мен Дидашты оған дейін де сырттай білетінмін. Аудандық газетте арагідік оның өлеңдері шығып тұратын. Ол мені танымаса да, мен оны тани кеттім. «Сен сол ма едің», деп бірден жабыстым. Екеуміз ескі таныстардай шүйіркелесе жөнелдік, көңіліміздің бірлігін, жанымыздың жақындығын сезіп, сол күні-ақ бір партаға тізе түйістіре жайғастық.

Кейін әскерде ғана екі жақта болғанымыз болмаса, содан бергі ұзақ ғұмырда жұбымыз жазылған емес, бір-бірімізден ешқашан айырылған емеспіз.

Отбасын құрып, екеумізді екі қыз екі жаққа алып кеткенде дейін Алматының 3-тен 8-ші линияға дейінгі көшелерінің бірінде көп уақыт пәтер жалдап бірге тұрдық. Әлі есімде, 28 панфиловшы батырдың бірі Иван Шепетковтің үйі болатын. Алматы циркінің әртісі Шепетков майданға осы үйден аттаныпты. Біз барғанда екі бөлмелі бәкене тамда жалғыз қызымен батырдың туған қарындасы тұратын. Аула төріндегі бір кезде монша ма, әлде тауыққора болды ма екен, жыртық лашықты әлем-жәлем әктеп, балшықпен сылапсипап қойыпты. Арзанға түскендіктен, біз сол қуықтай «времянканың» табылғанына қуандық. Ішінде жалғыз төсек пен терезеге жапсырылған шолақ үстел. Сол шолақ үстелде кезек-кезек жазу жазып, қысылып-қымтырылып тар төсекке де сыйып жүрдік.

Жалпы, мен тәп-тәуір суретші болып кетер ме едім, кім білген... Оған даярлығым да, әлеуетім мен қабілетім де баршылық еді. Жазушылыққа бұрылуыма осы Дидахметпен жастайымнан қатар жүргенім, емен-жарқын достығым қатты әсер етті. Кейін арамызға Ұлықбек келіп қосылғанда, тырп ете алмадым. Тағдыр мені басқа арнаға бұрды да жіберді.

Көктем шығып күн жылына бізде ылғи да ауылды сағыну дерті басталады. Алтайды аңсаймыз, тауға қарап жалтақтаймыз. Елге барайық, жер аралайық деп алдын-ала жоспар құрып, барар жер, басар тауымызды айқындап, уәделесеміз, қол алысамыз. Қызметтің реті, жұмыстың жағдайына қарай ілгерінді-кейінді ел жаққа барып та жатамыз. Кей жылдары бірге барып, Алтайды армансыз бірге аралап, мауқымызды басып та жүрдік. Сол оншақты күнгі ой жайлау мен төр жайлауды шиырлап, туған жер төсінде аунап-қунап қайтқанымыз жанымызға жыл бойы қуат беретін, қыстың суығында да жүрегімізді жылытып жүретін.

Биылғы жылы да сөйтпекші едік. Ел жаққа бірге барып, Қалихан ағамыздың 80 жылдық мерейтойын өткізуге атсалыссақ деп жобалап қойғанбыз. Содан кейін жүз шақырымдық алыстағы Мұзтауға бармасақ та, іргедегі Бүркіттінің қарлы шыңына бір шығып қайтайық деген жоспар болған. Бүркітті – биіктігі жағынан Мұзтаудан кейінгі Алтайдың екінші алып шыңы. Амал бар ма, соның бәрі бүгінде адыра қалды.

Бұл заманда қу тірлік кімге мойын бұрғызған... Мен қазақтың жаңа астанасын игереміз деп, осыдан 18 жыл бұрын қайқайып Арқаға кеттім. Дидаш өзінің Алматысында қоңыр тірлігін күйттеп қала берді. Алашты зерттейміз деп Тұрсын екеуі шаң басқан архивтерді ақтарумен болды. Том-том кітап шығарудан қолдары тимеді. Мемлекет қызметінде бұрылуға мұрша жоқ, тырп ете алмай мен жүрдім. Солай бола тұра айлатып бір кездессек те, апталап телефон шалсақ та әйтеуір бір-біріміздің аман жүргенімізге көңіл тоқ еді, сол амандығымызды жүрекке сүйеніш қылып бейқам жүре беріппіз.

Сыртқа сездірмесем де Дидаш досымды көргенде мен іштей түлеп салатынмын. Таныстың да, алыстың да амандығын сұрасқанымыз болмаса, шұрқырасып табысқан кезіміз тағы жоқ. Бірақ кездескен сайын екеуміздің де көңіліміз көтеріліп, жүрегіміз ашылып, іштей жайнап шыға келетінбіз.

Оралхан қайтқанда Қалихан ағамыз қасына Дидахмет екеумізді отырғызып қойып, мұңая сыр шерткені бар: «Қаламды мұрат тұтып Алматыда жүрген бесеу едік. Бесеуміз де еншіміз бөлінбеген, есігіміз жабылмаған, мейманын ортақ қабылдаған бір атаның баласы едік. Қырықтың тоғызында Баламер кетті. Қырықтың тоғызында, міне, Оралханнан айырылдық. Алла тағала ендігі қалған үшеумізді көптік етпесін. Әсіресе, сендердің ғұмыр жастарың ұзақ болуын тілеймін!», – деп қолын жайып, батасын берген.

Өткен жылғы қоңыр күзде Қалағаңды өзінің Қоңқайына апарып, жер қойнына берген соң, Дидахмет екеуміз біршама уақыт Бүркіт өзенін жағалап кеттік. Сырластық, мұңдастық. Ағамызға деген сағынышты да, сары уайымды да ақтарыстық. Қалағаңның артында қалған мұрасын жинау, естелік кітап шығару, есте қалдырудың өзге де шаралары жайында кеңестік. Сол жолы Дидахмет: «Бесеуден екеу қалдық. Алладан енді екеуміздің амандығымызды тілейік», – деп бет сипатып еді.

Енді, міне... Тағдырдың жазуына не шара, сопайып жалғыз қалғандай күйдеміз!

Шын мәнінде Дидахмет дәулетті, көп ағайынды, текті әулеттен еді. Нағашысы Тікебай – Қаратай жұртына аты мәшһүр шешен тілді, көсем сөзді кісі болған. Суырыпсалма ақындығымен де аты шыққан. Ел арасында әлі күнге «Тікебай ақын айтыпты» деген аталы сөз кездеседі. Дидахметке ақындық та, шешендік те осы әйгілі нағашысынан жұққан дейді үлкендер. Әкеміз Әшімхан ақсақалды мен де жақсы білемін, көп араластық, ол кісінің Шыңғыстайдағы қара шаңырағында ғана емес, жайлаудағы киіз үйінде де жамбастап талай жатқанбыз. Жарықтық көп сөйлемейтін, қоңыр шаруасын күйттеп жүре беретін біртоға жан еді. Елге сыйлы, қадірі артқан сол Әшекең ұзақ ғұмыр кешіп, тоқсаннан асып көз жұмды. Шешен тілді шешеміз Бағди қазір тоқсанның төрінде, шүкір, қара шаңырақтың отын өшірмей аман-есен ауылда отыр. Дидаштың өзі де бойына артық ет жимаған, таразыдай тартылған, таза киініп, таза жүретін дегдар жігіт болды. Тегіне қарап біз: «Дидаш та тоқсанды төңіректейтін шығар», деп өзімізше сәуегейлік жасаушы едік.

Кейінгі жылдары тынысы жаңаша ашылып, Дидахметтің шығармашылығы шұрайлы өріске шыққандай болған. Бұрқ еткізіп классикалық үлгідегі үш әңгімені бірінен соң бірін жазып тастады. Ол әңгімелердің көтеріп тұрған әлеуметтік жүгі атан түйенің белін қайыстырғандай. Дидаштың өзі «романмен айта алмайтын шындықты бір ғана әңгімемен жеткізуге болады» деп жүруші еді. Мына әңгімелері соның дәлеліндей болды... Әдебиет сыншылары «жазушы Әшімханұлы шығармашылықтың жаңа белесіне шығыпты» деп қуанысты. «Қазақ әдебиеті» газеті өз оқырмандарынан «сүйінші» сұрап, «Ақшоқы» әңгімесін бірінші беттен бастап жарқырата жариялап жіберді.

Дидаш ұлтты ұстап тұратын төрт нәрсені жиі-жиі сөз етіп отыратын. Олар – адамның туған жері, тілі, діні, салт-дәстүрі дейтін. «Жерді сатамыз» дегенде ол ішкі қарсылығын білдіріп, «Жер аңсаған сары атан» атты хикаят жазыпты. Тіл проблемасы өршіп тұрғанда, орысша білмейтін қаймана қазақтың жас баласының қалаға барып, адасып кеткен бір күнгі хикметін арқау етіп, «Тасқаланы» дүниеге әкеліпті. «Сары самауырда» қазақтың салт-дәстүрінен біртіндеп айырылып бара жатқанын ашына сөз етіпті. Дін туралы жаза алмай жүреді екен, өткен жылы «Құдайсыздарды» жазыпты. Сондықтан «ұлтымның алдында өзімнің қарызым мен парызымды шама-шарқымша өтеп жүрмін» деп білдірмей мақтанып қоятын. Ғұмыр берсе, әлі де өтей беретінін, көкейін толғандырған көп дүние барын, соларды рет-ретімен жаза бергісі келетінін айтатын.

Сыншылар Дидахметтің әңгімелерін Бейімбетке ұқсатып жатады. Дұрыс-ақ. Ал оған қоса Дидаштың туындылары Ғабит Мүсіреповтің ақсүйектігін, биік мәдениетін еске салғандай болады. Сұлу жазды, жеріне жеткізіп жазды. Өзінің шығармашылығына үлкен талғаммен, сөз өнеріне айрықша құрметпен қарады. Сондықтан да аз жазды, аз жазса да, саз жазды. Сөйтіп, сыршыл да сындарлы туындыларды өмірге әкелді. Сондықтан да оның жазғандарына жалғыз сөз сыналап қоса алмайсың, бір сөзін сызып тастай алмайсың. Жазу мәнері тастай, ұқыпты, сырбаз, жинақы. Сөйлем емес, сөзден соққан монолит дерсің. Мен ондай туындыларды мықты кірпіштен өрілген сәулетті әсем ақсарайға ұқсатамын. Немесе мәрмәр тастан қашалған Роденнің көз арбаған сымбатты мүсіндерін еске түсіремін. Мойындау керек, Дидаш қарасөздің мәйегін шайқап ішкен көркем тілдің тарланбозы, тайпалған жорғасы, әрлі стилисі. Ол шын мәнінде «әдебиетті – ардың ісі» санап, туған тілін кие тұтқан сирек қаламгерлер сапында. Көңілі қаншалықты таза, жүрегі қаншалықты ақ болса – сөз өнеріне, әдебиетке соншалықты адал болды. Көркем аудармада да әжептәуір мұра қалдырды. Жасынан Джек Лондонды жақсы көретін, романтикалық табиғатын жанына жақын тартты, содан ба, «Мартин Иден» романын, біршама әңгімелерін қазақшалады. Өзі де алғашқы әңгімелерін өмірден көп қиындық көрген осы жанкешті жазушыға еліктеп жазғаны мәлім. Джон Голсуорсиді аударды. Біз Дидаштың аудармаларын классикаға балайтын едік. Ол осындай аудармалар арқылы әдебиет алыптарынан жазу мәнерін үйренді, шеберлігін шыңдады, өзіне тән жазушылық дара мәдениетін қалыптастырды.

Оның көркем шығармаларымен қоса, публицистикалық мақалаларында да елдік мұрат, ұлттық мүдде сарыны әрдайым аңқып тұрады. Қоғам өміріндегі өзгерістерге өз үнін қосып, азаматтық сөзін айтудан әсте жаңылған жоқ. Дидахмет бір интервьюінде былай дейді: «Зиялы қауым ең алдымен ұлттың бірлігін ойлауы керек, соның жолында аянбай еңбек етуі тиіс. Ұлтты сақтау – мемлекетті сақтау деген ұғым. Біз әрдайым ұлт деген сөзді мемлекет ұғымында пайдаланамыз. Сыртқы күштер бізді іштей ірітуге барын салуда, олар күндіз-түні осы бағытта жұмыс жасап жатқандарын ешқашан естен шығармайық».

Бас қосып әңгімелесе қалғанда ол адам бойындағы рух мәселесіне жиі-жиі айналып соға беретін. «Рухы жоқтың намысы да жоқтығын» айтатын. Ал намысы жоқ халық – тобыр, ондай тобыр айтқанға көніп, айдауға жүре береді, малдан ешбір айырмашылығы болмай қалады. Қазақтар осыншалық байтақ территорияны қалай сақтап келді дегенде, «қылыштың жүзімен, найзаның ұшымен» деп жатамыз. Дұрыс-ақ! Бірақ ең бастысы – жерімізді біздің бабалар рухтың күшімен сақтап қалғаны айтылға бермейді. Содан кейін тілдің бірлігі, салт-дәстүрдің, мейрамдар мен той-томалақтың ортақтығы шешуші фактор болды. Рухы күшті халық қана құрып кетпей, тарих сахнасында аман қалды.

Дидаш жазып кеткен тағылымға толы мына бір қағидатты өз басым бүгінде аманаттай қабылдаймын: «Егер сіз тым болмағанда бір айда бір қазақ кітабын сатып алсаңыз – ұлт алдындағы бір парыздан құтылғаныңыз. Егер сіз келесі жылға тым болмағанда бір баспасөзге жазылсаңыз – ұлттық намысыңыздың сәл де болса оянғаны. Егер сіз ана тіліңіздегі сол кітап пен баспасөзді ыждағатпен оқып отырсаңыз – күн сайын рухыңыздың өсе түскені. Егер сіз оқығаныңызды төңірегіңізге айтып, насихаттай жүрсеңіз – онда ұлттық санаңыздың самғау биікке ұмтылғаны. Қысқасы, саны аз халықтың саналы азаматтары, бізге қазір ақыл да, намыс та, ерлік те, бәрі-бәрі керек. Ол үшін ең бірінші еліміздің еңсесін, рухын көтере білейік. Рухты көтеретін ұлы күш – әдебиет пен баспасөз. Ендеше, бәріміз жиылып осы әдебиет пен баспасөздің көсегесін көгертуге ұмтылайық!».

Дидаш сөйте тұра, өзіне ешқашан көңілі толмай кеткен қаламгердің бірі. «Мен өз мүмкіндігін пайдалана алмаған адамдар қатарынанмын, – дейді ол. – Маған Алла сезім де, жүрек те берген, есте сақтау қабілетім де жақсы. Маған тек екі нәрсені бермепті. Ол – даңққұмарлық пен ақшақұмарлық. Шіркін, деп ойлаймын, егер осы қасиеттер бойымда болғанда мен талай дүниені бітірер едім. Осы екеуін бергенде, олар маған керемет қозғаушы күш болар еді. Байқап отырсам, мен әдебиетті жүрдім-бардым ермек етіп, оның соңына бар ықыласыммен шындап түсе де алмаппын. Шындап соңына түскендей болсам, бүгінде талай биікке жетерім даусыз еді».

Дидаштың маңайындағы адамдармен қарым-қатынасын, жалпы кісілік қасиетін айтпаса тағы болмас... Көпшілік оның үлкенге құрмет, кішіге ізет дегендей, жұмсақ даусын, иіліп тұратын кішіпейіл мінезін жақсы біледі. Енді біреулер оның шапшаң сөйлеп, шалт қимылдар күйгелектігін де көрген шығар. Ал біз білетін Дидаш намысшыл жан, басынан сөз асырған емес, жайы келсе бастықты да, басқаны да бір сөзбен орнына қоятын, турасын айтып салатын шалдуарлығы тағы бар. Бойындағы осындай аусарлау мінезі туралы Дидаштың өзі былай дейді: «Мен өзі мінезі күрделі адаммын. Басымнан ешуақытта сөз асырмаймын. Оралхан болсын, Қалихан болсын, көзқарасымыз қайшы келіп қалғанда, олар менің ағам екен-ау деп ойлаған емеспін. «Аға, мынауыңыз дұрыс емес», деп қойып қалатын да кезім көп болған. Оралханның маған қатты ренжіген сәттері де бар. Қалихан ағам түсінетін. Катонқарағайға ойрат елі жақын ғой, таудың арғы бетінде ғана, соны мегзеп: «Әй, осының арғы тегінде қалмақтың қаны бар шығар», – деп қалжыңға сүйейтін де қоятын. Былайғы кезде көңілім жұмсақ жанмын, кішіпейілмін, үлкенді де, кішіні де ренжіткім жоқ. Ал принципке, әділетке келгенде мүлде басқа адам болып кетем. Шындыққа келгенде алдымда атам тұрса да маған бәрібір. Бетке айтып салам да, қайқайып жүре берем. Иілер жерде бес жасар баланың алдында да иіле салам».

Қалай болғанда да, Дидаштың достарымен, қаламгер әріптестерімен қарым-қатынасы кімге де үлгі болғандай-тын. Ақжарқын жайсаң мінезді Дидаштың көңілі жарасқан достары әр өңірде толып жатыр. Ал жандары жарасқан достары санаулы еді. Олар Құлбек пен Тұрсын, Сауытбек пен Әбдімүтәл болатын. Бұларға деген оның құрметі бөлек-ті, қайда жүрсе де аузынан тастамай, мақтауларын жеріне жеткізіп айтып жүрді.

Дидаштың өзінің соңынан ерген талантты жастарға деген қамқорлығы да ерекше болатын. Соның жарқын мысалы ретінде Талаптан Ахметжанов інімізді еске алуға болады. Елде жүрген Талаптанның қаламының қуатын сезіп, ауданнан облысқа алдырды. Кейін облыстан Алматыға шақыртты. Ақыры ағасының артқан үмітін Талаптан артығымен ақтады. Кесек ойлы кемел жазушыға айналды. Екеуінің ағалы-інілі жарастығы адам қызыққандай сыйластықта өтті.

Өмір – жалған, ажал – ақиқат екені даусыз. Ақиқаттан қашып құтыла алмайсың. Соны біле тұра ойлап кетсең болды – көкірегің қарс айырылады, жүрегің қан жылайды. Болған іске қамырық көңіл сенер емес. «Бұл өмірде Дидаш енді жоқ», деген ұғым қиялыңа сыймайды. Бейнебір, осының бәрі түс секілді, бір серпіліп көзіңді ашсаң – бәрі де өз орнына келетіндей, бәз-баяғыша бола қалатындай көрінеді де тұрады.

Дидахмет Әшімханұлындай сырбаз қаламгерді енді қайдан табамыз деп іштей мүжілемін. Соңғы кезде көзі нашарлап кетіп еді, ол да бір себеп пе деймін қамығып. Рас, жазушы үшін жанардан қалу қасірет. Дидаш та оқудан қалды, жазуды доғарды, тіпті, теледидар көруге де тыйым салды дәрігерлер. Көзіне екі мәрте ота жасалды, наркоз берілді... Соның бәрі қосылғанда өзі бұрыннан дімкәс жүрек шыдамаған-ау, тегі!

Жалғыз ұлы да кештеу үйленіп, немересінің қызығына тоймай кеткені де күйзелтеді. Ұзақ күткен немересінің шілдеханасына бір-ақ күн қалып еді. «Ертең маған келіндер, Астанадан, Алматыдан достарымды, Шымкенттен құдаларымды шақырып, айды аспанға шығарып бір тойлаймын», деп қуаныш үстінде жүргенде қайтпас сапарға кете барды. Үш айлық немересі кейін өскенде жазушы атасын суреттен ғана көретін болды, аяулы атасын аңсайтын болды. «Дүние – жалған» деген осы...

Елге барған бұл жолы Бұқтырманы жағалап, аңғар бойын аралап жападан жалғыз біраз жүріп қайттым. Дидахмет жырлаған самырсынның сазына құлақ түрдім. Алтайдың күңіренгенін естідім, орманның ыңыранғанын сездім.

Біреу дүниеге келеді, біреу дүниеден көшеді. Бәрі де өмір заңы. Ешкім де мың жасамайды, дүниенің тұтқасы болған пенде тағы жоқ. Ол да ақиқат. Ол ақиқатты данышпан Абай да айтып кеткен.

Пенденің сұрағаны болмайды, Алланың қалағаны болады. Алайда, «жүрекке түскен салмақ айтса жеңілдейді» деседі. Артық кетсек, кешірім өтінеміз. Бірақ, біз де осы жолдарды егіліп отырып, жақсылық ниетпен, ізгілік үмітпен жазып тастадық. Бұл сөзімді абзал досына ғана емес, оның азаматтық тұлғасына да емес, төл әдебиетімізді әлі біраз сапалық белеске көтере алатын дара дарын, үлкен талантқа арналған РЕКВИЕМ деп қабыл алыңыздар.

Әлібек АСҚАРОВ.

АЛМАТЫ.

● *Басты байлық*

Дәрігерлерге санитарлық көлік берілді

Жамбыл облысының әкімі Кәрім Көкірекбаев жергілікті бюджет есебінен алынған 11 санитарлық көліктің кілттерін емдеу мекемелерінің басшыларына табыс етті. Атап айтар болсақ, Байзақ, Тұрар Рысқұлов, Талас, Қордай аудандық орталық ауруханалары мен Тараз қаласындағы бірнеше емдеу мекемелері жаңа техникаға ие болды.

Оралхан ДӘУІТ,
«Егемен Қазақстан».

Бүгінде Жамбыл облысы халқының денсаулығы үшін 42 аурухана, соның ішінде 10 орталық аудандық аурухана және 7 ауылдық аурухана, сондай-ақ, 377 амбулаториялық-емхана қызмет етіп жатыр. Елімізде денсаулық сақтау саласын дамыту, тұрғындарға заманауи, қолжетімді әрі сапалы медициналық қызметтер көрсетуде барлық жағдай жасалуда.

– Сондықтан бүгінгі күні денсаулық сақтау саласындағы ең басым бағыттардың бірі ана мен баланың денсаулығын қорғау болып табылады, – дейді Жамбыл облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ерлан Масалимов. – 2015 жылдың 4 айының нәтижесінде аналар өлімі көрсеткіші 47,5 пайызға төмендеді. Қазір облыс халқына медициналық көмекті 2751 дәрігер және 9834 орта буын қызметкерлері көрсетуде. Сондай-ақ, жылдан-жылға жас мамандар саны да өсуде. Өткен жылы облысқа 121 жас маман келсе, оның 73,6 пайызы ауылдық жерлерге жұмысқа орналастырылған.

Сондай-ақ, өңірде республикалық және жергілікті бюджет есебінен 2010-2014 жылдар аралығында 74 денсаулық сақтау нысанының құрылысы салынғаны белгілі болып отыр.

Жамбыл облысы.

Суретті түсірген Виктор БАРБАШ.

Қарақыстақ пен қара қағаз

Әкем Сауытбек Әділжанов – екінші дүниежүзілік соғыстың ардагері. Фин соғысынан бастап, фашистік Германиямен болған алапат майданға қатысты. Мәскеу, Сталинград түбіндегі шайқастарда қатарынан ауыр жараланды. Соғыс аяқталған соң, 1946 жылы елге қайтыпты. Соғыстан кейінгі өмірін өзінің туып-өскен жері – Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қарақыстақ ауылының өсіп-өркендеуіне сарп еткен жан. «Жақсы әкенің есімі балаларына қырық жыл азық» дегендей, ел ішінен, әкеміздің қатарластарынан, інілерінен «Әкең Сәукең қара күштің иесі еді, осы ауылды гүлдендіру жолында аянбай еңбек етті», деген мақтауларды көп еститінбіз. Әсіресе, аталас інісі Әлімбай аға Бердіқұловтың әкем жайлы естеліктері көп. Ауылымыздағы көзі тірі қалған ақсақалымыздың бірі осы Әлімбай ағамыз болса, екіншісі Орынтай аға. Әкемнің ағалары, құрдастары, өмірімдегі қадір тұтатын қасиетті қара шалдар, ауылдың бір-бір бәйтерегі іспетті. Ақсақалдардың айтуынша, атам 17-18 жасында қырғыздың Тістеуік батырын жекпе-жекте жеңіп, бүкіл Екей мен Есқожаның мерейін үстем етіпті. Көзі көк, алып денелі, тау тұлғалы қарттың бейнесі жадымда.

Есімде, әкеме мінгесіп, үнемі Сламқұл атаның алма бағына баратынбыз. Ол кісі алма ағаштың қыр-сырын айтып, кеңес беріп отыратын. Осы әкелерім өсірген апорт алмалар керемет үлкен еді. 1960-1970-жылдарда әр үйдің бақшасында елу-алпыс түп алма ағашы болатын. Сол алма ағаштарды баптап, өнімін сатып, одан түскен қаражат бір отбасының қажетіне жарайтын. Қара шалдың қасынан бір елі қалмайтын қараторы інісі Қасентай бар-тұғын. Бір жағы көршіміз, қыдыр қонған құмалақты шашып жіберіп, талай ақ батасын берген, ақжүрек тілеулес атамыз еді. Әкемнің достарынан Молдақұл, Кенжебай аталар, қара сөздің қаймағын бұзбаған шешен кісілер еді. Бастары қосыла қалса, ғибратты әңгімелер айтатын. Мен әкемді тәтем деп өстім. Жаздыгүні Қарақыстақтың батысы сары шұбар, жар тоғайға шөп шабуға барамыз. Көк шалғында демалып, ашымал көже ішіп, рахатқа бөленуші едік. Сондай күндердің бірінде әкемді әңгімеге тартып, соғыста бастан кешкен оқиғаларын айтып беруін өтініп қолқа салған едім. Сонда әкем демін ішіне тартып, аз-кем отырған соң, мына бір әңгімені айтып берді.

«...Көзімді ашсам аппақ, кең бөлмеде жатыр екенмін. Орыстың медбикелері күлімдеп, мені қоршап тұр. «О какой сильный казах и такой большой», деп бір-бірімен шүйіркелесіп те қояды. Мен болсам, бұл күйге қалай түсіп, тап болғанымды еске түсірудемін. Фашистерді келген жағына қуып, Кенигсберг қаласы үшін сұрапыл шайқастың тұтанып тұрған кезі болатын. Қаланы қоршап тұрмыз. Маршал Рокоссовскийдің армиясында қатардағы пулеметші болатынмын. Бір уақытта немістердің минометі ысқырып келіп, жақын маңға түсті. Лезде жанымдағы жауынгерлермен бірге топырақтың астында қалыппыз. Көретін күнім бар екен, бір қолым сыртта қалса керек, санитарлық рота жауынгерлерінің көзіне түсіппін. Мені байқаған олар қолұшын созып, санитарлық бөлімге жіберіпті. Араға 15 күн салып, Горький қаласындағы әскери госпитальдан бірақ шығыппын. Есімді жиған сәтім сол екен. Дәрігерлер төрт жарым ай емдеп, аяғымнан тік тұрғызды. Кенигсберг шайқасында немістің бір танкісін қиратқаным үшін, маған госпитальда III дәрежелі «Даңқ» ордені табысталды. Елге 1946 жылы қайттым. Шешең Рәш, әпкелерің Маржанкүл, Базаркүл, аған Әскербектің көз жастары ғой мені аман алып қалған, балам», – деп әкем бір атым насыбайын атып қойып, әңгімесін тәмамдады.

Анам Рәш Медеуқызының дауысы керемет, ән салғанда елді елітіп жіберетін. Мені түн жарым болса да, шайын қайнатып, күтіп отыратын. Шай ішіп отырғанда анамның айтқан әңгімелері менің бала көңіліме ертегі сияқты еді.

Анам әкеме 13 жасында 47 малға сатылыпты. 15 жасында екеуі некесін қиып, қосылған екен. Әкемнің әкесі Әділжан ата, өз байлығы өзіне жетіп артылған ауқатты кісі. Ал атамның інісі Сәмжан сол кездегі меценаттардың бірі Медеу Пұсырмановтың саудасын жүргізген жан. Барлығы кейін мал-мүлкі тәркіленіп, Сібірге айдалып кетіпті.

Соғыс аяқталса да, әкемнің хабарсыз кеткеніне шешем жабығып жүреді екен. «Соғыстың біткеніне бір жыл болса да, әкеңнен хабарошар болмады, не қайтыс болды деген қаралы хат та келген жоқ. Сол уақыттарда соғыстан Құдыс қайнағам аман-есен оралып қойған. Бір күні сол қайнағам, колхоз басқармасы шақыртты. Жүрегім алып-ұшып бір жақсылық хабар келгендей сезіндім. Жетіп бардым. Сол екен, қайнағам: «Сүйіктің келе жатыр» дегенді айтқанда, төбем бір елі көкке жетпей қуандым. Көзіме жас іркілді. Кеудемді кернеген сағыныш бүріп барады. «Стансадан ат арбамен алып келе жатыр, ендігі Қарақөтермеге келіп қалса, алдынан шығып қарсы алайық», – дейді. Жаяу жосып, балалар алдында жүгіріп келеді, Қарақөтермеге де табан тіредік. Әкең мінген ат арба да келіп жетті. Өңіне де қарамаппын, кеудесі толған орден, медальдар. Жылап көрістік. Ел-жұрттан айналайын, сондағы барлығы тік тұрып қарсы алғанын айтсаңшы. Кейін білдім, Құдыс қайнағам әкеңнің артынан өлді деген қара қағаздың бір жыл бұрын келгенін айтты. Алайда, балалары бар, ауыр тиеді деп, біздерден жасырған екен. Тірі келіп қалар деген тәтті үміті де болыпты жарықтықтың. Аруағыңнан айналайын, қайнаға!», – деді анам көзіне жас алып.

Әкемнің, ата-бабамыздың кіндік қаны тамған жері – Алматы облысы, Жамбыл ауданы, қарашаңырақ Қарақыстақ ауылы. Оңтүстігі Майтөбе, Мойнаққара, ары қарай Жаманқара, одан әрі қырғызбен шекаралас, батысында Суықтөбе, шығысында Қарақөтерме. Алыстан ауылды сағынып келгенде, атбасын осы төбеде іркіп, биігіне шыққанда Қарақыстағым көзіме жарқ етіп, көзіме ыстық көрінген еді дейтін әкем. Онан кейін Сүйінбай бабаның кесенесі әр қонақтың көзіне оттай басылады. Міне, осы Қарақыстақтан соғыс басталмай, 1940 жылы әскерге алынып, алғаш фин соғысына қатысып, Кенигсберг қаласына дейін, пулеметін жаяу сүйреп, туған еліне жеңіспен оралған көп жауынгердің бірі, әкем Сауытбек Әділжанұлы 1980-жылы, 80 жасында бақилық болды.

Әкем үшін ең ыстық, ең қасиетті мейрам 9 мамыр – Жеңіс күні болатын. Осы күні қайран әкем бір марқайып, ауыр еңбектен демалып, рахаттанып қалатын. Алматыдан інілері Сейдахмет Бердіқұлов, Бекболат Ақшалов, бірге туған інісі Қамытбек Ешмұханбет, жезде деп Тапайтай аға келіп, сәлем беріп, әкемді Жеңіс күнімен құттықтап жатушы еді. Әкем: «Әй, кемпір, қазанға етіңді сала бер, Алматыдан Шекендер (Сейдахмет Бердіқұловты осылай атаушы еді) келіп қалыпты, мен дүкенге барып келе қояйын», – деп қуаныштан құлдырандап кететін. Қайран әкем-ай!

Биыл сұрапыл соғыстың аяқталғанына – 70 жыл. Қолыма қалам алуыма да осы жайт түртті болды. «Туған жерге туың тік» деген нақыл сөз бар. Әкемді, оның үзеңгілес достары мен ағаларын, інілерін еске алып, қағаз бетіне түсіруімді перзенттік парызым деп білемін.

Өмірбек САУЫТБЕКҰЛЫ.

Алматы облысы,
Жамбыл ауданы,
Ұзынағаш ауылы.

● *Кәсібің – нәсібің*

Қазақ үшін оюдың орны бөлек

«Бота» шұлық фабрикасының өнімдерін көргеннен-ақ, отандық екенін аңғару қиын емес. Әсіресе, оның қазақы оюлармен өрнектелуі назарымызды аударды. Бірден осы істің басы-қасында жүрген кәсіпкермен жолығып, өндірістің тыныс-тіршілігімен танысуды жөн көрдік.

Динара БІТІКОВА,
«Егемен Қазақстан».

Бұл бұрын-соңды оюлы кілемдерімен талайды тамсандырып жүрген кәсіпкер, «Қазақ оюлары» ЖШС жетекшісі Толғанай Елекбаеваның еншісіндегі дүниелер екен. Бүгінде дәстүрлі қалыптасқан ою-өрнектерді жаңаша ойнатып, заманауи көрініс беріп, қазіргі қала мәдениетіне үйлестірген тамаша дүниелер өмірге келуде. Жаныңа жақын қазақы бұйым, әдемі оюлы кілемдер көңілді жайнатып жібереді. Бойдағы қан, қазақы болмыс сезеді ме екен, әйтеуір, оюлы бұйымдар өзіне бірден баурайды. Осындай ұлттық нәрселеріміздің ұлықтаушысы, көненің көзіндей болған құндылықтарымызды бүгінгі тұрмысымызға қайта қосып жүрген Толғанайды Астанадағы дүкеніне іздеп бардық.

«Қазақ оюлары» дүкені ешбір қосындысыз қой жүнінен тоқылған ою-өрнектерімен көмкерілген кілем, алаша, тұс киіздер, түйе және қой жүнінен жасалған төсек бұйымдары мен көрпелерін, сондай-ақ, киізден тігілген аяқ киімдер сатады. Енді, бұл бұйымдардың қатарын италиялық технологиямен тоқылып жатқан шұлықтар толықтырып отыр.

Шұлық фабрикасының іске қосылғанына 5-6 айдың шамасы болыпты. Жалпы, жобаның қолға алынғанына 3 жыл. Бұған дейін Италияға барып техникаға тапсырыс берген. Ол бір жыл құрастырылды. Құрылғыны елге жеткізіп, орын, үй-жайын дайындағанша біраз уақыт өтсе керек. Италиялық қондырғымен жабдықталған кәсіпорын тұтынушыларды жоғары сапалы өнімдерімен қуантып отыр.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорынан алған субсидиямен жұмыс істеп жатырмыз. Болашақта басқа да бағдарламаларға қатысуды жоспарлап отырмыз», деген кәсіпкер қазіргі күні ұлттық өнімге сұраныстың артып келе жатқанын айтады. «Жалпы, ұлттық бұйымдар сатумен айналысатын дүкендер күннен-күнге көбеюде, бізге тапсырыс интернет арқылы да түседі. Өнімдерімізді өңірлердегі өкілдеріміз арқылы жеткізіп береміз. Фабрика күніне 24 сағат жұмыс істейтін болса, 350-360 шұлық тоқи алады. Бірақ қазіргі күні 8 сағат жұмыс істеп, соған сай күніне 120-150 шұлық өндіреді», дейді Толғанай.

Кәсіпкер, жалпы, бұл салаға ұлттық дүниені насихаттау тұрғысынан келгенін айтады. «Бұл кәсіпке қызығушылығым бала кезден оянды. Киіз басудың бүкіл кезеңіне қатысқанмын. Кейін жоғары оқу орнында оқып жүргенде болашақ өмірімді қазақ тілінің мәселелерімен айналысуға арнаймын деп ойладым. Бірақ қазақ тілінің кең ауқымына байланысты әдебиетке де, тарихқа да, этнография, қолөнер, жалпы, түркі әлемі дүниесіне қызықтым. Әртүрлі халықтардың өкілдерімен бірге оқыдым, сондықтан, өзге ұлттармен өз дәстүріңді салыстыру болды. Оларға «қазақ деген қандай халық, несімен ерекшеленеді, өзге елден қандай айырмашылығы бар?» дегенде «міне, осындай ерекшеліктері бар» деп мақтанатын дүниені көрсетіп жүрдім. Соның бір дәлелі ретінде, бірге оқыған достарыма, жақсы көріп, жақын тартып қалған өзге ұлттық ұстаздарыма оюлы киізден жасалған бұйымдар сыйлайтынмын. Кейіннен киізбен айналысатын цех ашқым келді. Алайда, отбасылық жағдайыма байланысты мүмкіндік болмады. Таныстарымның бәріне осы идеяны ұсынып жүрдім. Ақыр аяғында өзім айналыса бастадым, дейді Толғанай. Ұлтжанды кәсіпкер халқымыздың ұлттық құндылықтары тұрғысында да өз ойымен бөлісті. «Әр халықтың өзінің рухани, материалдық құндылығы бар. Материалдық құндылыққа біздің ішкен тамағымыз, киген киіміміз, тұтынатын бұйымымыз жатады. Кез келген қазақтың ұлттық нақышқа деген сезімі бөлек, бір көненің көзін көргендей, ата-баба тарихымен байланыс тапқандай әсер алады. Жалпы, адамзат баласы мағлұматты көзбен, құлақпен, әдемі әуен арқылы да қабылдайды және сол арқылы өседі, өнеді, ұлттық қасиетке ие болады. Демек, бізді қоршаған дүние, орта, тұтынған дүние, тыңдаған музыка тәрбиелейді. Сол сияқты, әдемі қазақы ою біздің қазақы болмысымызды қалыптастырады деп ойлаймын. Киім киісіңіз, қоршаған дүниелеріңіз сіздің үнсіз айнаңыз. Осыны насихаттаудың тәрбиелік мәні зор. Этно үлгідегі интерьер отбасының болмысын, өткенге құрметін, болашаққа бағдарын айқындайды. Біз бүгінгі күні осы қазақ оюларын тұтынып, құрметтеу, насихаттау арқылы тарихпен рухани байланыс жасаймыз, болашақ ұрпаққа жеткіземіз. Ұлттық бояуы бар төл өнімдерімізді өндіре білсек, жеткілікті деңгейде насихаттай білсек, ертеңгі ұрпақ тұтынатын болады. Ұрпақ сабақтастығын өрбіту деген осы. Мен үшін басты мақсат – ұлттық құндылықтарымызды насихаттай отырып кәсібімізді дамыту. Өздеріңіз білесіздер, әлемдегі ең көне кілем атақты – Пазырық кілемі. Бір қызығы, Шығыс Қазақстан облысынан табылған атақты Берел қорымындағы сәйгүліктер бейнесі осы кілемде тоқылған. Өткенде Ұлттық мұражайға барып Берел қазбасының бұйымдарын қарап тұрып Пазырықтан табылған кілемдегі суреттер есіме түсті. Енді осы тақырыпты тереңірек зерттеу мені құлшындырып отыр. Осы деректер біз үшін тұрмыстағы дүние қаншалықты болмысымызға сай екенін көрсетеді. Елестетіп көрейікші, ендігі екі мың жылдан соң біз туралы ғалымдар не жазар екен?! Тілі шұбарланып кеткен, тұрмысында тек шетел бұйымдарын пайдаланып, ал өзіндік болмысынан тұқ қалмаған, кезінде «Алтын адам» табылған өңірдің ұрпақтары дер ме екен... Бірақ мен біз туралы ұрпақ жалғастығы үзілмеген, оның ең басты дәлелдерінің бірі – төрінде әрқашанда мыңжылдық тарихы бар, ою-өрнектері сақталған халық, ұлан-ғайыр елді мекенді жайлаған жұрт деген дереккөзі қалса деп қалаймын».

Қазіргі күні «Қазақ оюларының» кілемдері моңғолиялық «Эрденет» фабрикасында тоқылып жатыр. Ол бүгінгі таңда көптеген ірі дамыған мемлекеттер тапсырысын орындап отырған алып кәсіпорын. Олардың қатарында Америка, Жапония, Еуропа мемлекеттері, Австралия, Ресей және т.б бар. Осы фабрика өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары құрдымға кетіп бара жатқан кезінде бойында отансүйгіштік сезімі бар моңғол азаматы өзінің қаражатын жұмсап, шетелден кілем өндірудің қыр-сырын оқып, үйреніп, фабриканы қайта жандандырған екен. Соңғы он жылдың ішінде дүниежүзіндегі 10 ірі және сапа жағынан алдыңғы қатарлы фабрикалардың деңгейіне жеткізген.

Кәсіпкердің айтуынша, қазіргі күні тұтынушылар арасында қазақы жиһаз іздейтіндер жиі кездесіп жатады. Ендеше, неге бізге ұлттық өрнектермен көмкерілген жиһаз өндірмеске? Неге киіз үй шығаратын зауыт ашпасқа? Бұл ретте жүн өндірісін жандандыру керек. Жүн өнімі Қазақстанда тегін шашылып жатыр десек, артық айтқандық емес. Біздің еліміз үшін өте ұтымды сала жүн өндіру, себебі, шикізат өзінікі, табиғат, ауа райы да осы өнімді тұтынуға лайық және экспортта да сұранысы мол сала. Тек қолға алып, дамыту қажет. Ол үшін оқу орындарынан, маман даярлаудан бастау керек. Жаңа заманауи тоқыма саласы техникасының тілін түсінетін мамандар жоқтың қасы. Олай деуімізге дәлел, бір кішігірім шұлық өндірісіне маман табудың өзі зор машақат болыпты.

Қазіргі күні мемлекет кәсіпкерлерге көп мүмкіндік ашып отыр. Осыны ұтымды пайдаланып жүн өнімдерімен айналысатын мамандар, кәсіпорындар, оқу орындары жұмыс жасаса, оның өзі еліміздің көркеюіне үлкен үлес қосар еді.

АСТАНА.

Қайырымдылық

Қазақстанда тұңғыш рет аутизмге шалдыққан балаларды емдеуге арналған кешенді орталық ашылды

Алматы қаласында Болат Өтемұратов «Асыл Мирас» жеке қайырымдылық қорын ашқан. Орталық – аутизмге шалдыққан балалардың ата-аналар бірлестігі – «Ашық әлем» қоғамдық қорының серіктестігі болып табылатын «Аутизм. Әлем баршаға ортақ» қорының ауқымды бағдарламасын жүзеге асырады. Қордың келесі орталығы қыркүйек айында Астана қаласында ашылмақ.

Гүлзейнеп СӘДІРҚЫЗЫ,
«Егемен Қазақстан».

Аутизм – адамның сыртқы дүниеден оқшауланып, өзіменөзі болып, іштей сары уайымға салынған кездегі көңіл күйі. Бұл терминді 1912 жылы Э.Блейлер адамның ішкі эмоциялық қажеттіліктерімен реттелетін және шынайы әрекеттерге тәуелділігі шамалы аффективтік саланың айрықша түрін белгілеу үшін енгізген. Яғни, аутизм – бала дамуындағы ауытқушылықтың ауыр түрі, ол әлеуметтік ортамен қарым-қатынастың жоқтығын білдіреді. Аутизмнің белгілері көптеген психикалық ауруларда кездеседі, бірақ кейбір жағдайларда ерте жастан байқалып, бала дамуына кері әсерін тигізеді. Нақты симптом 2-3 жасқа қарай қалыптасуы мүмкін. Бірақ, аутист балалардың есте сақтау қабілеті жоғары болады.

Дүниежүзілік статистика бойынша, өмірге келген әрбір елуінші бала аутизмге шалдығады екен. 2014 жылы Қазақстан бойынша 1099 бала «аутизм» диагнозымен есепте тұрған. Мамандар соңғы 10 жылда олардың қатары еселеп өскендігін айтады. Ал тіркеуге тұрмағандардың саны бұдан бірнеше есе көп болуы да мүмкін деп болжайды. Өйткені, нақты аутизм диагнозын қою өте қиын. Тәжірибе көрсеткендей, аутизм басқа аурулардың астында жасырын тұрады. Егер баланың аутист екені қаншалықты ерте анықталып, уақытында коррекциялық көмек көрсетілсе, оның әлеуметтік ортаға бейімделуіне мүмкіндік соншалықты жоғары болмақ. Ал Қазақстанда әлі де болса ерте анықтау, ерте көмек беру, аутист балаларға білім беру, оларды қоғамға бейімдеу жағы ақсап тұр. Оның үстіне сапалы көмек бере алатын мамандар да тапшы. Аутизм шоғырындағы ауруларға шалдыққан балаларға инклюзивті білім берудің тетіктері қалыптаспаған. Біздің елде нақты аутизм диагнозы қойылған балаға қандай да бір әлеуметтік көмек көрсетілмейді. Баласы аутист отбасында анасы жұмыс істемейді. Яғни, қоғамға пайдалы, белсенді мүшесі болудан қалады. Анасының өзі қолдауға мұқтаж. Сондықтан, Қазақстанда бірегей салааралық өзара байланыстың жоқтығынан, ата-аналар өз бетінше жекелеген орталықтарға баруға мәжбүр. Елімізде аутизм диагнозы қойылған жан мүгедек деп есептелмейді. Десе де, аутизмге шалдыққан балалардың ата-аналары бірлесіп, осы түйткілдерді шешудің түрлі жолдарын қарастырып жүр.

Міне, бүгінгі ашылып отырған кешенді орталық осы мәселенің шешімін табуына өз үлесін қоспақ. Орталықта балалар мен олардың ата-аналары кәсіби мамандардан көпатқарымды көмек алады. Баланы жеке оңалту курсы 6 айға арналған, бұл кезеңде «Асыл Мирас» алматылық орталығы 90 балаға кешенді көмек көрсетеді.

«Аутизм. Әлем баршаға ортақ» бағдарламасы аутизмді түзетудің екі әдістемесін енгізеді. Біріншісі – классикалық, бұл жағдайда баламен әлеуметтік-коммуникативтік және танымдық, тілдік және күнделікті өмірдің дағдыларын пысықтайды. Онда баламен 4 маман жұмыс істейді: психолог, дефектолог, логопед және әлеуметтік педагог. Жұмыстың екінші әдісі – АВА терапия, бұл мінез-құлықтың тілдік және базалық дағдыларын бағалаудан тұрады, осылайша әрбір балаға жеке педагог қарастырылған. Барлығы 544 дағды бөлінген, олардың негізінде әрқайсысына жеке бағдарламалар жасалынған. «Асыл Мирас» орталығының әрбір маманы мінез-құлықтың қолданбалы талдануы, аутизм диагностикасы, сенсорлық ықпалдастық бойынша оқыту тренингтерін, сонымен бірге, басқа да мамандандырылған курстардан өткен. Бағдарлама жоспарында – жеке орталықтар үшін мамандарды оқыту, сонымен бірге, Қазақстан бойынша мамандардың методологиялық және тәжірибелік білімдерімен алмасады.

– Біз аутистикаға шалдыққан балалардың әлеуметтенуі мен толыққанды өмір сүруіне көмектесеміз. Біздің қордың міндеті – оларды Қазақстанда әлемдік деңгейдегі оңалту бағдарламаларымен қамтамасыз ету. Сондықтан да, біз «Ашық әлем» қоғамдық қоры сияқты мықты серіктестермен, сондай-ақ, оңалтудың жетекші әлемдік мамандарымен жұмыс істейміз. «Аутизм. Әлем баршаға ортақ» бағдарламасы жұмысының алғашқы үш жылында біз ең аз дегенде 1 000 отбасыға әлеуметтену мен оңалту жағынан көмектесеміз, ал Қазақстанда адамдардың 15 пайызы аутизм проблемасы туралы алғашқы мағлұматтарын алады», – деп түсінік берді «Асыл Мирас» қорының директоры Марат Айтмағанбетов.

Осы жылдың қыркүйек айында екінші аутизмге шалдыққан балалар орталығы – Астана, ал 2016 жылы Өскемен мен Қызылорда қалаларында ашуды жоспарлап отыр. Балалар орталықтарының ашылуы «Аутизм. Әлем баршаға ортақ» бағдарламасының ресми бастауы болып табылады. Жыл сайын аутизмге шалдыққан 600 бала мен олардың отбасылары бағдарламаның қатысушылары бола алады. Ерте диагностика, кәсіби оңалту бағдарламалары мен әлеуметтік ықпалдасуды енгізу Қазақстандағы ерекше балалардың өмір сүру сапасын жоғарылатуға бағытталған. Барлық орталықтар тегін қабылдайды.

– Аутизмге шалдыққан балалардың 60 пайызын қоғамға бейімдеуге болады. Ел қатарлы жұмыс істеп, отбасын құра алады. Бұрын аутист балаларға ақыл-ес дамуының тежелуі, алалия, шизофрения диагнозын қойған. Орталықта қырық маманнан тұратын, Қазақстанның жетекші сарапшыларынан дәріс алған, аутизм мәселесі бойынша шетелдердің (Америка, Ресей) алдыңғы технологияларымен таныс, психологтар мен педагогтардың салааралық командасы жұмыс істейді. Мамандардың жұмысы мінез-құлықтың қолданбалы талдануын пайдалану әдісіне негізделген, осының нәтижесінде балалар әлеуметтік ортаға тез бейімделеді, – деп атап өтті «Ашық әлем» қоғамдық қорының президенті Әлия Архарова.

Аутизмге шалдыққан балалар орталығына жазылу e-mail: autism@asylmiras.org. Алматыдағы Орталықтың мекен-жайы: Попов көшесі, 27 үй (Шашкин көшесінің қиылысы), 8(727)32104 62 www.autism.asylmiras.org сайтында көбірек ақпараттар алуға болады.

● *Үйренетін үрдіс*

Тілін тапса, терек те табыс көзі

Сәуір айының соңы терек өсірушілер үшін ерекше жауапты күндер болып табылады. Себебі, осы уақытта олар қыстай топырақ астында көмулі жатқан терек бұтақтарын қазып алады. Оны жуандығы мен бүртіктерінің санына қарай ұзындығын 15-20 см. көлемінде кесіп алып, қалемшелер арқылы көбейту жұмысын жүргізеді.

Өкінішке қарай, қосымша қаржы жұмсамай-ақ ағашты жылдам әрі тиімді көбейтудің бұл жолын білетіндер бүгінде аса көп емес. Сондықтан, «Гүлстан» республикалық ғылыми-танымдық, көпшілік журналы мен «Гүлзар» қоғамдық бірлестігі Алматы облысы Кербұлақ ауданының Басшы ауылындағы Райымбек атындағы және Алматы қаласының Алатау ауданындағы №178 лицейде арнайы шаралар өткізіп, осы саладағы өздерінің іс-тәжірибелерімен бөлісті. Онда терек қалемшесін әзірлеу және оны отырғызу жолдары көрсетілді. Мәселен, тәжірибелік жиында Басшиде Алматы облысының Кербұлақ, Көксу және Панфилов аудандарынан келген әлеуметтік сала өкілдері, ал Алматыда негізінен мектеп мұғалімдері мен оқушылары қатысты. Бұл шара барысында қатысушыларға терек қалемшесін тәжірибелік алаңқайға өз қолдарымен отырғызып қана қоймай, оны өздері қызмет жасайтын мекемелер мен үйлерінде де өсіруі үшін терек қалемшелері тегін таратылды.

Елімізде жыл сайын білім беру, денсаулық сақтау мекемелері мен жергілікті атқару органдарына және түрлі деңгейдегі елді мекендерді көгалдандыру жұмыстарына бюджеттен қомақты қаржы жұмсалады. Аулаға, көше мен саябаққа егу үшін сатып алынатын мыңдаған көшеттердің, өкінішке қарай, көпшілігі өнбей қалады немесе күтім жасалмағандықтан, белгілі бір уақыттан кейін құрап қалады. Алайда, оның есебін жүргізіп, атқарылған жұмыстың қаншалықты тиімді-тиімсіз болғанын талдап, сараптама жасап жатқан ешкім жоқ. Сол себепті әрдайым көктемде және күзде жүргізілетін ағаш егу акциялары кезінде ұрандатып бастаған жұмыстардың басы таудай болғанымен, аяғы қылдай болып жататыны ешкімге құпия емес.

«Біздің мақсатымыз – түйткілді мәселенің түйінін қалай шешуге болатынын көрсету. Ағаш егуді жалаң ұранға айналдырмай, оған жұртшылықты ерікті түрде қызықтыру. Қоршаған ортаны көгалдандыру мәдениетін дамытып, бұл саланы табыс көзіне айналдыру жолын көрсету», дейді «Гүлзар» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Бәтима Қаймолданова.

Энергетика саласында жоғары оқу орнынан арнайы білім алып, мамандық алып шыққан Гөзел Құлжабаеваның өсімдіктер әлеміне деген қызығушылығы бұл күнде көзі қарақты оқырманға жақсы таныс. Оның гүл өсіріп, ағаш отырғызу арқылы жас ұрпақтың бойына балабақша қабырғасынан бастап қоршаған ортаны қорғау мәдениетін сіңіру идеясы бүгінде республиканың түкпір-түкпірінде түрлі деңгейдегі білім беру мекемелері арасында қызу қолдау тауып келе жатыр.

«Гүлстан» республикалық ғылыми-танымдық, көпшілік журналының бас редакторы Гөзел Құлжабаеваның айтуынша, қалемше арқылы көбейту жұмысын тек терекке ғана емес, өзге де ағаштар, бұталар мен гүлдерге де қолдануға болады. Тек оның өзіндік ерекшеліктері бар.

Тез өсетіндігі мен әсемдігіне байланысты елді мекендерді көгалдандыруда кең қолданылатын терек ағашын кейбір азаматтар гүлдеген кезде ұшатын ақ ұлпалары аллергия тудыратындықтан, ұнатпайды. Алайда, бұл қолайсыздықтан құтылудың да жолы бар екенін олардың көпшілігі білмейді. Мамандардың айтуынша, терек егетін кезде оның еркегі мен ұрғашысын ажырата білу керек. Егер бұл ағаштың еркегін отырғызсаңыз, гүлдемейтін болғандықтан, одан ешқандай қолайсыздық туындамайды.

Жалпы, жақсы қараса бойы жылына 3 метрге дейін өсетін терек ағашын тек сәндік үшін ғана емес, табыс табудың бір көзі ретінде де өсіруге болады. Оны бал шаруашылығы, дәрідәрмек, қолөнер, құрылыс, парфюмерия, сіріңке, тері илеу өнеркәсібі және тағы басқа да сан алуан шаруашылық салаларында қолдануға мүмкіндік бар.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
журналист.

АЛМАТЫ.

● *Оқиға*

27 маусым күні аптап ыстық + 35-ті көрсеткен талтүсте М.Жұмабаев пен К.Сүтішев көшелерінің қиылысында ешкім күтпеген оқыс оқиға орын алып, осы маңай тұрғындарын біраз әлекке салды.

Өмір ЕСҚАЛИ
«Егемен Қазақстан».

«Пицца Хаус» дәмханасы, шаштараз, балалар орталығы және бірнеше сауда нүктелері қоныстанған «Нұрпарк» ойын-сауық кешені көзді ашып-жұмғанша алапат өрт құшағына оранды. 4 сағаттан аса уақытқа созылған қызыл жалынды ауыздықтауға төтенше жағдайлар департаментінің құтқарушылары жедел жетіп, 70-тен астам өрт сөндіруші мен 22 техника жұмылдырылды. Алайда, көтерілген желдің салдарынан тілсіз жау көрші орналасқан 5 қабатты тұрғын үйге ауыз салып, шатырды жалмап түсті. Абырой болғанда, ғимараттың қабырғалары ірі панельден тұрғызылғандықтан, аман қалды.

Ішкі істер департаменті қызметкерлерінің белсене атсалысуымен 100-ге жуық тұрғын қауіпсіз жерлерге шығарылды. Олардың арасында жас балалар мен мүмкіндігі шектеулі жандар да болды. Пәтерлер газ, электр қуатынан ажыратылды.

Айтып келмес апат куәгерлерінің айтуынша, 3 қабатты кешен тамтығы қалмай жанып кеткен. Шамасы өрт ұшқыны сырты тез жанғыш материалдармен қапталған ағаш ғимараттың төбесінен тұтанған сыңайлы. Тұрғын үйдің шатыры түгелдей өртеніп, дәліздер, желдеткіштер, спутниктік байланыс қондырғылары қатты зақымданған. Терезе шыныларының күл-талқаны шығып, үңірейіп тұр. Бұл үйге осыдан екі жыл бұрын тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту бағдарламасы бойынша күрделі жөндеу жүргізіліпті. Енді қайтпек керек? Ай сайын жүйелі төленіп келген несиенің желге ұшқаны ма? Тұрғындардың қатты қиналған тұсы осы болды.

Араға күн салып, оқиға болған жерге аймақ басшысы Ерік Сұлтанов келіп, тұрғындармен кездесті. Жағдаймен жете танысқанын, тұрғын үйдің шатыры мен дәліздерін жөндеу жұмыстарына жергілікті қазынадан 25 миллион теңге бөлуге тапсырма бергенін жеткізді. Тілсіз жаудан қатты жапа шеккен 13 пәтер иелеріне 139 мың теңге мөлшерінде көмек қарастырылатын болды.

– Жеке меншік иелеріне тиесілі ғимараттағы өрттің себептері зерттелуде. Оның нақты қорытындысы сараптамалардан кейін белгілі болады,– деді БАҚ өкілдеріне берген сұхбатында төтенше жағдайлар жөніндегі департамент баспасөз қызметінің жетекшісі Евгений Журавлев.

Солтүстік Қазақстан облысы.

● *Білім. Бағдарлама. Білік*

Елбасы Н.Назарбаев «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» Жолдауында «Индустриялық-инновациялық даму» мемлекеттік бағдарламасының екінші кезеңі бойынша еліміздегі 10 алдыңғы қатарлы жоғары оқу орнында білікті де сапалы маман даярлаудың мәнмағынасын айрықша атап көрсетіп, бағыт-бағдарын айқындап берді. Бүгінде осы міндетті жүзеге асыратын жоғары оқу орындары анықталып, олар Жолдауда айтылған талаптың үдесінен шығу үшін іске кірісіп кетті. Мұндай ерекше сенім артылып, ондыққа енген оқу орнының бірі – М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті.

«Өресі биік маманға әркез жол ашық»

– дейді М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры, академик Жұмахан МЫРХАЛЫҚОВ

Марат АҚҚҰЛ,
«Егемен Қазақстан».

Индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасының екінші кезеңі аясында мамандар даярлау қажеттігі жөнінде берген тапсырмасы еліміздегі жоғары оқу орындары үшін ауқымды үлкен Ұлттық жобаға айналды. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің ұжымы мұны әлемдік тәжірибеге негізделген, білім мен өндірісті ұштастырып, нақты нәтижеге қол жеткізетін бастама деп отыр. Әлемдік тәжірибе деп тектен-текке айтылып отырған жоқ. Мамандар бастаманы кезінде Германияда жүзеге асырылған «Үздік нәтижелерге жету бастамасымен», Қытайдағы «Жоба – 985» деп аталған ұлттық жобасымен салыстырады. Дегенмен, қазақстандық жобаның өзіндік ерекшелігі бар. Бұл бастаманың бір артықшылығы – жауапкершілігі өте жоғары.

Бес институттық реформаны жүзеге асыратын Ұлт жоспарының «100 нақты қадамында» 10 жетекші жоғары оқу орнының кадрлар дайындаудағы міндеті арнайы бекітілген. Іріктелген бұл 10 университеттің алдына қойылған жауапты тапсырма бүгінде Үкіметтің, Білім және ғылым министрлігінің тікелей бақылауына алынған. Жоғары оқу орындарына нақты талаптар ұсынылып, олардың әлеуеті мен аймақтық мамандандыру жағын да кеңінен таразылаған Білім және ғылым министрлігі магистратураның 24 бағытын анықтады. Осы 24 білім беру бағытына сәйкес Индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасының екінші кезеңінде алты басымдық негізінде жоғары дәрежелі техникалық мамандар дайындалмақ. Мәселен, М.Әуезов атындағы ОҚМУ химия, мұнай, тамақ өнеркәсібі, сондай-ақ құрылыс индустриясы үшін магистрлер дайындау бойынша бағдарламалар әзірлеу үстінде. Осы арада мынаны айтқан жөн, аталмыш бағыттар Қазақстанның оңтүстік өңірінің инновациялық даму жоспарына толығымен сай келеді.

Университет ректоры, академик Жұмахан Мырхалықовтың сөзіне сүйенсек, бұл іргелі оқу орны бұған дейін де өзін еліміздің оңтүстік аймағына, яғни Шымкент өңірімен қатар Жамбыл және Қызылорда облыстары үшін де техникалық мамандар дайындауға қабілеттілігін даусыз дәлелдеп келді. Нақтырағына көшсек, «Минералдық тыңайтқыштар синтезі» бағдарламасы Оңтүстік Қазақстан облысындағы химиялық өнеркәсіптерімен қатар, «Тараз химиялық паркін» де білікті мамандармен қамтамасыз етпек. Ал «Силикаттық материалдар технологиясы» магистрлік бағдарламасы бойынша дайындалған мамандар жоғарыда аталған үш облыстың құрылыс индустриясы саласындағы мамандарға туындаған қажеттілікті 90 пайызға жабады. Демек, бұл салада тағы да 50-ден астам нысан ашылмақ.

Тамақ өнеркәсібі – оңтүстік өңірдің негізгі басымдықтарының бірі. Сондықтан, ОҚМУ «Тамақ инженериясы және азық-түлік қауіпсіздігі» атты арнайы бағдарлама әзірледі. Бүгінде осы бағдарлама негізінде маман дайындауға 200-ден астам өтінім түсті. Жаңа магистрлік бағдарламаны әзірлеуге арнайы «Жол картасы» жасалды. Енді соған байланысты бұл магистрлік бағдарламаның артықшылығы неде деген сауал туындайтындығы анық. Оған жауап – ең маңыздысы, ендіріліп жатқан жобалардың технологиясына баса назар аударылады. Алғашқы кезеңде кәсіпорындардың алдында тұрған міндеттер зерттеліп, екшелді. Мысалы, құрылыс материалдары өнеркәсібінде – цементті құрғақ тәсілмен өндіру, сондай-ақ, цементтің арнайы түрлерін шығару бүгінгі күннің арқауына айналып отыр. Ал мұнайды қайта өңдеу саласында каталикалық крекинг қондырғыларын жаңғырту, дизельді депарафинизациялау, Еуро-4,5 маркалы бензин шығару технологиясын енгізу қазіргі таңда көкейкесті болып тұр.

Химия өнеркәсібінде қышқылсыз технологияларды ендіру, ұзақ уақыт күш беретін кешенді минералдық тыңайтқыштарды өндіру өзекті мәселеге айналып келеді. Түрлі сала алдындағы осы күрделі міндеттер білім беру бағдарламаларының негізі мен сипатын құрап отыр. Университет басшылығы ұзақ уақыт бойы өнеркәсіп орындарымен және аймақтық кәсіпкерлер палатасымен бірлесе отырып, оқу орнына қандай бітіруші түлек керек деген мәселені жіті талқылаған. Сол талқылаулар нәтижесінде білікті бітірушінің келбеті сомдалыпты. Яғни, басты мақсат әйтеуір, қолында дипломы бар маманды даярлап шығу емес, ол маманның қарым-қабілеті неге жетеді, ой-өрісі, тәжірибесі қай деңгейде болу тиістігі күні бұрын анықталады. «Мұндай тәсіл кәсіпорындардың бізге деген сенімін арттырып, болашақ магистрлерді жұмыспен қамтамасыз ету кепілдігін берді. Жалпы, біз 500 магистр дайындауға өтінім (тапсырыс) алып, келісімшартқа қол қойдық. Биылдың өзінде магистрлік бағдарламасы бойынша 210 адамды қабылдамақпыз», дейді университет басшысы.

Мұндағы маңызды артықшылық – магистрлік бағдарламалары Германияның аккредиттеу агенттігінде (ASIIN) аккредиттелген, яғни тіркелген мамандықтар бойынша әзірленген. Бұл – бағдарламалардың жоғары деңгейінің айғағы. Себебі, магистранттар жарты жыл бойы өндірістік тәжірибеден өтеді. Сондықтан, әзірленіп жатқан магистрлік бағдарламаларды нақты өндіріспен ұштасқан бірегей білім беру өнімі деуге болады. Әрине, мұндай білікті мамандарға еңбек нарығында сұраныс үлкен екендігі сөзсіз.

Жұмахан Мырхалықовтың айтуынша, Елбасының тапсырмасы бойынша басталған жобаға еліміздің айтулы жоғары оқу орындарымен қатар өндірісшілер де кеңінен тартылады. Әрине оқу бағдарламаларын тек университеттің бір өзі қалыптастырып жатыр деу артықтау болар еді.

– Жалпы, менің басқару стилімдегі қағидам – оқу орнындағы бір салаға арнайы көңіл бөліп, әр жылды тек сол саланы тереңірек дамытуға тырысамын. Мәселен, өткен жылды педагогика мамандықтарына қыруар қаржы бөліп, кем-кетіктерін түзеп, кафедралардың жағдайын жасап, студенттерге сапалы білім берудің түрлі жолдарын ұсынып, ұстаздарды тәжірибе жинақтау үшін іссапарларға, семинарларға жіберуді үрдіске айналдырдық. Сол секілді биыл ауыл шаруашылығы саласына ден қойып, оны дамытудың, нағыз кәсіби мамандар даярлауға барынша күш салудамын. Біздің бизнесте, өзінің тиісті саласында үздік саналатын шетелдік университеттер арасында стратегиялық әріптестеріміз бар. Бұл бағдарламаға Оңтүстік Қазақстан облысының өңірлік кәсіпкерлер палатасы тікелей қатысып отыр. Әрбір бағдарлама бойынша салалық кеңес құрылған. Аталған кеңес кадрларды дайындау бағдарламасының мазмұны мен тәжірибелік контентін, сондай-ақ оқыту әдістемесі мен бағалау жүйесін анықтайды. Біз алдымызға оқыту бағдарламасын өңірдің инновациялық даму бағдарламасына барынша кіріктіру мақсатын қойдық. Бұл тұрғыда Оңтүстік Қазақстан облысының басшылығы бізді толық қолдап отыр. Мынаны ұмытпауымыз керек, зерттеу жұмыстары магистратураның құрамдас бөлігі болып табылады. Біздің өндіріске барған түлегіміз ғылымды қажетсіну деңгейін арттырып, тек атқарушылықпен шектелмей, технологиялық үдерістерді ұйымдастырып, инновацияны басқаратын дәрежеге жетуі тиіс. Ал мұндай мақсаттарды

өндірісшілерсіз бағындыру мүмкін емес. Бизнес-серіктестеріміз ретінде «ҚазФосфат» ЖШС, «ПетроКазахстанОйлпродакт» ЖШС, «Hill Corporation» ЖШС, «СтандартЦемент» ЖШС, «Фудмастер» ЖШС, «Шымкент сүт» ЖШС, тағы басқа да мекеме, кәсіпорындарды ілтипатпен атауға болады, – дейді Ж. Мырхалықов.

Осы өндіріс орындарының өкілдері магистрлік жұмыстарға басшылық етіп, оқу модульдерін жүргізеді екен. Бұған қосымша ОҚМУ-дың бастамасымен Бавария химия кластері және Бірлескен химиялық компаниясымен әріптестік орнатылған. Университет басшылығы басты жетістіктер осы тұрғыдағы отандық және халықаралық ықпалдастық пен бірлестік аясында жатыр деп санайды.

ОҚМУ-дың айтарлықтай жоғары позициясы (орны, беделі, мәртебесі) әлемдік рейтингтегі үздік университеттер – Мюнхен техникалық университетімен (Германия) және Гента университетімен (Бельгия) магистрлік бағдарламаларды бірлесіп әзірлеу бойынша келісімшартқа отыруға мүмкіндік берді. Бұл екі университет те «ТОП-100» әлемдік рейтингіне енген жоғары оқу орындары. Гента университеті жоғары деңгейдегі зерттеулермен шұғылданатын ЖОО-ның классикалық үлгісі. Ал Мюнхен техникалық университеті өзінің кәсіпкерлік типтегі стратегиясы тұрғысынан ОҚМУ-ға едәуір ұқсас. Олар да ОҚМУ сияқты студенттерге кәсіпкерлік дағдыларын үйретуге басымдық береді. Бекітілген бағдарламалар арқауында студенттер бір семестрді Мюнхен техникалық университетінде, ал «Тамақ инженериясы» бойынша зерттеу тәжірибесін Бельгияның белгілі «Package4Food» кәсіпорнында өткізеді. Аталған университеттер магистрлік бағдарламаларды әзірлеумен бірге сол бағдарламаларды орындауға да қатысады. Ректор Ж.Мырхалықовтың әңгімесіне назар аударсақ, мұнда бірқатар күрделі мәселелер бар. Еуропаның айтулы университеттерінің профессорларын бір семестрге алдыру оңай шаруа емес. Олардың жалақылары да бізбен салыстырғанда бірнеше есе көп. Бұл тұрғыда Білім және ғылым министрлігінің қаржылық қолдауы университетке еуропалық әріптестерді тек кеңесшілер ретінде емес, оқу модульдерін жүргізушілер ретінде тартуға да мүмкіндік беріп отыр.

– Біз алдымен отандық өндірістің ерекшеліктерін ескере отырып, мүлдем (затымен) жаңа білім бағдарламаларын әзірлеуді мақсат етіп қойғанбыз, алайда еуропалық тәжірибені көшіру немесе бейімдеуді мақсат тұтпағанбыз. Осыған орай магистрлерді дайындаудың негізгі бағдарламаларының 30 пайызын өзіміздің университеттің ұстаздары, тәжірибе негізінде дайындауды – бұл жалпы дайындықтың 30 пайызын құрайды, оны өндірісшілер өздерінің жауапкершілігіне алады, ал әзірлеу бағдарламасының қалған 40 пайызы (бұл зерттеу модульдері) шетелдік ЖОО профессорларының еншісіне тиіп отыр. Әрбір модуль бойынша дербес әрі топ құрамында зерттеулер жүргізіледі. Негізінен бұл әрбір магистрдің дербес және топ құрамында математикалық модульдерді әзірлеп, жобалық шешімдерді қабылдауын мақсат тұтады. Мюнхен қаласында екі рет болдым. Ондағы университеттегі білім беру жүйесі таңғаларлық. Студенттер тек аудиториямен шектеліп қалмай, өз кәсібінің нағыз мамандары болып шығады. Өйткені, оқу орнындағы әр кафедраның өз зауыты, фабрикасы, лабораториясы бар. Ал кафедра сол зауыттың ішінде орналасқан. Кабинеттері мен аудиториялары да осында. Шәкірттер сол жерде білім алады әрі зауыттағы қайнаған жұмысты өз көзімен көріп, құрылғылармен жұмыс істеп, тәжірибе арттырады. Дипломдарын да сол жерде қорғап қалыптасады. Теория мен өндірісті қатар меңгерген студент нағыз маман болып түлеп ұшады. Біздегі оқу жүйесіне осы тәжірибені кеңінен тарту қажет. Жасыратыны жоқ, кейбір жекеменшік оқу орындарында студенттер жыл бойы бірекі кітаппен білім алып шығады. Іс-тәжірибе көрмей өндіріске келгенде біліксіздігін байқатады. Сол себепті мұндай тәжірибесіз маман даярлауды тоқтату үшін студентке оқу мен тәжірибені ұштастыра білім беру жүйесін жетілдіріп жатырмыз. Өздеріңізге белгілі, ОҚМУ Қазақстандағы үздік ұштікке кіретін оқу орны. Демек, ол өзінің мәртебесіне лайықты болуы қажет. Біздің түлектер өз ісінің шебері болуы керек. Сол үшін дуалды оқыту жүйесіне біз де көшіп жатырмыз. Мысалы, осы жылы облыс әкімдігі бізге арнайы 100 гектар жер бөліп берді. Қазір онда үш жылыжай жұмыс істеуде. Жылыжайға көкөніс, жемістерді егіп, оны баптап, өсіріп отырған өзіміздің оқытушылар мен студенттер. Қазірдің өзінде студенттер әлгі жерде жұмыс істеп, тәжірибе жинақтауда. Өзіміздің мамандар оларға жерді қалай өңдеу керектігін, арықтарды қазу, егінді егу, суару, шөбін шабу, дәрілеудің барлығын үйретуде. Жылжайларға 50-ге жуық көкөніс, дәнді дақылдарды ектік. Оның ішінде елімізде жоқ дақылдардың тұқымын Калифорния секілді ауыл шаруашылығы дамыған аймақтардан алдырттық. Студенттер дақылдарды өсіріп, зерттеу үстінде. Бір жылдың ішінде керекті техникалық құралдардың, көліктердің барлығы алынып берілді. Өндірілген өнімнің 70 пайызын қызмет еткендер алса, қалған 30 пайыздық пайдасын университеттің бюджетіне құяды. Мюнхен университетінде осындай жүйе қалыптасқан. Жылжайдан бөлек газды-бетон өнімдерін шығаратын зауыттың құрылысын жүргізудеміз. Оған да жергілікті әкімдік жер бөліп, инфрақұрылымдарын тартып берді. Университеттегі құрылыс кафедрасының студенттері зауытты өздері тұрғызуда. Кейінгі жылдары қайта жаңғырған студенттік құрылыс жасақтарының да көп көмегі тиюде. Болашақта зауытта студенттер іс-тәжірибе жинақтайды. Мәселен, инженер, экономист, эколог секілді бірнеше мамандықтың студенттері зауыттың жұмысына өз үлесін тигізбек. Мұнымен тоқтап қалмай ветеринарлық клиниканың жұмысын да бастамақпыз. Ветеринар мамандар малды будандастырып, емдеу жұмыстарымен айналысады. Шындығына келсек, қазір малды емдемек түгілі жанына жолап көрмеген мамандар табылады. Міне, болашақта сондай түк білмес шала ветеринарларды даярлаудан, қолдарына диплом беруден сақтануымыз керек. Клиникамыз ашылған бойда шәкірттерімізге тәжірибе жүргізу үшін 100 бас мал сатып алуды көздеп отырған жайымыз бар. Сонымен бірге, электр қуатын үнемдегіш шамдарды шығару жоспарын да түзіп қойдық. Жалпы, электр үнемдеуге көшуді Елбасының өзі де тапсырып отыр. Бұл жүзеге асқан жағдайда электр қуатына кететін шығынды бірнеше есеге дейін қысқартуға болады. Бүкіл әлем қазір осыған келе жатыр. Біз де көштен қалмауға тиіспіз. Сондықтан, мұндай тиімді жоғары жобаны қолдау мақсатында облыс әкімдігі Индустриялық карта шеңберінде жер бөліп берді, – дейді Ж.Мырхалықов.

Аталған жобаның негізгі мақсаты – жоғары дәрежелі мамандар дайындау. Бұл – өте маңызды мәселе. Міне, соған сәйкес, мәселенің мәнісіне әрбір оқу бітірушінің бәсекеге төзімділігі тұрғысынан қарау керек. Оқуды аяқтаған жас маманның біліктілігі сертификатталған болуы міндетті. Өкінішке қарай, Қазақстанда жоғары оқу орнын аяқтағаннан кейінгі алған білімді сертификаттау жүйесі енді ғана қалыптасып келеді. Осы жағдайды ескеріп-екшеген университет атқаратын ісіне аса зор міндет қойып отыр. Алдағы уақытта бітірушілердің Еуропа инженерлері қауымдастығы федерациясының (FEANI) кәсіби сертификатын алуы жоспарланған. Осылайша университет бітірушілері Еуропалық инженерлер реестріне енеді, сол арқылы халықаралық еңбек нарығына жол ашылады. Бұл міндетті шешу үшін ОҚМУ Еуропада инженерлік білімді аккредиттеу желісінің (ENAEE) стандарттарын іс жүзіне асырып, бағдарламалар құрамына енгізді. Бағдарламалар бойынша дайындалған магистрлер EUR-ACE белгісін, ал соңынан «Еуроинженер» атағын алады. Бұл стандарттар технологиялық жобалау мен экологиялық қағидалардың қатаң сақталуын талап етеді. Университет осы тәсілді орынды деп санайды. Себебі, аймақтық кәсіпорындардың көпшілігі шетелдік технологиялармен және тиісті қондырғылармен жұмыс істейді.

Бұған қоса кадрлар дайындау процесінің химиялық бағыты ескеріліп, алдағы тамыз айында оқу бағдарламалары Еуропалық химия желісінің (ECTN) сараптауынан өтеді. Бұл химия саласында білім беретін 170-ке жуық білім ордасы мен 37 елдің кәсіпорындарының басын біріктірген беделді ұйым. Ал Қазақстанда тек ОҚМУ ғана осы ұйымның толыққанды мүшесі екендігін атап айтқан жөн.

Академик Жұмахан Мырхалықовтың пайымдауынша, зертханаларды жарақтандыру – қолға алған жобалардың табысты болуының алғышарты іспетті. «Бұл тұрғыда Елбасы жоғары мектепке бұрын-соңды болмаған қолдау көрсетті. Осы мақсат үшін Ұлттық қордан арнайы қаржы бөлінді. Білім және ғылым министрлігі жабдықтарды сатып алу тәртібін бекітті. Ал біздер өзіміз үшін инженерлік бағыттағы аймақтық зертхана айналасында ірі ғылыми-зерттеу кешенін құруды жоспарлап қойдық. Аймақтық зертхана аккредиттеуден өткен, сондай-ақ «ilac-MRA» белгісі бар. Жаңа зертхана кешендері үшін бізге қосымша қаржы бөлінген. Бұл қаражат шетелдің жетекші компанияларының құрал-саймандарын сатып алуға мүмкіндік береді. Еліміздің оңтүстігінде алғаш рет тамақ қауіпсіздігі зертханасы, гербицидтер мен инсектофунгицилдерді синтездеу, жаңа құрылыс материалдарын зерттеу-сынау орталығы ашылады. Құрылғалы жатқан ғылыми-зерттеу кешені аймақтың бүкіл кәсіпорындары мен зерттеушілеріне есігі ашық болады. Кешен Қазақстанның оңтүстігіндегі инновациялық дамудың негізгі тұғырнамасына айналады деген үміттеміз», дейді академик Ж. Мырхалықов алдағы кезде атқарылатын істердің мәнжайын жіліктеп. Несі бар, келешегі кең болатындығына сенім мол.

Жобаның бірінші кезеңі аяқталып келеді. Екі айдан соң магистранттарды қабылдау басталады. Осы уақыт аралығында алғашқы зерттеу лабораториялары іске қосылуы керек. Қиын міндеттердің бірі – магистранттар контингентін жасақтау. Магистранттар іргелі білім мен зерттеуге бейімділікпен қатар жеткілікті деңгейде шет тілін білуі керек. Маңызды мәселенің тағы бірі – алдын ала ұстаздардың өзін өзі дайындауы. Бұл ретте «Тамақ инженериясы» магистранттарының ұстаздары Гента университетінің Халықаралық тренинг-бағдарлама орталығында (ITP Food Safety) 4 айлық оқу курсынан өтеді. «Тамақ қауіпсіздігі және тамақ өнеркәсібіндегі сапа мен тәуекел талдамасы» тақырыбындағы біліктілікті арттыру бағдарламасынан өтуді әлемнің тамақ қауіпсіздігі саласының әрбір маманы өзіне үлкен мәртебе санайды. Әрине, бұл үлкен ұлттық жобаның идеологиялық жағы да қашанда назарымызда болуы керек. Мемлекет басшысы елдің болашағы ынталы және зияткер жастардың қолында екенін үнемі айтып келеді. Сондықтан, университеттің басты бағдары мен нысаны – тек білікті мамандар дайындау емес, әрі жан-жақты дамыған, Отан игілігі үшін жасампаз еңбекке дайын тұлғаларды қалыптастыру екендігіне шүбәсіз сенеміз. Ал солай болуы – уақыт талабы.

ШЫМКЕНТ.

Алматы облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы мемлекеттік орман қоры учаскелерінің орман ресурстарын ұзақ мерзімге пайдалануға беру туралы орман шаруашылығы мемлекеттік мекемелерінің төмендегі орманшылықтарында орманды пайдаланудың түрлері бойынша тендер өткізілетіні туралы хабарлайды:

1. Жаркент орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесі:

№1 лот – Іле орманшылығы – сауықтыру, рекреациялық және спорттық мақсаттар үшін;

№2 лот – Іле орманшылығы – жанама орманды пайдалану үшін;

№3 лот – Леснов орманшылығы – жанама орманды пайдалану үшін,

№4 лот – Көктал орманшылығы – сауықтыру, рекреациялық және спорттық мақсаттар үшін;

№5 лот – Көктал орманшылығы – сауықтыру, рекреациялық және спорттық мақсаттар үшін;

№6 лот – Көктал орманшылығы – сауықтыру, рекреациялық және спорттық мақсаттар үшін;

№7 лот – Іле орманшылығы – жанама орманды пайдалану үшін;

№8 лот – Көктал орманшылығы – жанама орманды пайдалану үшін;

№9 лот – Көктал орманшылығы – жанама орманды пайдалану үшін;

№10 лот – Көктал орманшылығы – сауықтыру, рекреациялық және спорттық мақсаттар үшін;

11 лот – Көктал орманшылығы – жанама орманды пайдалану үшін;

№12 лот – Көктал орманшылығы – жанама орманды пайдалану үшін;

№13 лот – Көктал орманшылығы – жанама орманды пайдалану үшін.

2. Бөрлітөбе орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесі:

№1 лот – Бөрлітөбе орманшылығы – жанама орманды пайдалану үшін;

№2 лот – Бөрлітөбе орманшылығы – жанама орманды пайдалану үшін;

№3 лот – Бөрлітөбе орманшылығы – жанама орманды пайдалану үшін.

3. Талдықорған орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесі:

№1 лот – Текелі орманшылығы – жанама орманды пайдалану үшін;

№2 лот – Қора орманшылығы – жанама орманды пайдалану үшін;

№3 лот – Қаратал орманшылығы – сауықтыру, рекреациялық және спорттық мақсаттар үшін;

№4 лот – Қаратал орманшылығы – сауықтыру, рекреациялық және спорттық мақсаттар үшін;

№5 лот – Текелі орманшылығы – жанама орманды пайдалану үшін;

№6 лот – Қаратал орманшылығы – жанама орманды пайдалану үшін;

№7 лот – Көксу орманшылығы – жанама орманды пайдалану үшін;

№8 лот – Көксу орманшылығы – жанама орманды пайдалану үшін;

№9 лот – Көксу орманшылығы – сауықтыру, рекреациялық және спорттық мақсаттар үшін;

№10 лот – Аралтөбе орманшылығы – жанама орманды пайдалану үшін;

№11 лот – Қора орманшылығы – жанама орманды пайдалану үшін;

№12 лот – Қаратал орманшылығы – сауықтыру, рекреациялық және спорттық мақсаттар үшін.

4. Нарынқол орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесі:

№1 лот – Сарыжаз орманшылығы – жанама орманды пайдалану үшін;

№2 лот – Текес орманшылығы – жанама орманды пайдалану үшін;

№3 лот – Шалкөде орманшылығы – жанама орманды пайдалану үшін;

№4 лот – Ойқарағай орманшылығы – жанама орманды пайдалану үшін;

№5 лот – Байынқөл орманшылығы – аң шаруашылығы қажеттілігі үшін;

№6 лот – Шалкөде орманшылығы – жанама орманды пайдалану үшін.

5. Кеген орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесі:

№1 лот – Екіаша орманшылығы – жанама орманды пайдалану үшін;

№2 лот – Темірлік орманшылығы – жанама орманды пайдалану үшін.

6. Бақанас орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесі:

№1 лот – Аққөл орманшылығы – сауықтыру, рекреациялық және спорттық мақсаттар үшін.

7. Шелек орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесі:

№1 лот – Нұра орманшылығы – сауықтыру, рекреациялық және спорттық мақсаттар үшін.

Тендерге «Мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі орман ресурстарын ұзақ мерзімді пайдалануға беру жөнінде тендерлер өткізу Ережесіндегі» 3-тараудың 14-тармағының 2-тармақшасында көрсетілген біліктік талаптарына сәйкес келетін қарымды қатысушылар жіберіледі.

Тендерлік құжаттама пакетін 2015 жылғы 4 тамызда сағат 11.00-ге дейін мына мекенжайдан алуға болады: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 26-үй, 304-бөлме, жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін.

Тендерге қатысу үшін қарымды қатысушылар тендерлік өтінімдерін желімделген конверттерге салып Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 26-үй мекенжайындағы 304-бөлмеге тапсырады. Тендерлік өтінімдерді тапсырудың соңғы мерзімі 2015 жылғы 5 тамызда сағат 10.00-ге дейін.

Тендерлік өтінімдер салынған конверттер Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 26-үй мекенжайындағы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасында 304-бөлмеде 2015 жылғы 5 тамызда сағат 11.00-де ашылатын болады. Қарымды қатысушылар тендерлік құжаттар салынған конверттерді ашу кезінде қатыса алады.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: 8 (7282) 27-30-41.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың сенім білдірілген тұлғасы мына мүліктерге сауда-саттық жариялайды:

Лот №1 – Өндірістік база, атап айтқанда: Литер А, жалпы алаңы 3471,9 ш.м.; Литер Б, жалпы алаңы 2401,0 ш.м.; Литер Р, жалпы алаңы 2156,4 ш.м.; Литер Ә, жалпы алаңы 849,1 ш.м., сәйкесетін жер үлесінің жалпы алаңы 0,7233 га бөлінбейтін жер телімінде жалпы алаңы 1,703 га (кадастрлық нөмірі 20-315-038-193, мақсатты тағайындалуы – өндірістік базаны пайдалану және қызмет көрсету үшін), аталған жылжымайтын мүліктермен аумақтық және функционалды байланысты, жер пайдалану шекарасына сәйкес, орналасқан мекенжайы: Алматы қ., Қазан к-сі, 34.

Бастапқы баға – **385 958 000** (үш жүз сексен бес миллион тоғыз жүз елу сегіз мың) **теңге.**

Лот №2 – Бөлінетін жер телімі, жалпы алаңы 30 га (жер телімінің кадастрлық нөмірі 03-051-225-319, мақсатты тағайындалуы – тауарлы ауыл шаруашылығын жүргізу), орналасқан мекенжайы: Алматы облысы, Талғар ауданы, Қайнар ауылдық округінің аумағындағы аудан қорының жері.

Бастапқы баға – **48 551 000** (қырық сегіз миллион бес жүз елу бір мың) **теңге.**

Сауда-саттық әдісі – **ағылшын.**

Кепілді жарна бастапқы бағаның 10%-ын құрайды.

Бастапқы бағаның 10% мөлшеріндегі кепілді жарна «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың сенім білдірілген тұлғасының шотына енгізілуі тиіс, төменде көрсетілген деректемелер бойынша.

Сауда-саттыққа қатысу өтінімдеріне қажетті құжаттар тізілімін алу үшін сенім білдірілген өкілге бару керек.

Сауда-саттыққа қатысуға өтінімдер Алматы қ., Абай д-лы, 109В, 1004-бөлмеде 2015 жылғы 13 шілдеде сағат 18.00-ге дейін қабылданады.

№1 лот бойынша сауда-саттық ағылшын әдісімен 2015 жылғы 14 шілдеде сағат 11.00-де мына мекенжайда болады: Алматы қ., Абай д-лы, 109 «В», 1004-бөлме.

№2 лот бойынша сауда-саттық ағылшын әдісімен 2015 жылғы 14 шілдеде сағат 15.00-де мына мекенжайда болады: Алматы облысы, Талғар қ., Тәжібаев к-сі, 4.

Сауда-саттық аяқталғаннан кейін түпкілікті баға ұсынған сауда-саттық қатысушысы банктің чек түріндегі немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа қолма-қол ақшаның толық көлемінде сатып алу сомасын бес жұмыс күні ішінде есеп айырысу тәсілімен енгізуі қажет.

Сенім білдірілген тұлғаның деректемелері: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың сенім білдірілген тұлғасы Төремұратов Азат Болатұлы, Алматы қ., Абай д-лы, 109В, шот KZ246010011286000043, БСН 940140000385, Кбе 14.

Сауда-саттық өткізу мәселесі бойынша анықтама алу телефондары: 8 (727) 330 16 80, 330 17 57.

«Алтын тобылғы» бәйгесі

таланттарға жол ашады

Кеше Астанада Қазақстан Президенті жанындағы орталық коммуникациялар кызметінде өткен брифингте Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы қорының «Алтын тобылғы» сыйлығына өтініштер қабылдау басталғанын алға тартты.

«Алтын тобылғы» әдеби шығармалар сыйлығы қазақстандық жас авторлардың шығармашылығына қамқорлық жасау мақсатында ұйымдастырылған екен. Оның бастамашысы әрі құрылтайшысы – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы қоры болып саналады. Сонымен қатар, бұл жобаға Қазақстан Жазушылар одағы мен Мемлекеттік тілді дамыту қоры серіктестік ететінін айта кетсек дейміз.

«15 жылдан бері Президент Қоры Қазақстанның талантты жастары мен жас дарындарға қолдау жасап келеді. «Алтын тобылғы» жобасы шығармашыл жастардың жолын ашып, болашақта әлемдік деңгейге көтереді деп сенеміз. Сондай-ақ, мұндай іс-шаралар жастардың мемлекеттік тілге құрметін және отандық әдебиетке деген қызығушылығын оятады», дейді Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы қорының атқарушы директоры Сағындық Нұрақанов.

Әдебиет бәйгесіне кез келген 18 бен 35 жас аралығындағы азаматтар қатыса алады. Сыйлық 4 номинация бойынша табысталады: «Үздік проза», «Үздік поэзия», «Үздік драматургия» және «Үздік балалар әдебиеті». Осы номинациялар бойынша оқ бойы озық шыққан шығарма авторларына 1 млн. теңге сыйақы беріледі. Сондай-ақ, ұлттық бағдарлама «Мәңгілік Ел» тақырыбы бойынша жеңімпаз деп танылған автор бас жүлде үшін 1,5 млн. теңге ақшалай сыйлыққа ие болады.

«Алтын тобылғы» сыйлығы жас буын талабын ұштап қана қоймай, әдебиет әлеміне келіп қосылуына үлкен ықпал етеді. Сол себепті жобаға шын ықыласпен қолдау көрсетіп отырмын», дейді сенатор, Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Нұрлан Оразалин.

Динара ДОСПАН.

«НГСК КазСтройСервис» АҚ осы арқылы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-пен ірі мәмілеге қосымша келісім жасау туралы шешімді қоғамның Директорлар кеңесі қабылдағаны жөнінде барлық мүдделі тұлғалардың назарына жеткізеді.

Саймасай Мәрия Маратқызына берілген ЖОБ №0236593 жалпы орта білім туралы аттестаты мен қосымшасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

В связи с утерей, считать не действительным полис Добровольного страхования АО «СК «Коммеск-Өмір» формы Авто 4 серии 2 № 0092285.

«Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес АҚ, Алматы қ., Сәтбаев к-сі, 22, тел. (727) 257-71-09, 2015 жылғы 30 маусымнан бастап «Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу университеті» АҚ-тың (ЖСК 990240005120) акциялары шығарылымының жойылғаны туралы мәлімдейді. Акциялардың шығарылымын жою туралы № А6002 куәлікті Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі 2015 жылғы 24 маусымда берді.

Екінші облигациялық бағдарламаның аясында «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың қамсыздандырылмаған атаулы купондық облигацияларының жетінші шығарылымы туралы мәлімет

Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 38 мекенжайы бойынша орналасқан «Банк ЦентрКредит» акционерлік қоғамы инвесторлардың назарына «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Екінші облигациялық бағдарламасының аясында қамсыздандырылмаған атаулы купондық облигацияларының жетінші шығарылымының мемлекеттік тіркелгені туралы хабарлайды (Бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы 02.06.2015 жылғы №D21-7 куәлік, ҰСН KZP07Y10D219, ISIN KZ2C00003317, CFI DBFUFR).

Облигациялар туралы мәлімет.

облигациялардың түрі	қамсыздандырылмаған атаулы купондық
облигациялардың саны	100.000.000 (жүз миллион) дана
орналастыру бағасы	облигацияларды орналастыру бағасы нарықтық талаптарға байланысты белгіленеді.
облигацияларды төлеу тәртібі	төлем сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

Шығарылым проспектісімен келесі мекенжай бойынша танысуға болады: Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 38, Қазынашылық департаменті, осы бөлімшені бағыттаушы директор Габасов Т.Р., тел. 2-598-598, ішкі 12100, 12191.

Сведения о седьмом выпуске именных купонных облигаций без обеспечения АО «Банк ЦентрКредит» в пределах второй облигационной программы

Акционерное общество «Банк ЦентрКредит», находящееся по адресу: г. Алматы, пр. Аль-Фараби, 38 доводит до сведения инвесторов о государственной регистрации седьмого выпуска именных купонных облигаций без обеспечения в пределах Второй облигационной программы АО «Банк ЦентрКредит» (Свидетельство о государственной регистрации выпуска ценных бумаг № D21-7 от 02.06.2015 г., НИН KZP07Y10D219, ISIN KZ2C00003317, CFI DBFUFR).

Сведения об облигациях.

вид облигации	именные купонные без обеспечения
количество облигаций	100.000.000 (сто миллионов) штук
цена размещения	цена размещения облигаций определяется исходя из наилучших рыночных условий
порядок оплаты облигаций	оплата осуществляется в соответствии с внутренними правилами организатора торгов.

Ознакомиться с проспектом выпуска можно по адресу: г. Алматы, пр. Аль-Фараби, 38, Департамент казначейства, Директор, курирующий данное подразделение – Габасов Т.Р., тел 2-598-598, вн. 12100, 12191.

Мерзімді баспа басылымдарына жазылушылардың назарына!

Құрметті жазылушылар, «Қазпочта» АҚ мерзімді баспа басылымдарын уақтылы жеткізбеген, мүлде жеткізбеген немесе қызмет көрсету сапасы төмен болған жағдайда «Қазпочта» АҚ-тың Байланыс орталығына **1499** нөмірі арқылы хабарласуларыңызды өтінеді (ҚР бойынша ұялы және қалалық нөмірлерден қоңырау шалу тегін).

Біз Сіздерге әрдайым көмектесуге дайынбыз!

«Каспий Құбыр Консорциумы-Қ» акционерлік қоғамы

ҚЕХС бойынша жылдық қаржы есептілігі

Қаржы жағдайы туралы есеп

(миллион теңге) 31 желтоқсан

	2014 жылғы	2013 жылғы
Негізгі құралдар	339 575	265 315
Жоба шығындарына төленген аванс	9 239	7 143
Өтеуге жататын ҚҚС	-	6 849
Материалдық емес актив	368	327
Тауарлы-материалдық қорлар	631	267
Басқа айналымнан тыс активтер	2 416	1 872
Айналымнан тыс активтер	**352 229**	**281 773**
Тауарлы-материалдық қорлар	3 676	2 894
Өтеуге жататын ҚҚС	11 299	962
Дебиторлық берешек	-	30
Басқа айналымдық активтер	300	291
Өтеуге жататын пайда салығы	41	-
Ақша қаражаттары	11 532	11 807
Айналым активі	**26 848**	**15 984**
Активтер жиынтығы:	**379 077**	**297 757**
Жарғылық капитал	57	57
Қайта бағалау қоры	35 357	41 206
Бөлінбеген пайда	33 612	19 218
Аралық несиенің адал құнын түзету	24 588	22 796
Жинақталған трансляциялық айырма	18 323	2 507
Акционерлік капитал	**111 937**	**85 784**
Ұзақ мерзімді несие	166 556	133 148
«КТК-Р» компаниясы берген аралық несие	50 533	37 102
Негізгі құралдарды пайдаланудан шығару шығысын жабатын резерв	329	542
Құрылыс шарттары бойынша ұстап қалу	7 950	4 932
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	19 450	16 385
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	**244 818**	**192 109**
Кредиторлық берешек пен есептелген міндеттемелер	17 143	15 599
Салық бойынша міндеттемелер	-	773
Байланысты тараптардан алынған аванстар	4 640	2 524
Негізгі құралдарды пайдаланудан шығару шығысын жабатын резерв	329	968
Басқа ағымдық міндеттемелер	210	-
Қысқа мерзімді міндеттемелер	**22 322**	**19 864**
Акционерлік капитал жиынтығы және міндеттемелер	**379 077**	**297 757**

Жиынтық табыс туралы есеп

(миллион теңге) 31 желтоқсанда аяқталған жыл

	2014 жылғы	2013 жылғы
Табыс - мұнай тасымалдау қызметі	**51 807**	**36 917**
Мұнай тасымалдау қызметінің өзіндік құны	(15 855)	(13 560)
Жалпы және әкімшілік шығыс	(6 140)	(4 713)
Басқа шығындар	(776)	(905)
Операциялық шығыс	**(22 771)**	**(19 178)**
Негізгі құралдарды қайта бағалау пайдасы/ (шығыны)	(8 601)	1 479
Ұзақ мерзімді займдар бойынша пайыздық төлем жасау шығысы	(3 970)	(2 143)
Өтеуге жататын қосымша салықтар	1 160	741
Басқа табыстар	400	619
Бағам айырмашылығы залалы, нетто	(425)	(46)
Басқа табыстар мен шығыстар	**(11 436)**	**650**
Салық салуға дейінгі пайда	**17 600**	**18 389**
Табыс салығы бойынша шығыс	(3 991)	(3 651)
Жылдық пайда	**13 609**	**14 738**
Басқа жиынтықты (шығыс)/табыс - соңынан пайда немесе залал құрамына қайта жіктелетін		
Негізгі құралдарды қайта бағалау	(7 310)	4 122
Капиталға жатқызылған кейінге қалдырылған салық	1 895	(824)
Қайта бағалаудың шығарылуы бойынша кейінге қалдырылған салық	-	476
Активтер шығарылуы бойынша міндеттемелер	537	-
Активтер пайдаланудан шығарылуы бойынша міндеттемелерге салынатын кейінге қалдырылған салық	(186)	-
Трансляциялық айырма	15 816	1 419
Жыл бойынша мойындалған өзге жиынтықты табыс	**10 752**	**5 193**
Жылдық жалпы жиынтықты табыс	**24 361**	**19 931**

Акционерлік капитал өзгерістері туралы есеп

(миллион теңге)

	Жарғылық капитал	Қайта бағалаудан түскен пайда	Аралық несиенің адал құнын түзету	Бөлінбеген пайда/ (шығын)	Жинақталған трансляциялық айырма	Барлығы
2012 жылғы 31 желтоқсан	**57**	**39 832**	**11 177**	**2 080**	**1 088**	**54 234**
Негізгі құралдарды қайта бағалау	-	3 298	-	-	-	**3 298**
Қайта бағалауды шығару	-	(2 400)	-	2 400	-	-
Кейінге қалдырылған табыс салығы	-	476	-	-	-	**476**
Жылдық табыс	-	-	-	14 738	-	**14 738**
Өзге жиынтықты табыс	-	-	-	-	1 419	**1 419**
Жалпы жиынтықты жылдық табыс	-	**1 374**	-	**17 138**	**1 419**	**19 931**
Аралық несиенің құнын түзету	-	-	11 619	-	-	**11 619**
2013 жылғы 31 желтоқсан	**57**	**41 206**	**22 796**	**19 218**	**2 507**	**85 784**
Негізгі құралдарды қайта бағалау	-	(5 415)	-	-	-	**(5 415)**
Қайта бағалауды шығару	-	112	-	(112)	-	-
Кейінге қалдырылған табыс салығы	-	(897)	-	897	-	-
Активтерді шығару бойынша міндеттеме	-	351	-	-	-	**351**
Жылдық табыс	-	-	-	13 609	-	**13 609**
Өзге жиынтықты табыс	-	-	-	-	15 816	**15 816**
Жалпы жиынтықты жылдық табыс	-	**(5 849)**	-	**14 394**	**15 816**	**24 361**
Аралық несиенің құнын түзету	-	-	1 792	-	-	**1 792**
2014 жылғы 31 желтоқсан	**57**	**35 357**	**24 588**	**33 612**	**18 323**	**111 937**

Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп

(миллион теңге) 31 желтоқсанда аяқталған жыл

	2014 жылғы	2013 жылғы
Салық салынғаннан кейінгі пайда	**13 609**	**14 738**
Айналым капиталының өзгеруіне дейінгі ақша қаражатының қозғалысын сейкестендіру үшін түзету:		
Алымдағы салық шығыстары	2 679	4 034
Кейінге қалдырылған салық бойынша үнемдеу	1 312	(383)
Қайта бағалау шығыны (табысы)	8 601	(1 479)
Тозу және амортизация	8 446	7 877
Пайыз төлеу шығыстары	3 970	2 143
Қолданылмаған бағам айырмашылығы (нетто)	479	(11)
Салықтық айыппұл	-	25
Қосымша салықтарды өтеуден түсетін басқа пайда	(1 160)	(741)
Басқа шығындар	36	20
Айналым капиталындағы өзгерістерге дейінгі операциялық қызмет бойынша ақша қаражатының қозғалысы	**37 972**	**26 223**
Төленген салықтар (ҚҚС-тан тыс)	(3 610)	(4 279)
Өтеуге жататын ҚҚС өзгерістері	(3 816)	573
Тауарлы-материалдық қорлар өзгерісі	(237)	(1 103)
Басқа айналымнан тыс активтердің өзгерісі	(314)	124
Несиелік берешек пен есептелген міндеттемелер өзгерісі	1 362	2 943
Басқа айналым активтерінің өзгерісі	-	617
Салықтық міндеттемелердің өзгерісі	(199)	(2 879)
Алынған аванстардың өзгерісі	1 558	(73)
Ақша қаражатының операциялық қызметке байланысты таза қозғалысы	**32 716**	**22 146**
Жұмсалған капиталдық шығын	(40 649)	(51 978)
Ақша қаражатының инвестициялық қызметке байланысты таза қозғалысы	**(40 649)**	**(51 978)**
Ақша қаражатының қаржылық қызметке байланысты таза өзгерісі ("ҚҚК-Р" компаниясы берген аралық несие)	**5 374**	**33 471**
Ақша қаражатының таза өзгерісі	**(2 559)**	**3 639**
Ақша қаражатының және оның баламасының бастапқы қалдығы	11 807	7 949
Трансляциялық айырма	2 284	274
Ақша қаражатының және баламасының соңғы қалдығы	**11 532**	**11 807**

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОР ЕСЕБІ

«Каспий Құбыр Консорциумы-Қ» АҚ компаниясының акционерлері мен Директорлары кеңесінің мүшелеріне

Біз «Каспий Құбыр Консорциумы-Қ» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - компания) жалғанған қаржы есептілігіне аудит жүргіздік. Қаржы есептілігінде компанияның 2014 жылғы 31 желтоқсандағы қалпы бойынша жасалған қаржылық жағдайы туралы есеп, жиынтықтық пайда есебі, капитал өзгерісі есебі мен көрсетілген күннен аяқталған жылдағы ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, сонымен бірге есеп саясатының маңызды аспектілері туралы ақпарат және басқа түсіндірме ақпарат келтірілген.

Қаржы есептілігін дайындаудағы басшылық жауапкершілігі

Компания басшылығы осы есептіліктің Қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарына сәйкес дұрыс дайындалуы және сенімді ұсынылуы үшін, сондай-ақ басшылықтың пікіріне сәйкес қажет болатын, жеңісіз әрекеттер немесе қателіктер жіберу салдарынан туындайтын елеулі бұрмалаусыз қаржылық есептілік дайындау мен оны сенімді ұсынуды қамтамасыз етуге арналған ішкі бақылау жүргізу үшін жауап береді.

Аудиторлар жауапкершілігі

Біздің жауапкершілігімізге жүргізілген аудит негізінде осы қаржылық есептілікке қатысты өз пікіріміз білдіру жатады. Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргіздік. Аталған стандарттарға сәйкес аудит жүргізуде этика нормалары сақталуға тиіс, аудит қаржы есептілігінде елеулі бұрмалану болмайтынына толық сенімді жағдайда жоспарланып, жүргізілуге тиіс.

Аудит құрамында қаржылық есептіліктегі сандық деректерге және ондағы ақпарат ашылуына қатысты аудиторлық дәлелдеме табуға бағытталған процедуралар қарастырылған. Процедуралар таңдалуы аудитордың кәсіби пайымдауына, оның ішінде қаржы есептілігінде жеңісіз әрекеттер немесе қателіктер жіберу салдарынан туындайтын елеулі бұрмалау болуы тәуекелдерін бағалауына байланысты. Аудитор мұндай тәуекелдерді бағалауда нақты жағдайға лайық аудиторлық процедуралар тағайындау мақсатында қаржылық есептіліктің дайындалуы мен сенімді ұсынылуын қамтамасыз ететін ішкі бақылау жүйесін қарастырады, бірақ компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі жөнінде пікір білдіру аудитордың міндетіне жатпайды. Сонымен қатар, аудит қолданылатын есептеу саясаты қағидаларының дұрыстығы мен басшылықтың есептеу бағаларының лайықтығына, қаржылық есептіліктің ұсынылуына жалпы баға беруге тиіс.

Аудит барысында алынған аудиторлық дәлелдемелер бізге өз аудиторлық тұжырымымызды білдіруге жеткілікті және тиісті негіздеме береді деп санаймыз.

Тұжырымдама

Біздің тұжырымдауымыз бойынша, қаржы есептілігі «Каспий Құбыр Консорциумы-Қ» акционерлік қоғамының 2014 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайын толық және барлық елеулі аспектілер бойынша білдіреді, сондай-ақ, қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарына сәйкес, аталған күні аяқталған жыл ішіндегі оның қаржылық қорытындысы мен ақша қаражатының қозғалысын көрсетеді.

Маңызды мән-жайлар

«Каспий Құбыр Консорциумы-Қ» АҚ қаржы есептілігінің 17 (б) ескертуінде көрсетілгендей, акционерлер шартының Қосымша салықтарды өтеуге қатысты бабын қолдануға қатысты маңызды тұрпаусыздық бар екеніне назар аударамыз.

1 және 2 ескертуперде көрсетілгендей, жалғанған қаржы есептілігін компания алдымен АҚШ долларымен дайындап, оған қосымша теңгемен есептеп көрсеткен. Біз АҚШ долларымен көрсетілген қаржы есептілігіне аудит жүргіздік және 2015 жылғы 6 наурызда аудиторлық тұжырымдамамызды шығардық.

Өзге мәліметтер

«Құбырды кеңейту жобасы» атауымен 1 ескертуде 8-9 беттерде көрсетілген қаржы есептілігіне әзірленген қосымша ақпарат қосымша талдау мақсатында келтірілген, оны ашу ҚЕХС-да қарастырылмайды. Біз жалғанған қаржы есептілігіне аудит жүргізу барысында бұл қосымша қаржылық ақпаратқа қатысты аудиторлық процедураларды орындаған жоқпыз, оған сәйкес бұл ақпарат жөнінде пікір білдірмейміз.

Гүлмира Тұрмағамбетова
Аудитор
Аудитордың біліктілік куәлігі
«0000374 1998 жылғы 21 ақпанда берілген

Евгений Жемалетдинов
«Эрнст энд Янг» ЖШС
бас директоры
Қазақстан Республикасы аумағында аудиторлық қызметпен айналысу үшін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінен 2005 жылғы 15 шілдеде берілген Мемлекеттік лицензия сериясы МФЮ-2 №0000003

6 наурыз 2015 ж.
Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

Бас директордың қаржы жөніндегі орынбасары — **Беренд Хазелаар**
Бас есепші — **Ходаков Алексей Иванович**

Бисен ЖҰМАҒАЛИЕВ

Соғыс және еңбек ардагері, майдангер журналист, халқымыздың қадірменді қариясы Бисен Жұмағалиев 2015 жылғы 30 маусымда өмірден озды.

Бисен Жұмағалиев 1922 жылы 22 желтоқсанда бұрынғы Тайпақ, қазіргі Ақжайық ауданына қарасты Сайқұдық ауылында дүниеге келді. 1940 жылы педагогикалық училищені бітірген Б.Жұмағалиев еңбек жолын мектеп мұғалімдігінен бастады. Ол 1942 жылдың қаңтар айында майданға атанып, 13-дивизияның құрамында Ленинградты қорғауға қатысты. Ортақ Отанға қауіп төніп, ел басына күн туған сол бір сұрапыл соғыс жылдары Бисен Жұмағалиұлы қару мен қаламды қатар ұстап, «На страже Родины» газетінің қазақ тіліндегі «Отанды қорғауда» атты парақшасын шығаруға жүйелі атсалысты. Осылайша Бисен ағай 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында қазақтан шыққан 79 әскери журналистің бірі болды. Бисен Жұмағалиұлы соғыста қан кешіп жүріп, қазіргі «Орал өңірі», сол кездегі «Екпінді құрылыс» газетіне майдандағы жағдай, қазақ жауынгерлерінің жанқиярлық ерлігі мен тылдағы ел-жұрттың жанкешті еңбегінің нәтижесінде алдыңғы шепке жеткен азық-түлік пен жылы киім-кешек түріндегі көмектің сардар-сарбаздарға тың күш-қуат құйып, жалын-жігер сыйлап, рухтарын көтергендігі жөнінде мақалалар жолдап тұрды.

1947 жылы әскерден оралған соң Б.Жұмағалиев Батыс Қазақстан облыстық партия комитетінде нұсқаушы қызметін атқарды. Бертін келе біраз жыл Батыс Қазақстан облыстық қазіргі «Орал өңірі» қоғамдық-саяси газетінде бас редакторлық қызметте болды. Бисен Жұмағалиұлы 1955-1958 жылдары сол кездегі Фурманов аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы ретінде соғыстың кесірінен тұралап қалған халық шаруашылығын қалпына келтіруге айтулы үлес қосты. Ол 1958-1960 жылдары СОКП Жоғары партия мектебінде оқып, білім-білігін жетілдіргеннен кейін 1960-1971 жылдары Орал облыстық партия комитетінің хатшысы, ал 1971-1985 жылдары Көкшетау облыстық партия комитетінің хатшысы қызметтерін атқарды.

Б.Жұмағалиев құрметті демалысқа шыққаннан кейін де қоғамдық белсенділігін бәсеңдеткен жоқ. Ол өмірінің соңғы күніне дейін облыс әкімінің штаттан тыс кеңесшісі ретінде тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық өркендеуінің алғышарты – ұлтаралық жарасымның нығаюына және халық пен билік арасындағы екіжақты тиімді байланыстың беки түсуіне, жас ұрпақтың елжанды азамат болып қалыптасуына ұдайы мүдделілік танытып, осы бағыттағы жұмыстарға үнемі өзіндік үлесін қосумен болды. Бисен Жұмағалиұлының қаламынан туған «Қазақтар Ленинград майданында», «Дары степных просторов», «Обновленная степь», «Шолохов Қазақстанда» атты кітаптар алдағы уақытта да жас ұрпақты туған елін-жерін сүюге үндей бермек.

Б.Жұмағалиев майдандағы жанқиярлық ерлігі мен бейбіт күнгі жасампаз еңбегі үшін 9 орденмен және көптеген медальмен марапатталды. Ұлы Жеңістен кейін бүгінгі жарқын заман, бақытты өмір үшін жылдар бойы бел жазбай еңбек еткен қайраткер азамат, көпті көрген, көңіліне көп нәрсе түйген қадірменді қария, абыз ақсақал Бисен Жұмағалиұлының жарқын бейнесі біздің жадымызда әрдайым сақталады.

Н.Ноғаев, М.Құлшар, С.Сүлеймен, А.Өтеғұлов, А.Бадашев, Б.Мәкен, И.Стексов, Н.Төреғалиев, М.Тоқжанов, А.Көлгінов, Ә.Жоламанов, Н.Бекқайыр, М.Мұхамбетов, К.Нығметов, Ж.Сафуллин, Б.Ғұбайдуллин.

Ардагерлердің Орталық кеңесі Қазақстандағы ардагерлер қозғалысына белсене қатысушы, майдангер, Батыс Қазақстан облысы әкімінің кеңесшісі

Бисен ЖҰМАҒАЛИЕВТІҢ

қайтыс болуына байланысты марқұмның туған-туысқандары мен жақындарына орны толмас ауыр қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің ректораты, профессор-оқытушылар ұжымы мен білім алушылары профессор, техника ғылымдарының докторы

Қабер Сүндетұлы ШЫНТЕМІРОВТІҢ

мезгілсіз өмірден озуына байланысты марқұмның зайыбы Орал Төлеуханқызына, балалары мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

● *Бәрекелді!*

Әлем көз тіккен шай көрмесі

елордада өтетін болды

Астанада тағы бір ірі көрме өтетін болды. Нақты айтсақ, Астана күні мен Ұлттық музейдің бір жылдығына орай бас қаламызда тұңғыш халықаралық шай көрмесі ұйымдастырылады. Chitra by Newby деген атаумен өтетін шарада шай дайындаудың сан түрлі әдіс-тәсілі көрсетілмек. Сондай-ақ, шай мәдениеті мен тарихы декоративті құрал-жабдықтар арқылы баяндалады.

Еламан ҚОҢЫР,
«Егемен Қазақстан».

Бұл игі бастама туралы Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы: «Мұндай көрме әлем бойынша тұңғыш рет Қазақстанда өтейін деп отыр. Осының өзі шараның басты ерекшеліктерінің бірі. Ұлттық музейде өтетін көрме тек сала мамандарының емес, жалпы қоғамның қызығушылығын тудырып отыр», – деді.

Сонымен қатар, министр Chitra by Newby халықаралық көрмесінің өте қымбат жоба екенін айтты. Алайда, шара Newby фирмасының есебінен қамтамасыз етіледі. Ведомство басшысы әлем назарын аударатын осындай жобаның тұсауын Қазақстанда кесуге ниет білдірген ұйымдастырушыларға алғыс білдірді.

Chitra by Newby – шай тарихымен тығыз байланысты жалғыз антиквариаттар жиынтығы болып саналады. Оның негізін ұлыбританиялық кәсіпкер, Атымтай жомарт Нирмал Кумар Сетхия қалаған. Ал жиынтықтың атауы әйелі Читра Сетхияның құрметіне аталған. Нирмал Кумар өмірінің 4 жылын шайға қатысты құнды жәдігерлерді жинауға арнаған. Осы уақыт аралығында ол аса құнды 1 500-ден астам тарихи мұраға қол жеткізді.

Көрме 6 шілдеде ашылып, үш ай бойы келушілерге қызмет көрсетеді. Оған жоғарыда аталған жәдігерлердің 100-ден астам данасы қойылады деп күтілуде. Ұйымдастырушылар Қазақстанның әлемдегі шайды ең көп тұтынатын елдердің бірі екенін ескеріп, көрмеге келушілердің қатары қалың болатынына сенімді.

● *Өнер*

Театрдың 90-шы маусымы

күзде көрерменге Асанәлі Әшімовтің «Қаза мен жаза» спектаклін ұсынады

Қазақтың М.Әуезов атындағы мемлекеттік академиялық драма театрының биылғы 89-шы маусымы КСРО халық әртісі Асанәлі Әшімовтің режиссерлығымен қойылған Игорь Вовнянконың «Қаза мен жаза» криминалдық драмасының премьерасымен аяқталды. Жаңа спектакльдің тұсаукесері аншлагпен өтіп, өнер сыншылары қойылымды жылы қабылдады. Осылайша 90-шы маусымына аяқ басқан театр репертуары тағы бір қойылыммен толықты.

Айнаш ЕСАЛИ,
«Егемен Қазақстан».

Әйгілі актер Асанәлі Әшімов бұған дейін де бірнеше рет режиссураға барғаны белгілі. «Әлі де жаспыз ғой, жоспар көп. Енді ең басты жоспар – сахнадан абыроймен кету», деп қалжыңдайтын Асекең өнер жолындағы тәжірибесі мен көрген-білгенін кейінгі жастарға үйрету мақсатында осы жобаны қолға алғанын айтады.

Театр табалдырығын аттаған жас өнер иелеріне рөл беріп, қабілеттеріне қанат бітіруді көздеген жаңа спектакль тағдыр жазуымен туған әкесінің үйінде қызметші болып жүрген Әсел атты қыздың өмірі туралы. Кісі өлтірді деп жала жабылған жас әділет іздегенде өзін әлемде жалғыз қалғандай сезінеді. Қысқасы, замана тақырыбына барған драма өзін өзі ақтайды деп білеміз.

– «Қаза мен жаза» негізінен кинематографияға арналған дүние. Біздің театр криминалдық тақырыпқа бірінші рет барып отыр. Актерлердің екі құрамы да бір-біріне тең өнер көрсете алады. Жастарды кеңдікке, өнердегі адал бәсекелестікке үйреткіміз келеді. Бұл спектакльдің басты репетициясын екі рет қойып, екі құрамның ойынын бөлек-бөлек өткіздік, – дейді Асанәлі Әшімов.

– Театр маусымының жабылуы – мереке. Жаңа спектакль қойған сайын көрермен есімізде тұрады, залда отырған халыққа айтпағымыз сонда не болады деген сұрақты ойымыздан шығармаймыз, – дейтін Асанәлі ағамыздың жаңа спектаклі жұрттың көңілінен шықты. Кем-кетігі жүре түзелер.

Иә, театр өткен маусымды табысты аяқтады. Маусымды қорытындылау үшін ұйымдастырылған баспасөз мәслихатында осы академиялық өнер ордасының директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ерлан Біләлов бұл туралы кеңінен баяндап, журналистердің сауалдарына жан-жақты жауап берді.

Бұл маусымда 6 бірдей премьера көрерменге жол тартыпты. Театр репертуары бірсарындылықты көтермейді ғой. Осыны ескерген ұжым қалың көрерменнің талабын ескере отырып, әлемдік классиканы да, ұлттық драматургияны да, заманауи өзекті тақырыптарды да тең ұстауға тырысып, бүгінгі күнмен үндестірудің жолдарын қарастырған.

89-шы театр маусымы жазушы Дулат Исабековтің «Жүз жылдық махаббат» драмасының премьерасымен басталған болатын. Сонымен қатар, қараша айында Асқар Сүлейменовтің аудармасы бойынша Теннеси Уильямстың «Шыны хайуанатын» режиссурадағы өзінің тұңғыш тырнақалды туындысы ретінде Алена Қабдешова ұсынды.

Сахна өнерінің үрдісін жақсы тәжірибемен толықтыру мақсатында еліміздің бас театры шығармашылық көкжиегін кеңейтіп, белгілі режиссерлермен тәжірибе алмасуды соңғы қабылдаған өздерінің «Тұжырымдамасында» айқындап алған болатын. Соған сәйкес, жаңашыл көзқарастағы, аты мәшһүр Литва режиссері Йонас Вайткусты театрға арнайы шақыртып, ол ақын-драматург Иран-Ғайыптың «Қорқыттың көрі» пьесасын сахналады. Бұл спектакль Қазан қаласында өткен XII халықаралық «Наурыз» фестивалінде қазылар алқасы тарапынан да «Ең үздік спектакль» деген баға алып қайтты.

Театрдың актерлік құрамының 70 пайызы жастардан тұрады. Олардың шығармашылық қарымы мен мүмкіндігін ашып көрсетуді көздеген француз драматургтері Ф.Дюмануар мен А.Д'Эннеридің «Дон Сезар де Базан» комедиясы Әубәкір Рахимовтың аудармасы һәм режиссерлігімен сахналанды. Ал Ұлы Жеңістің 70 жылдығына байланысты Тұңғышбай Жаманқұловтың режиссерлігімен сахнаға шығарылған Қазақстанның халық жазушысы Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айшасы» да көрерменнің жылы ілтипатына ие болды. Соңғы жылдары театрдың гастрольдік сапары қайта жанданып келеді. Олар жазушы Рақымжан Отарбаевтың «Бейбарыс сұлтан» пьесасымен театр ұжымы Белоруссияның Брест қаласында өтетін дәстүрлі «Белая Вежа» халықаралық фестиваліне барып қайтыпты.

Ең бастысы, қазір театрдың барлық қойылымы дерлік аншлагпен өтеді. Сонау 90-шы жылдардағыдай өнердің бағасы тым құнсыз емес.

Баспасөз мәслихатында театрдың байырғы актрисаларының бірі, Қазақстанның халық әртісі Торғын Тасыбекова бір кездері залда 8 ғана көрермен отырғанда 30 актер өнер көрсеткен күндер болғанын да еске алды. Содан бері спектакльге кіретін билеттің бағасы 200 теңгеден 2 мың теңгеге өсті. Көрермен талғамы да көтерілді. Театрдың да өзіне деген талабы артып келеді.

АЛМАТЫ.

Суретті түсірген Ерлан ОМАРОВ.

● *Құлағыңыз түрік жүрсін*

ЖҮЛДЕ

«Ақиқат» журналының ұйымдастыруымен журналистер арасында шахмат турнирі өтеді

«Қазақ газеттері» серіктестігіне қарасты еліміздегі «Ең үздік қоғамдық-саяси басылым» – «Ақиқат» журналының жүлдесі үшін журналистер арасында шахмат турнирін өткізу дәстүрге айналып келеді. Алғашқы турнир Қазақ ұлттық политехникалық университетінің шаңырағында өткізілген болса, екінші жарыс шахматтан әлемнің бірнеше дүркін чемпионы Жансая Әбдімәліктің шахмат академиясында ұйымдастырылды.

Қолына қалам ұстаған сөз зергерлерінің арасында тартысты өтетін биылғы үшінші турнирді де қазақтың атын әлемге танытып жүрген Әбдімәліктің шахмат академиясында (Сәтбаев және Байсейітова көшелерінің қиылысы) 24 шілде күні өткізгелі отырмыз. Ақпарат айдынында өзіндік орны бар «Қазақ газеттері» серіктестігіне қарасты алты басылымның журналистері – турнирдің белсенді қатысушылары. Қазір ұйымдастыру алқасы журналистер арасындағы дәстүрлі шахмат турниріне қатысуға тілек білдірушілердің өтініштерін қабылдап жатыр. Барлық әріптестерімізді шахмат турниріне белсенділікпен қатысуға шақырамыз. Игілікті іс-шарадан сырт қалмаңыздар, бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері!

Өтініштеріңізді біздің электронды поштамызға kaz_gazeta@mail.ru жолдауларыңызға немесе 394-37-42 , 394-42-90 және 8-701-620-21-14 телефондары арқылы хабарласып, тіркелуге болады.

«Егемен-ақпарат».

● *Міне, қызық!*

Тастар музейі

Әдетте, тастан суық не бар деп ойлаймыз. Ал сол тастың сұлулығын көргенде осы ойдан қайтарыңды, қайтпасыңды білмей дал боласың. Табиғаттың шеберлігін мойындатып, тылсымын ішіне бүгіп қалатын да тас секілді.

Нәзира ЖӘРІМБЕТОВА,
«Егемен Қазақстан».

Қостанай қаласындағы Солтүстік Қазақстанның геологиялық музейіне кірген кісінің барлық жәдігерді қызықтап болғанша шығуы қиын. Атшаптырым залдағы шыны сөрелерге қойылған тастар алдымен жер қойнауының біз білмейтін талай сырына қанықтырғандай болады. Жеріміздің ежелгі тарихына да осы тастар мен музейдің палеонтология мен петрография бөліміндегі жәдігерлер куә болғандай. Торғай ойпатынан табылған мүйізтұмсықтың, мамонттың сүйегі, тісі, акуланың тісі, тарих дәуіріне дейінгі жануарлардың тасқа айналған бедерлері, тас болып қалған ағаш, жапырақтар бедері ежелгі дәуірден сыр шерткендей болады. Музей ең бастысы, көрерменге жеріміздің байлығынан хабар береді. Өйткені, музей кен іздеген геологтардың күшімен ұйымдастырылған. Тастар негізінен Қазақстанның солтүстігіндегі марганец, темір, асбест, хромит, боксит кендері шығып жатқан Соколов-Сарыбай, Жітіқара, Арқалық, Краснооктябрь, Белинский, Аят, Тауынсор, тағы басқа көптеген кеніштерден табылған.

Өзіне еріксіз назар аударатын тастардың бірсыпырасын геологтар өздерінің табаны тиген шет ел кеніштерінен де алып келгенге ұқсайды. Оларға музейде жеке бөлім арналған. Ал қалайы, күміс, мыс, алтын өндіретін кеніштерден алынған тастар да бірнеше сөреден орын алған. Еліміздің жер қойнауында металл емес пайдалы қазбалардың да жеткілікті екенін осы музей «айтып» береді. Құрылыс материалдары, асбест, отқа төзімді саз балшық, көмірдің бірнеше түрін айтпағанда, құрамында алмаз бар жыныстарды да осыдан көруге болады. Тіпті, мұнда Қостанай өңірінен табылған мұнай сынамасы да орын алған. «Суретші тастар» секілді табиғат тамашалары өз алдына қызық әлем.

– Соғыстан кейін елімізде пайдалы қазбалар іздеу, геологиялық жұмыстар жедел атқарыла бастады. 1956 жылы осы музей құрылыпты. Музей аймақтық геология, пайдалы қазбалар, минерология жөнінде оқып-үйрену жиынтығы, петрография мен палеонтология, зергерлік және өңделген тастар, кәдесыйлар деп аталатын ірі-ірі бес бөлімнен тұрады. 5 мың жәдігер 50 сөреге орналастырылған, оның сыртында 10 мың тас үлгісі қорда сақтаулы. Музейде геологтар жинаған 146000 тас тілмесі, 707 кеспесі, 178 ұнталған, яғни түпшаймасы сақтаулы, – дейді Солтүстік Қазақстан геология және жер қойнауын пайдалану аймақаралық басқармасы Қостанай инспекциясының басшысы Айман Дүйсенова.

ҚОСТАНАЙ.

● *Тосын табиғат*

Маңғыстау облысы аумағында күн күйіп-ақ тұр. Синоптиктер термометр бағаны +40-45 градусты көрсетуде дегенмен, жұртшылықтың бұған күмәні бар. Тынысты тарылтып, маңайды қуыра күйдірген аптапқа қарап, +50 градустен кем емес деп отыр тұрғындар.

+45⁰

Гүлайым ШЫНТЕМІРҚЫЗЫ,
«Егемен Қазақстан».

«Қазгидромет» РҚК Маңғыстау облыстық филиалы синоптиктері 1 шілдедегі хабарламасында ыстықтың 2 шілдеге дейін сақталатындығын, термометр бағанының Цельси бойынша +40-45 градустан төмендемейтіндігін айтты. 1 шілде күні Ақтау қаласында +35-37 градус ыстық болып, түс қайта солтүстік-батыстан соққан шаңды жел секундына 20 метр жылдамдықпен соғады делінген. Ыстыққа байланысты Маңғыстау облыстық төтенше жағдайлар департаменті тұрғындарды беймезгіл көшеге шығудан сақтандырып, ал шыға қалған жағдайда жеңіл киімдер, күннен қорғайтын көзілдірік пен қалпақ, орамал сияқты бас киімдермен шығуды айтуда.

Маңғыстаулықтар жаппай үйлеріне салқындатқыш сатып алуда. Қазір бұл өңірдегі ең өтімді тауар түрі осы салқындатқыш болып тұр десек, қателеспеспіз. Дүкендерге үсті-үстіне әкелінген бұл бұйымды қолма-қол алу мүмкіндігі жоқтар несиелеу үшін банктер филиалдарының алдын босатар емес. Қасиетті ораза айында күннің бұлай «жанып» кетуін адамдар төзім мен сабырды сынаған, әрі жамандықтар қаптаған заманда адамдарды кішігірім қинаған «Алланың сынағы» деп қабылдауда.

Маңғыстау облысы.

● *Талап және тәртіп*

Жеті миллиард теңге айыппұл

Батыс Қазақстан облысы аумағында шетелдік КПО б.в. компаниясы біраз жылдан бері көмірсутегі шикізатын өндіруде. Бұл, тұтастай алғанда, ел экономикасына мұнай-газ секторынан түсетін тиімділік пен пайданың үлесін көбейтуге септігін тигізе алады.

Темір ҚҰСАЙЫН,
«Егемен Қазақстан».

Алайда, аталған КПО б.в. альянсы өз еркімен ауаны ластайтын заттарды шығаруға жол беріп жатса, мұнда тиімділік пен пайданың құны көк тиын болып қалмасына кім кепіл? Өйткені, мұндай жағдайда жергілікті тұрғындар денсаулығына оның теріс әсері тиюі әбден мүмкін.

Екіншіден, мұның өзі еліміздің экологиялық заңдылықтары мен талаптарына да қайшы келеді. Қарашығанақ кеніші аумағында газды алау жағу мен техникалық жағдайға байланысты оның бұзылу көріністері орын алды. Оны Батыс Қазақстан облыстық экология департаменті жоспардан тыс тексеру жүргізген кезде анықтады. Соған сәйкес аталған департамент сотқа тиісті талапарыз жолдады. Өз кезегінде Батыс Қазақстан облыстық ауданаралық экономикалық соты КПО б.в. компаниясынан 7 миллиард 286 миллион 716 мың теңге өндіру жөнінде шешім шығарды.

Батыс Қазақстан облысы,
Бөрлі ауданы.

Меншік иесі:
"Егемен Қазақстан" республикалық газеті" акционерлік қоғамы

Президент
Сауытбек АБДРАХМАНОВ

Вице-президент – бас редактор
Жанболат АУПБАЕВ

Вице-президент
Еркін ҚЫДЫР

● МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: 010008 АСТАНА, "Егемен Қазақстан" газеті көшесі, 5/13. 050010 АЛМАТЫ, Абылай хан даңғылы, 58 А.

АНЫҚТАМА ҮШІН: Астанада: АТС 37-65-27, Алматыда: 273-07-87.
БАЙЛАНЫС: Астанада: факс (7172) – 37-19-87, электронды пошта: egemenkz@mail.online.kz
egemenkz@mail.ru, egemenkz@mail.kz. Интернет-редакция: ekazakhstan@mail.ru
Алматыда: факс (727) – 273-07-87, электронды пошта – egemalm@mail.ru

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:
Астана – 8 (717-2) 37-61-21;
Ақтау – 8 (701) 593-64-78;
Ақтөбе – 8 (713-2) 56-01-75;
Талдықорған – 8 (728-2) 27-05-70;
Атырау – 8 (712-2) 31-74-13;
Көкшетау – 8 (716-2) 25-76-91;
Қарағанды – 8 (721-2) 43-94-72;
Қостанай – 8 (714-2) 39-12-15;
Қызылорда – 8 (701) 772-70-74;
Орал – 8 (777) 496-21-38;
Өскемен – 8 (778) 454-86-11;
Павлодар – 8 (718-2) 68-59-85;
Тараз – 8 (726-2) 43-37-33;
Шымкент – 8 (701) 362-63-76;
Петропавл – 8 (715-2) 50-72-50.

ЖАРНАМА-АҚПАРАТ БӨЛІМІ:
Астанада – 8 (717 2) 37-60-49, факс – 37-64-48, egemen_adv@mail.ru
Алматыда – 8 (727) 273-74-39, факс – 273-07-26, gulnurekkz@mail.ru

Ⓐ Материалдың жариялану ақысы төленген. Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газет мына қалалардағы:
010000, Астана қ., Сілеті к-сі, 30, «ERNUR» Медиа холдингі» ЖШС,
050000, Алматы қ., Гагарин к-сі, 93 А, «Дәуір» РПБК ЖШС,
100008, Қарағанды қ., Сәтбаев к-сі, 15, «Арко» ЖШС,
110007, Қостанай қ., Мәуленов к-сі, 16, «Қостанай полиграфия» ЖШС,
120014, Қызылорда қ., Байтұрсынов к-сі, 49, «Энергопромсервис» ПФ» ЖШС,
130000, Ақтау қ., 22-м/а, «Caspiy Print» ЖШС,
030010, Ақтөбе қ., Рысқұлов к-сі, 190, «А-Полиграфия» ЖШС,
060005, Атырау қ., Ж.Молдағалиев к-сі, 29 А, «Атырау-Ақпарат» ЖШС,
160000, Шымкент қ., Т.Әлімқұлов к-сі, 22, «Ernur print» ЖШС,
140000, Павлодар қ., Ленин к-сі, 143, «Дом печати» ЖШС,
150000, Петропавл қ., Қазақстан Конституциясы к-сі, 11, «Полиграфия» АҚ,
080000, Тараз қ., Төле би д-лы, 22, «ЖБО «Сенім» ЖШС,
090000, Орал қ., Достық-Дружба дан., 215 А, «WESTA» ЖШС,
040000, Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 32, «Офсет» баспаханасы,
070002, Өскемен қ., Абай д-лы, 20, «Печатное издательство-агентство Рекламный Дайджест» ЖШС баспаханаларында басылып шықты.

Газетті есепке қою туралы №01-Г куәлікті 2007 жылғы 5 қаңтарда Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі берген. «Егемен Қазақстан» республикалық газеті» АҚ ҚР СТ ИСО 9001-2009 Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Таралымы
203 394 дана.

Нөмірдің кезекші редакторы
Асқар ТҰРАПБАЙҰЛЫ.

Индекс 65392. Аптасына 5 рет шығады. «Егемен Қазақстан» республикалық газеті» АҚ компьютер орталығында теріліп, беттелді. Көлемі 15 баспа табақ. Нөмірдегі суреттердің сапасына редакция жауап береді. «Егемен Қазақстанда» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Тапсырыс 8921

Газет Астана қ., Сілеті к-сі, 30, «ERNUR» Медиа холдингі» ЖШС-де басылды, тел. 99-77-77. Тапсырыс №595 ек

РЕСМИ БӨЛІМ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы

2015 жылғы 17 маусым № 446 Астана, Үкімет Үйі

«Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (айналдырылуы тиіс) мүлікті есепке алудың, сақтаудың, бағалаудың және одан әрі пайдаланудың кейбір мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі № 833 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **қаулы етеді:**

1. «Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (айналдырылуы тиіс) мүлікті есепке алудың, сақтаудың, бағалаудың және одан әрі пайдаланудың кейбір мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі № 833 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2002 ж., № 25, 260-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алудың, сақтаудың, бағалаудың және одан әрі пайдаланудың кейбір мәселелері»;

2) кіріспе, 1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім), 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім), 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне (Салық кодексі), 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне, Қазақстан Республикасының «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» 2010 жылғы 2 сәуірдегі, «Нотариат туралы» 1997 жылғы 14 шілдедегі, «Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы» 1999 жылғы 16 шілдедегі және «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **қаулы етеді:**

1. Қоса беріліп отырған Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану қағидалары бекітілсін.

2. Мыналар:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті және оның аумақтық органдары – республикалық меншікке;

аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары коммуналдық меншікке жекелеген негіздер бойынша айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану жұмыстарын ұйымдастыру жөніндегі уәкілетті орган болып айқындалсын.»;

3) көрсетілген қаулымен бекітілген Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (айналдырылуы тиіс) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану ережесі осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К. МӘСІМОВ.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 446 қаулысына Қосымша
Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 26 шілдедегі № 833 қаулысымен бекітілген

Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті (бұдан әрі – мүлік) есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидалар сот шешімімен республикалық меншікке түсті деп танылған иесіз қауіпті қалдықтарға қолданылмайды.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті және оның аумақтық органдары (бұдан әрі — уәкілетті орган) осы Қағидаларда айқындалатын тәртіппен республикалық меншікке айналдырылған (түскен) мынадай мүлікті:

1) тәркіленген мүлікті;

2) сот актілерінің негізінде мемлекет кірісіне айналдырылған заттай айғақтарды (бұдан әрі – заттай айғақтар);

3) мәдени құндылықтарға жататын заттардан тұратын көмбелерді (бұдан әрі – көмбелер);

4) лауазымдық жағдайына байланысты немесе қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты мемлекеттік қызметшілерге, сондай-ақ олардың отбасы мүшелеріне берілген, арнаулы мемлекеттік қорға өтеусіз тапсыруға жататын сыйлықтарды (бұдан әрі – сыйлықтар);

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен республикалық меншікке өтеусіз өткен мүлікті, оның ішінде мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік режимінде ресімделген тауарлар мен көлік құралдарын есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану жөніндегі жұмысты ұйымдастырады.

4. Аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – жергілікті атқарушы органдар) коммуналдық меншікке айналдырылған (түскен) мынадай мүлікті:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен иесіз деп танылған;

2) мемлекетке мұрагерлік құқығы бойынша өткен, сондай-ақ қайтыс болған адамнан мұрагерлікке қалған;

3) олжаларды;

4) қараусыз қалған жануарларды;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен коммуналдық меншікке өтеусіз өткен мүлікті, оның ішінде мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік режимінде орналастырылған тауарларды;

6) мәдени құндылықтарға жататын заттарды қамтымайтын көмбелерді (көмбедегі үлесті);

7) тәркіленген мүлікті;

8) сот актілерінің негізінде мемлекет кірісіне айналдырылған заттай айғақтарды есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану жөніндегі жұмысты ұйымдастырады.

5. Уәкілетті орган мен жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің аумақтық органдарына олар белгілеген тәртіппен, мерзімдерде және нысанда мүлік туралы мәліметтерді ұсынады.

2. Мүлікті есепке алу және сақтау

6. Мүлікті есепке алу:

1) тиісті сот актілері;

2) нотариус беретін мемлекеттің мұрагерлікке құқығы туралы куәлік;

3) кедендік ресімдеу аяқталғаннан кейін мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік режиміне сәйкес мәлімделген кедендік жүк декларациясы;

4) мемлекет меншігінің құқығы туындағанын растайтын өзге де құжаттар негізінде жүзеге асырылады.

7. Мүлік осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мүлікті тізімдеу, бағалау және (немесе) қабылдау-беру актісі негізінде беріледі. Мүлікті тізімдеу, бағалау және (немесе) қабылдау-беру актісі (бұдан әрі – тізімдеу актісі) онда көрсетілген тараптардың саны бойынша жасалады.

8. Тәркіленген мүлікті, заттай айғақтарды, сондай-ақ бұрын мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік рәсіміне орналастырылған тауарларды алып қойған (берген) сот орындаушылары немесе органдар (тұлғалар) уәкілетті органды немесе жергілікті атқарушы органды мүлікті беру күні, орны және уақыты туралы олардың орындалуына дейін кемінде бес жұмыс күні қалғанда осы Қағидалардың 6-тармағында көзделген құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып және өзге де (алып қою актілері, сот сараптамасының актілері, атқару парақтары және басқалары) құжаттар болған кезде жазбаша хабарлайды.

Мүлікті сот орындаушыларынан немесе мүлікті алып қойған (беретін) органдардан (тұлғалардан) уәкілетті органға немесе жергілікті атқарушы органға беру мүлікті сақтау және тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтерді жеткізушінің қатысуымен, уәкілетті органның немесе жергілікті атқарушы органның тізімдеу актісін жасай отырып белгіленген күні, уақытында және орнында жүзеге асырылады.

9. Тізімдеу актілерін есепке алу үшін осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мүлікті тізімдеу, бағалау және (немесе) қабылдау-беру актілерін есепке алу кітабы (бұдан әрі – есепке алу кітабы) жүргізіледі. Есепке алу кітабына тізімдеу актілері түсуіне қарай тіркеледі. Есепке алу кітабындағы жазбалар уақтылы, анық және түзетілмей жүргізілуі тиіс. Есепке алу кітабы нөмірленуге, тігілуге және уәкілетті органның немесе жергілікті атқарушы органның мөрімен бекітілуге тиіс.

10. Тізімдеу актісі есепке алу кітабына енгізілгеннен кейін әр жазбаға мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган белгіленген нысан бойынша түгендеу карточкасы ашылады. Түгендеу карточкасының тақырыбында мүліктің кімге берілгені, сондай-ақ мүлікті беру уақыты туралы мәліметті қамтылуға тиіс. Мүлікті сатқан кезде түгендеу карточкасында бюджетпен есеп айырысу мерзімдері, төлем құжатының (тарының) нөмірі мен күні көрсетіледі.

Түгендеу карточкасына тізімдеме актісінің нөміріне сәйкес келетін нөмір беріледі. Мүлік бір тізімдеме актісі бойынша бірнеше ұйымға берілген жағдайда, түгендеу карточкалары бір нөмірмен әр ұйымға жеке ашылады.

11. Жергілікті атқарушы орган иесіз жылжымайтын затты есепке алған күннен бастап бір жыл өткеннен кейін бұл затты коммуналдық меншікке түсті деп тану туралы талаппен сотқа жүгінеді.

12. Мүлікті сақтау 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде (Негізгі бөлім) белгіленген талаптарға сәйкес жүргізіледі.

Республикалық меншікке айналдырылған (түскен) мүлікті сақтау жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды уәкілетті орган жүргізеді.

Коммуналдық меншікке айналдырылған (түскен) мүлікті сақтау жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды жергілікті атқарушы орган жүргізеді.

Республикалық меншікке (коммуналдық меншікке) айналдырылған (түскен) мүлікті сақтау бойынша көрсетілетін қызметтерді жеткізушіні таңдауды уәкілетті орган (жергілікті атқарушы орган) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

13. Республикалық меншікке айналдырылған (түскен) мүлікті тасымалдау жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды уәкілетті орган жүргізеді.

Коммуналдық меншікке айналдырылған (түскен) мүлікті тасымалдау жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды жергілікті атқарушы орган жүргізеді.

Мүлікті тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтерді жеткізушіні таңдау Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Мүлікті бағалау

14. Мүлікті одан әрі пайдалану, оның ішінде өткізу немесе беру үшін бағалау «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» 2000 жылғы 30 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүргізіледі.

Республикалық меншікке айналдырылған (түскен) мүлікті бағалау жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды уәкілетті орган жүргізеді.

Коммуналдық меншікке айналдырылған (түскен) мүлікті бағалау жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды жергілікті атқарушы орган жүргізеді.

Бағалаушыны таңдау Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

15. Ақша мен төлем құжаттары бағалаушыны тартпай-ақ атаулы құны бойынша бағаланады.

4. Мүлікті одан әрі пайдалану

16. Мүлікті одан әрі пайдалану туралы шешімді (республикалық немесе коммуналдық мүліктің құрамына беру, оның ішінде балалар үйіне, қарттар және мүгедектер үйлеріне, балабақшаларға, мектептерге, медициналық-әлеуметтік мекемелерге не арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілерге өтеусіз беру, өткізу немесе жою) уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган қабылдайды.

Мүлікті одан әрі пайдалану туралы мәселелерді қарау үшін уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган комиссия (бұдан әрі – комиссия) құрады, оның құрамына уәкілетті органның немесе жергілікті атқарушы органның өкілдері, Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының келісімімен жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерінің, сондай-ақ қажет болған кезде санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің, мемлекеттік кірістер органдарының және басқа да мүдделі ұйымдардың өкілдері кіреді.

Комиссия туралы ережені уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган әзірлейді және бекітеді.

Комиссия мүшелерінің саны кемінде 5 адамнан тұрады. Комиссияның төрағасы уәкілетті органның немесе жергілікті атқарушы органның өкілі болады. Хатшы комиссияның мүшесі болып табылмайды.

Комиссияның шешімдері қатысып отырған комиссия мүшелерінің жалпы санының қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады, ұсынымдық сипатта болады және хаттамамен ресімделеді. Дауыстар тең болған кезде төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Комиссияның шешімдері уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган үшін ұсынымдық сипатта болады.

17. Мүлікті одан әрі пайдалану (республикалық немесе коммуналдық мүліктің құрамына беру, оның ішінде балалар үйіне, қарттар және мүгедектер үйлеріне, балабақшаларға, мектептерге, медициналық-әлеуметтік мекемелерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілерге өтеусіз беру, өткізу немесе жою) мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

18. Тарихи, ғылыми, көркемдік немесе өзге де мәдени құндылығы болуы мүмкін мүлікке «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» 1992 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес құрылатын арнайы комиссия сараптама жасайды.

Тарихи, ғылыми, көркемдік немесе өзге де мәдени құндылыққа жатқызылған мүлік тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік мұражайларға өтеусіз берілуі мүмкін.

19. Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) бағалы металдарды, асыл тастар мен олардан жасалған бұйымдарды қабылдау, есепке алу, тасымалдау, бағалау, сақтау, пайдалану, өткізу және жою тәртібін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган белгілейді.

20. Ақша түріндегі мүлік бюджет кірісінің есебіне жатқызылады.

Шетел валютасы операция жасалған күні белгіленген валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалдары арқылы бюджет кірісінің есебіне жатқызылады. Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған, айырбасталмайтын шетел валютасын қабылдау, сақтау, өткізу тәртібін, сондай-ақ оларды өткізуден түскен ақшаны бюджет есебіне жатқызу тәртібін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейді.

Ақша түріндегі мүлікті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне және олардың филиалдарына беруді осындай мүлікті алған орган мүліктің сомасы, берілу уақыты және алушысы көрсетілген беру туралы хабарламаны уәкілетті органға жібере отырып жүргізеді.

21. Мемлекеттік меншіктің құрамына түскен салымдар (депозиттер) сомасын банктер номиналды түрде толық көлемінде бюджеттің кірісіне аударады.

22. Осы Қағидалар лотерея билеттері бойынша ұтыс түріндегі мүлікке қолданылады. Лотерея билеттері бойынша заттай ұтыстың құнын лотереяның ұйымдастырушысы болып табылатын тұлға бюджет кірісінің есебіне жатқызады.

Лотерея билеттерін беру тізімдеме актісі бойынша жүргізіледі, онда лотереяның атауы, шығарылған күні, ұтыс ойынын жүргізген тұлғаның атауы, билеттердің сериясы, нөмірі және ұтыстың сомасы көрсетіледі.

23. «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабында көрсетілген жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) тұрғын үйлер мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорына қосылады.

Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне түскен тұрғын үйлерді одан әрі пайдалану тәртібі «Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі.

24. Уәкілетті органға немесе жергілікті атқарушы органға тапсырылған сыйлықтар арнаулы мемлекеттік қорды құрайды. Арнаулы мемлекеттік қордағы мүлікті өткізу «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» 1998 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып жүргізіледі.

25. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдар немесе оларға теңестірілген адамдар және олардың отбасы мүшелері білмей келіп түскен сыйлықтар, сондай-ақ олар өздерінің лауазымдық жағдайларына немесе қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты алған сыйлықтар уәкілетті органға тізімдеу актісі бойынша тапсырылады.

Лауазымдық жағдайларына байланысты немесе қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты мемлекеттік қызметшілерге, сондай-ақ олардың отбасы мүшелеріне жария түрде немесе ресми іс-шаралар кезінде берілген (тапсырылған), құны Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген он айлық есептік көрсеткіштен асатын сыйлықтар уәкілетті органға немесе жергілікті атқарушы органдарға тізімдеу актісі бойынша тапсырылады.

Арнайы мемлекеттік қорға тапсырылған сыйлықтарды есепке алуды, бағалауды және сақтауды уәкілетті орган жүзеге асырады.

Жергілікті атқарушы органға тапсырылған сыйлықтар есепке алуды, сақтауды және бағалауды ұйымдастыру үшін уәкілетті органға берілуге тиіс. Жергілікті атқарушы орган уәкілетті органға тізімдеу актісіне қол қойылғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде тиісті хабарлама жібереді.

26. Арнайы мемлекеттік қордың бағалы металдардан жасалған сыйлықтарын сараптауды, бағалауды және сақтауды оларды өткізгенге дейін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады.

27. Сыйлықты тапсырған тұлға оны сатып алудан жазбаша түрде бас тартқаннан кейін ғана уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы органдар арнаулы мемлекеттік қордан сыйлықты үшінші тұлғаларға өткізуге құқылы.

28. «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабында көрсетілген жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) жер учаскелері мемлекеттік жер қорына қосылады.

Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған жер учаскелерін одан әрі пайдалану тәртібі 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексімен реттеледі.

5. Ең төменгі бағамен өткізілмеген мүлікті пайдалану және жою тәртібі

29. Ең төменгі бағамен өткізілмеген мүлікті пайдалану және жою мынадай тәртіппен жүзеге асырылады.

Комиссия белгілеген ең төменгі бағамен сатылмаған, пайдалануға жарамды мүлік балалар үйлеріне, қарттар және мүгедектер үйлеріне, балабақшаларға, мектептерге, медициналық-әлеуметтік мекемелерге не болмаса арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін субъектілерге (бұдан әрі – әлеуметтік қызмет субъектілері) өтеусіз беріледі.

Мүлік туралы ақпаратты шешім қабылданған күннен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде уәкілетті орган не жергілікті атқарушы орган Мүлікті есепке алу және өткізу бойынша электрондық дерекқорға бірыңғай қолжетімділік нүктесін беретін www.gosreestr.kz мекенжайы бойынша Интернет желісінде орналасқан интернет-ресурста (бұдан әрі – тізілім веб-порталы) жариялайды.

Мүлікті өтеусіз алуға өтінім тізілім веб-порталында хабарлама жарияланған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде әлеуметтік қызмет субъектілерінен тізілім веб-порталында қабылданады. Мүлікті өтеусіз алу өтініміне әлеуметтік қызметтер көрсету бойынша қызметті жүзеге асыруды растайтын құжаттардың сканерленген көшірмелері қоса беріледі.

Мүлікті өтеусіз алуға өтінімді ашу хабарламада көрсетілген өтінімдерді қабылдау аяқталатын күні мен уақыты келген кезде автоматты түрде тізілім веб-порталы арқылы жүргізіледі.

Мүлікті өтеусіз алуға өтінімді уәкілетті орган не жергілікті атқарушы орган қарайды, олар өтінімдерді ашу күнінен бастап үш күн мерзімде тізілімнің веб-порталында өтінімдері қанағаттандырылған әлеуметтік қызметтердің субъектілері туралы ақпаратты жариялайды. Мүлікті алуға ниетті бірнеше өтінім беруші болған кезде өз өтінімдерін бұрын берген тұлғалар артықшылықты пайдаланады.

Мүлік уәкілетті органның немесе жергілікті атқарушы органның шешімі негізінде әлеуметтік қызмет субъектілеріне беріледі.

Мүлікті мемлекет меншігіне ақысыз өткізген кезде уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган әлеуметтік қызмет субъектілері арасында қабылдап алу-беру (тапсыру актісі) актісі үш дана мемлекеттік және орыс тілдерінде қабылдап алу-беру (тапсыру актісі) актісін ресімдеуге қатысушы тараптардың әрқайсысына бір данадан жасалады.

30. Одан әрі қарай пайдалануға жатпайтын мүлік және талап етілмеген, ең төменгі бағамен сатылмаған мүлік уәкілетті органның немесе жергілікті атқарушы органның шешімімен жойылады.

Республикалық меншікке айналдырылған (түскен) мүлікті жою жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды уәкілетті орган жүргізеді.

Коммуналдық меншікке айналдырылған (түскен) мүлікті жою жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды жергілікті атқарушы орган жүргізеді.

Мүлікті жою жөніндегі көрсетілетін қызметтерді жеткізушіні таңдау Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

31. Сапасы мен қауіпсіздігіне нормативтік құжаттарда қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін азық-түлік шикізатын, тамақ өнімдерін, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және санитариялық-эпидемиологиялық қағидалар мен нормаларға және гигиеналық нормативтерге сәйкес келмейтін, акциздік таңбаларсыз өткізілетін темекі бұйымдарын және шығарылған елі белгісіз құрамында темекі бар басқа да бұйымдарды, сондай-ақ тасымалдауға, сақтауға, өткізуге, санитариялық-эпидемиологиялық сараптама мен сертификаттауды жүргізуге байланысты шығындары өздерінің бағалау құнынан асып түсетін тауарлардың шамалы партияларын және өзге де мүлікті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган құратын комиссия жояды.

Қажет болған жағдайларда, комиссияның құрамына санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің қызметкерлері және жергілікті атқарушы органдар мен басқа да мүдделі ұйымдардың өзге де мамандары тартылуы мүмкін.

6. Қорытынды ережелер

32. Мүлікті есепке алуға, бағалауға, сақтауға, тасымалдауға, қайта жіберуге, оны өткізуді ұйымдастыруға және одан әрі пайдалану жөніндегі өзге де шығындарға байланысты шығыстар 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

33. Сот мүліктің мемлекет меншігіне түсуіне негіз болған актінің күшін жойған (тиісті бөлігін өзгерткен) жағдайда уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган мүлікті заттай қайтаруды жүргізеді. Егер мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сатылған болса, оның құнын өтеу оны өткізуден алынған қаражат шегінде тиісті бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

34. Осы Қағидалардың 3 және 4-тармақтарында көрсетілген негіздер бойынша мемлекетке өткен мүлікті заңды және жеке тұлғаларға уақытша пайдалануға беруге тыйым салынады.

35. Уәкілетті органның және жергілікті атқарушы органның лауазымды тұлғаларына осы Қағидалардың ережелерін бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жауапкершілік жүктеледі.

Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану қағидаларына 1-қосымша

Нысан

Мүлікті тізімдеу, бағалау және (немесе) қабылдап алу-беру актісі

20__ ж. «___» ____________ ____________________________
(жасалған күні) (акті жасалған жер)

Мына құрамдағы комиссия:
Уәкілетті органның (жергілікті атқарушы органның) өкілі
____
(уәкілетті органның немесе жергілікті атқарушы органның атауы, мекенжайы, ЖСН/БСН)
____
(жауапты қызметкердің лауазымы және тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
Сот орындаушысы
____
(әділет органының атауы, мекенжайы, ЖСН/БСН, қызметкердің лауазымы және тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
Өкілі
____
(мүлікті беретін адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), мүлікті алып қойған (беретін) органның атауы, мекенжайы, ЖСН/БСН
____
(қызметкердің лауазымы және тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))
Өкілі
____
(мүлік уақытша жауапты сақтауында орналасқан ұйымның атауы, мекенжайы, ЖСН/БСН)
____
(қызметкердің лауазымы және тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))
Өкілі
____
(мүлікті қабылдаушы ұйымның атауы, мекенжайы, ЖСН/БСН)
____
(қызметкердің лауазымы және тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))
бағалаушы____
(ұйымның атауы, мекенжайы, ЖСН/БСН, лицензияның күні және нөмірі)
____
(мүлікті бағалауды жүзеге асыратын адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
____
мекенжайы, ЖСН/БСН, лицензияның күні және нөмірі)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі № 833 қаулысымен бекітілген Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану қағидаларының негізінде
____
(мүліктің бұрынғы иесінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), мекенжайы, ЖСН/БСН немесе ұйымның атауы, мекенжайы, ЖСН/БСН) тиесілі
____
(соттың атауы, мекенжайы, ЖСН/БСН, сот шешімінің нөмірі, күні) сот актілерінің негізінде тәркіленген (оның ішінде заттай айғақтар)
немесе
____
(соттың атауы, мекенжайы, ЖСН/БСН, сот шешімінің нөмірі, күні)
негізінде иесіз деп танылған
____
(ұйымның атауы, мекенжайы, ЖСН/БСН немесе мүлікті берген тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), мекенжайы, ЖСН/БСН)
немесе мемлекет меншігіне өтеусіз өткен
____
(ұйымның атауы, мекенжайы, ЖСН/БСН немесе мүлікті берген тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), мекенжайы, ЖСН/БСН)
мүлікті, оның ішінде
____
(кеден органының атауы, мекенжайы, ЖСН/БСН, КЖД күні және нөмірі) кедендік жүк декларациясына сәйкес «мемлекет пайдасына бас тарту» кедендік режимінде ресімдеген
немесе
____
(нотариустың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), мекенжайы, ЖСН/БСН, куәлігінің нөмірі, күні)
нотариустың куәлігіне сәйкес мұрагерлік құқық бойынша мемлекетке өткен деп танылған тауарлар мен көлік құралдарын, сыйлықтарды, сондай-ақ
____
(ұйымның атауы, мекенжайы, ЖСН/БСН немесе мүлікті берген тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), мекенжайы, ЖСН/БСН)
құны мемлекет кірісіне түсетін мемлекеттік меншік құқығы туындағанын растайтын өзге де құжаттардың негізіндегі өзге де мүлікті тізімдеуді және қабылдап алуды жүргізді
____

Мүлікті тізімдеу және бағалау

Р/с №	Әрбір зат мұқият сипатталған мүліктің атауы	Өлшем бірлігі	Саны	Мүлікті қабылдау кезінде бірлігін алдын ала бағалау, теңге*	Барлық сомасы, теңге
1	2	3	4	5	6
	Жиыны				

Жиыны (жазумен):
____
Бюджетке аударуға жататын жиыны
____

Осы акт ____ данада жасалды.Комиссия мүшелері:
______________ ______________________________
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
______________ ______________________________
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
____
(бағалаушы сарапшының (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы және мөрі)
______ ж. «___» ________ Иесінің қолы ________________

Осы актіде көрсетілген мүлікті жауапты сақтауға қабылдап алдым. Сақтауға қабылданған мүліктің жойылуы, жасырылуы, жоғалуы, ауысуы немесе бүлінуі үшін 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 425-бабы бойынша қылмыстық және материалдық жауапкершілік туралы маған ескертілді
______ ж. «___»_______ ___________(қолы)
____
(ұйымның атауы, ЖСН/БСН, мекенжайы немесе мүлікті қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
____

* Бұл баған мүлікті уәкілетті органға (жергілікті атқарушы органға) беруші ұйым алдын ала бағалау жүргізген жағдайда толтырылады.

Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану қағидаларына 2-қосымша

Нысан

20__ жылға арналған мүлікті тізімдеу, бағалау және (немесе) қабылдап алу-беру актілерін есепке алу кітабы

Р/с №	Жазба жүргізілген күн	Мүлікті тізімдеу, бағалау, қабылдап алу-беру актісінің нөмірі және күні	Жазба жүргізудің негіздемесі (құжаттың атауы, нөмірі және күні)	Бұрынғы иесінің атауы немесе өтініш берушінің Т.А.Ә.	Мүліктің атауы (саны)	Мүлікті тізімдеу, бағалау, қабылдап алу-беру актісі бойынша мүліктің құны (бар болса), теңге	Мүліктің бағалау құны, теңге	Мүліктің тізімдеу, бағалау және қабылдап алу-беру актісі кімге және қашан жіберілді	Мүлік кімге және қашан берілген не сатылған (шешімінің, шарттың, мүлікті қабылдау-беру актісінің № және күні)	Мүлік үшін түпкілікті есеп айырысу күні	Бюджетке түскен нақты сома
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы

2015 жылғы 23 маусым №473 Астана, Үкімет Үйі

«Топырақты агрохимиялық зерттеп қарауды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 тамыздағы №902 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **қаулы етеді:**

1. «Топырақты агрохимиялық зерттеп қарауды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 тамыздағы №902 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2014 ж., №51, 524-құжат) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К.МӘСІМОВ.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы

2015 жылғы 23 маусым №474 Астана, Үкімет Үйі

«Ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісін және нарығын басқару жүйелерін субсидиялау қағидаларын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 28 ақпандағы №202 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **қаулы етеді:**

1. «Ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісін және нарығын басқару жүйелерін субсидиялау қағидаларын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 28 ақпандағы №202 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2013., №18, 315-құжат) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К.МӘСІМОВ.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы

2015 жылғы 23 маусым №475 Астана, Үкімет Үйі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **қаулы етеді:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К.МӘСІМОВ.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 маусымдағы №475 қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. «Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін айқындау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 1 маусымдағы №448 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2007 ж., №18, 200-құжат).

2. «Кешенді экологиялық рұқсаттар беру ережесін және қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттардың орнына кешенді экологиялық рұқсаттар алу мүмкін болатын өнеркәсіп объектілері үлгілерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 ақпандағы №95 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2008 ж., № 4, 51-құжат).

3. «Үлгі инвестициялық шартты, үлгі келісімді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 10 наурыздағы № 276 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2009 ж., № 14, 100-құжат).

4. «Есептік тарифті айқындау, шекті және жеке тарифтерді бекіту ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 10 наурыздағы № 277 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2009 ж., № 14, 101-құжат).

5. «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану мониторингін жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 5 қазандағы № 1529 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2009 ж., № 41, 401-құжат).

6. «Жылумен жабдықтау мақсаттары үшін жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін салудың техникалық-экономикалық негіздемелері мен жобаларын келісу және бекіту қағидаларын, мерзімдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 25 желтоқсандағы №2190 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2010 ж., № 1, 11-құжат).

7. «Теңіздегі ғылыми зерттеулерді жүргізу қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 24 қарашадағы №1244 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2011 ж., № 2, 25-құжат).

8. «Электр немесе жылу желілеріне қосудың және жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектілерді қосудың ең таяу нүктелерін айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы №119 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2012 ж., № 27-28, 368-құжат).

9. «Қазақстан Республикасы электр энергиясының көтерме сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 4 маусымдағы №740 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2012 ж., № 55, № 750-құжат).

10. «Аспаптармен және құрылғылармен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 8 маусымдағы № 765 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2012 ж., № 56, № 761-құжат).

11. «Электрмен жабдықтаудың сенімділігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 15 маусымдағы № 795 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2012 ж., № 57, № 779-құжат).

12. «Парниктік газдарды түгендеу мониторингі мен оған бақылау жасау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 26 маусымдағы № 840 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2012 ж., № 58, № 803-құжат).

13. «Электр энергиясының бөлшек сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі, сондай-ақ осы нарықта қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 шілдедегі № 932 қаулысымен бекітілген (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2012 ж., № 63, 865-құжат).

14. «Экологиялық (жасыл) инвестицияларды іске асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 8 тамыздағы №1032 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2012 ж., №66, 930-құжат).

15. «Электрмен жабдықтаудың авариялық және технологиялық броны актісін жасау жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 10 тамыздағы №1039 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2012 ж., № 66, 936-құжат).

16. «Теңіздегі ғылыми зерттеулерді жүргізу қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 24 қарашадағы № 1244 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 24 қазандағы № 1349 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2012 ж., № 75-76, 1106-құжат).

17. «Жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылардың электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы үлгілік шартты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 28 ақпандағы № 197 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2013 ж., № 18, 312-құжат).

18. «Есептік тарифті айқындау, шекті және жеке тарифтерді бекіту ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 10 наурыздағы № 277 қаулысына толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 наурыздағы № 301 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2013 ж., № 23, 371-құжат).

19. «Жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылардың құрылысына арналған үлгілік шартты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 наурыздағы № 302 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2013 ж., № 23, 372-құжат).

20. «Электр қуатының нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 наурыздағы № 303 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2013 ж., № 23, 373-құжат).

21. «Энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдардың күзгі-қысқы жағдайларда жұмысқа әзірлігі паспортының нысанын, оны алу қағидаларын және мерзімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 сәуірдегі № 373 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2013 ж., № 26, 414-құжат).

22. «Өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша міндетті мерзімдік аттестаттау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 1 маусымдағы № 563 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2013 ж., № 36, 531-құжат).

23. «Техникалық жарақтандырудан кейін электр станцияларының, электр және жылу желілерінің энергия объектілерін пайдалануға қабылдап алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 маусымдағы № 642 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2013 ж., № 39, 569-құжат).

24. «Жылу энергиясын пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 10 шілдедегі №712 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2013 ж., № 41, 608-құжат).

25. «Электр энергиясын пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 10 шілдедегі № 713 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2013 ж., № 41, 609-құжат).

26. «Энергетикалық сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 10 шілдедегі № 714 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2013 ж., № 41, 610-құжат).

27. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 23 шілдедегі № 735 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 60-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2013 ж., № 42, 623-құжат).

28. «Есептік тарифті айқындау, шекті және жеке тарифтерді бекіту ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 10 наурыздағы № 277 қаулысына толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 7 тамыздағы № 803 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2013 ж., № 45, 661-құжат).

29. «Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін айқындау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 1 маусымдағы № 448 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 22 қазандағы № 1128 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2013 ж., № 61, 842-құжат).

30. «Электр немесе жылу желілеріне қосудың және жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектілерді қосудың ең таяу нүктелерін айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 119 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 қаңтардағы № 36 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2014 ж., № 3, 27-құжат).

31. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 4 ақпандағы № 49 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 2-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2014 ж., № 4, 35-құжат).

32. «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері құрылысының техникалық-экономикалық негіздемелері мен жобаларын келісу және бекіту ережесін, мерзімдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 25 желтоқсандағы № 2190 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 сәуірдегі № 418 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2014 ж., № 31, 271-құжат).

33. «Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі көрсететін мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту, Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 3 маусымдағы № 607 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 1-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2014 ж., № 38-39, 370-құжат).

34. «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану мониторингін жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 5 қазандағы № 1529 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 шілдедегі № 786 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2014 ж., № 45, 453-құжат).

35. «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген электр энергиясын қаржы-есеп айырысу орталығының орталықтандырылған сатып алу және сату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 тамыздағы № 876 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2014 ж., № 49-50, 506-құжат).

36. «Қаржы-есеп айырысу орталығының жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымнан электр энергиясын тіркелген тарифтер және жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектіні салу жобасының уәкілетті немесе жергілікті атқарушы орган бекіткен және олармен келісілген техникалық-экономикалық негіздемесінде белгіленген босату бағасының деңгейінен аспайтын тарифтер бойынша сатып алуы, қаржы-есеп айырысу орталығының жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектілер өндірген электр энергиясын шартты тұтынушыларға сатуы шарттарының үлгі нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 тамыздағы № 878 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2014 ж., № 49-50, 507-құжат).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы

2015 жылғы 24 маусым №476 Астана, Үкімет Үйі

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі № 984 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **қаулы етеді:**

1. «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі № 984 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2013 ж., № 56, 771-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы қағидаларында:

мынадай мазмұндағы 12-1-тармақпен толықтырылсын:

«12-1. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы бұрын жасалған шарт болған кезде салымшы (алушы) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан жағдайда, уәкілетті ұйым міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасаған жеке тұлғалардың бірыңғай тізіміне міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы жаңа шарт туралы мәліметтерді енгізеді.

Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы жаңа шарт туралы мәліметтерді уәкілетті ұйым міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасаған жеке тұлғалардың бірыңғай тізімінде қосымша ақпарат түрінде көрсетеді.

Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы жаңа шарт бойынша түскен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, инвестициялық табыс, өсімпұл және Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасына сәйкес өзге де түсімдер салымшының (алушының) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы бұрын жасаған шарт негізінде ашылған жеке зейнетақы шотында есепке алынады.»;

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«15. Салымшыға (алушыға) БЖЗҚ ұсынатын зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратта:

1) сұратылып отырған кезеңнің басындағы жағдай бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы және есептелген инвестициялық табыс сомасы;

2) сұратылып отырған кезеңнің соңындағы жағдай бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы және есептелген инвестициялық табыс сомасы;

3) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы бекіткен және сұратылып отырған кезеңнің соңында қолданыста болған инвестициялық табыстан және зейнетақы активтерінен түсетін комиссиялық сыйақының шамасы;

4) сұратылып отырған кезең ішіндегі күндерді көрсете отырып, зейнетақы жарналарының, өсімпұлдың, аударымдардың, зейнетақы жинақтары төлемдерінің және (немесе) ұсталған жеке табыс салығының сомасы;

5) сұратылып отырған кезең ішіндегі күндерді көрсете отырып, салымшының (алушының) жеке зейнетақы шотында көрсетілетін өзге де операциялардың сомасы туралы мәліметтер қамтылады.»;

16-тармақта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) салымшы (алушы) электрондық цифрлық қолтаңбаны және (немесе) пайдаланушының берілген логині мен паролін пайдалана отырып, интернет қызметтері арқылы өзі өтініш жасаған кезде;»;

мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

«5) пошта байланысы қызметтерінің көмегімен.»;

17 тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«17. Төлем карточкасы арқылы хабардар етуді қоспағанда, БЖЗҚ-ның салымшыны (алушыны) осы Қағидалар бекітілгенге дейін жасалған міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша өткен жылдағы зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы жыл сайын міндетті хабардар етуі қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен БЖЗҚ-ға берілген электрондық форматтарда көрсетілген тәсілмен жүзеге асырылады. Жыл сайынғы хабардар ету шеңберінде зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратта осы Қағидалардың 15-тармағында көрсетілген мәліметтер қамтылады.»;

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы қағидаларына 1 және 2-қосымшалар осы қаулыға 1 және 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К. МӘСІМОВ.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2015 жылғы 24 маусымдағы №476 қаулысына 1-қосымша



Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2015 жылғы 24 маусымдағы №476 қаулысына 2-қосымша



(Соңы 14-бетте).

(Соңы. Басы 13-бетте).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы

2015 жылғы 23 маусым №472 Астана, Үкімет Үйі

«Жол жүрісі қағидаларын, Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 қарашадағы №1196 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **қаулы етеді:**

1. «Жол жүрісі қағидаларын, Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 қарашадағы №1196 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2014 ж., №69-70, 636-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Жол жүрісі қағидаларында:

«2. Жүргізушілердің жалпы міндеттері» деген бөлімде:

1-тармақтың 1) тармақшасының бесінші абзацы алып тасталсын;

4-тармақта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) шыққан жылын қоса алғанда, шығарылғанына жеті жылдан аспаған, автомобиль көлігі саласындағы кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын М1 санатындағы көлік құралдарын қоспағанда, ақауы бар көлік құралын, міндетті техникалық қарап-тексеруден өтпеген көлік құралын басқаруға;»;

6) тармақша алып тасталсын;

«12. Аялдау және тоқтап тұру» деген бөлімнің 5-тармағының 2) тармақшасы алып тасталсын;

«21. Жүргізіп үйрену» деген бөлімнің 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Үйретушінің өзімен бірге тиісті біліктілік куәлігі, ол үйретуді жүргізетін сол санаттағы көлік құралын басқару құқығына жүргізуші куәлігі, ал үйренушінің – жеке басын куәландыратын құжаты және көлік құралын басқаруға қарсы айғақтардың жоқ екендігі туралы медициналық қорытындысы болады.»;

«22. Жолаушыларды тасымалдау» деген бөлімнің 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Жүргізуші жолаушыларды отырғызуды және түсіруді осы Қағидалардың 12-бөлімінде белгіленген көлік құралдарын тоқтатуға тыйым салынбаған жерлерде көлік құралы толық тоқтағаннан кейін ғана жүзеге асыруға, ал жүруді есіктер жабылғанда бастауға және оларды толық тоқтағанға дейін ашпауға міндетті.

Маршруттық көлік құралының жүргізушісі жолаушыларды отырғызуды және түсіруді белгіленген аялдама пункттерінде ғана жүзеге асырады.»;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерде:

5-тармақтың бірінші бөлігінің орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді;

14-тармақта:

2) тармақша алып тасталсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) шыққан жылын қоса алғанда, шығарылғанына жеті жылдан аспаған, автомобиль көлігі саласындағы кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын М1 санатындағы көлік құралдарын қоспағанда, міндетті техникалық қарап- тексеруден өтпеген;»;

3) көрсетілген қаулымен бекітілген көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер тізбесінде:

мынадай мазмұндағы 10-тармақпен толықтырылсын:

«10. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Арнайы прокурорлар департаменті.»;

ескертпенің 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Мемлекеттік күзет қызметінің, ұлттық қауіпсіздік органдарының, ішкі істер органдарының жедел қызметтерінің, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы Арнайы прокурорлар департаментінің көлік құралдарында арнайы түсті-графикалық бояулар, таным белгілері мен жазулары болмауы да мүмкін.».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К.МӘСІМОВ.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрығы

2013 жылғы 10 шілде №268 Астана қаласы

Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік білім беретін оқу бағдаламаларын бекіту туралы

(Жалғасы. Басы 181, 187, 191, 196, 206, 216, 232, 254, 2015 ж. 5, 8,33, 38, 62,64,67,74, 89, 91, 98, 100, 103, 105, 113, 115, 118-нөмірлерде)

ӘЭП 3.1	Пәнді оқу нәтижесінде білім алушы **білуі керек: -** негізгі ұғымдарды; - ұғымдар, конфуциялық, даосизм; - үнді мәдениеті мен оның негізгі табыстары, ерекшеліктерін; - ұғымдар: ислам; курайш; Мұхаммед; Құран; Алла; МеККе; - христиан ілімі мен оның негізгі принциптері; - Франция мәдениеті; - көшпенділердің өмір салты мен жүйесі туралы; - қазақтың орта ғасырлық мәдениетіне түрік және араб мәдениеттерінің ықпалы туралы; - көшпенділердің өмір сүру салты мен құндылық жүйелері жөнінде; - ортағасырлар кезеңінде қазақ этносының мәдени негізі туралы білімін қалыптастыру; **істеуі керек:** - ұлт мәдениетінің ерекшеліктерін ашуын; - мәдениеттанудың негізгі түсініктерін еркін қолдануын; - көшпенділердің материалдық және рухани мәдениеттерінің ерекшелігін, оның әлем мәдениетіндегі орнын көрсетуін игеруі керек.	**Мәдениеттану:** Мәдениеттану және оның қоғам өміріндегі ролі. Мәдениетті зерттеудегі сипаттың көпқырлылығы. Мәдениет және цивилизация; мәдениеттің қалыптасуы. Мәдениеттің әртүрлі типтері. Батыс еуропа мәдениеті және оның қазіргі заманғы дүниенің дамуына әсері. Африка мәдениетінің ерекшелігі расизм мәселесі. Көшпенділер мәдениетінің пайда болуы және ерекшелігі. Орта ғасыр кезеңіндегі Қазақстан мәдениеті; XVII-XIX ғасырдағы қазақтардың мәдени дәстүрі; Қазақстанның қазіргі мәдениеті.	БҚ 4 АҚ 5 БҚ 7 АҚ 5 БҚ 5
ӘЭП 3.2	Пәнді оқу нәтижесінде білім алушы **білуі керек:** - адам өмірі мүддесі, дүние жүзінің философиялық, ғылыми және діни көріністерін; - ғылымның ролі мен ғылымды тану, оның құрылымы, формалары мен әдістері, әлеуметтік және этникалық проблемалары туралы түсінікті; **істеуі керек:** - биологиялық және әлеуметтік, дене және рухани принциптеріне негізделген адам мінезін, оның санасының маңызын, саналы және санасыз мінезді анықтауын; - қоғамда адамдар арасындағы қарым-қатынастың өнегелі қалыптарын.	**Философия негіздері:** Философия пәні әлемдегі философиялық ойлардың негізгі кезеңдері. Адам табиғаты мен оның тіршілік мәні; адам және Құдай; адам және ғарыш; адам, қоғам. Цивилизация, мәдениет жеке адамның еркіндігі мен жауапкершілігі. Адам тану мен қызметі; ғылым және оның ролі; адам-зат алдындағы басты проблемалар.	БҚ 4 БҚ 5 БҚ 4
ӘЭП 3.3	Пәнді оқу нәтижесінде білім алушы **білуі керек:** - қоғам даму заңдылықтарын түсінуде әлеуметтік тәсілі туралы; - әлеуметтік құрылым, әлеуметтік тарату, әлеуметтік қарым-қатынастар туралы; - жекелендіруді қоғам мүлкіне айналдыру процесі ерекшеліктерін, оның реттеу нысандарын; - халықаралық саяси жағдай, Қазақстандағы саяси процестер, қазіргі дүние жүзіндегі оның жағдайлары туралы түсінігін; **істеуі керек:** - әлеуметтік қозғалысты және басқа әлеуметтік өзгерістер мен даму фАҚторларын ажыратуды; - саяси жүйелер мен саяси режимдер туралы түсінік құруға; - билік маңызын, саясат субъектісін, саяси қатынастар мен процестерді (Қазақстанда және жалпы дүние жүзінде) айқындауды.	**Саясаттану және әлеуметтану негіздері:** Әлеуметтану ғылымы: қоғам әлеуметтік мәдени жүйе. Әлеуметтік бірлік; әлеуметтік және этноұлттық қатынасы. Әлеуметтік процестер: әлеуметтік институттар мен ұйымдар. Жеке адам: оның әлеуметтік ролі мен әлеуметтік мінезі; саясаттану пәні. саяси билік және әкімшілік қатынас. Саяси жүйе. Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық процестер.	БҚ 7 АҚ 4 АҚ 5 АҚ 3
ӘЭП 3.4	Пәнді оқу нәтижесінде білім алушы **білуі керек:** - экономикалық теорияның жалпы ережелерін; - елдегі және шет елдегі экономикалық жағдайларды; - салық, ақша-несие туралы әлеуметтік және инвестициялық саясатта мАКро және микроэкономикалар негізін; **істеуі керек:** - өзінің кәсіби қызметіне бейімделу үшін қажетті экономикалық ақпараттарды табуға және қолдана білуді.	**Экономика негіздері:** Негізгі түсініктері, қызметтері, маңызды принциптері. Меншіктілік түрлері мен формалары, меншіктілікті басқару. Жоспарлар түрлері, олардың негізгі кезеңдері, мазмұны, стратегиялық жоспарлау; жоспарларды экономикалық негіздеу әдістері мен болжамдарды дайындау. Бизнес-жоспарлау; экономикалық талдау; нарықтық жағдайды талдау; нарық инфрақұрылымдары.	БҚ 4 БҚ 5 АҚ 5
ӘЭП 3.5	Пәнді оқу нәтижесінде білім алушы **білуі керек:** - адам мен адамзат құқығы мен еркіндігі, оларды жүзеге асыру механизмдерін; - кәсіби қызмет саласында құқықтық және құлықты этикалық қалыптарды; **істеуі керек:** - нормативті-құқықтық құжаттарды пайдалануды; - маман кәсіби қызметін реттеуге дағдылануды.	**Құқық негіздері:** Құқық, түсінік, жүйе, материалдар, Қазақстан Республикасының Конституциясы-заңға сүйенген жүйелер түйіні. Жалпы декларация адам құқығы, жеке адам, құқық, құқықты мемлекет, заңдық жауапкершілік және оның түрлері. Құқықтың негізгі салалары, Қазақстан Республикасының сот жүйесі, құқық қорғау органдары.	БҚ 4 АҚ 5 АҚ 4
ЖКП 04	**Жалпы кәсіптік пәндер**		
ЖКП 4.1	Пәнді оқу нәтижесінде білім алушы **білуі керек:** - аралық техникалық пәндерді, сондай-ақ арнайы курстарды оқуға қажетті математикадан білім көлемін; - анықтамалықтармен өз бетінше жұмыс істеуді; **істеуі керек:** - болашақ мамандығына байланысты қолданбалы сипаттағы есептерді шешуде үйренген математикалық әдістер мен математикалық тапсырмаларды шешуді; - математикалық есептерді қолданбалы нәтижеге жеткізіп, шешуді (формулалар, сандар, сапалы шығатын графика және т.б.) - қолданбалы мәселелерді математикалық жағынан зерттеу; - мамандыққа байланысты әдебиеттердегі математикалық терминдерді өз бетінше шешуді; - тәжірибелік нұсқауды алу мақсатында қажетті есептеу әдістері мен тәсілдерді таңдау және қолдануды (компьютерлер, анықтамалықтар, кестелер).	**Жоғары және қолданбалы математика негіздері:** Сызықтық алгебра элементтері. Екінші және үшінші қатар айқындауыштары, олардың қасиеттері. Айқындауыштарды жол бойынша қойып есептеу. n-ретті айқындауыш туралы ұғым. Сызықтық теңдеу жүйелері. n-сызықтық теңдеуді Крамер ережесі бойынша n белгісіз арқылы шешу. Матрицалар. Кері матрица ұғымы. Сызықтық теңдеу жүйесімен матрицалық шешу тәсілі. Айқын функциялар, айқын емес функциялар, берілген параметрлік функцияларды дифференциалдау. Жоғары ретті дифференциалдар. Функцияны зерттеу, функция экстремумдары. Тригонометриялық функциялар. Айқындалған интегралдардың қасиеті және анықтау. Векторлы алгебра элементтері. Векторлар, сызықтық векторлар арасындағы операция.	БҚ 3 БҚ 5 АҚ 3
ЖКП 4.2	Пәнді оқу нәтижесінде білім алушы **білуі керек:** - механика мен гидроаэромеханиканың негізгі заңдарын; - термодинамика, динамика заңдарын; - электр тогының жұмысын сипаттайтын теңдеулер мен формулаларды; - заттың әртүрлі жағдайдағы қасиеттерінің өзгеруін; - тербеліс түрлерінің; - молекулалық-кинетикалық теорияның ережелерін; - жылу қозғалтқыштардың қимыл принциптері мен түрін; - ПӘК-ін; - электромагнитті тербеліс заңын; **істеуі керек:** - айналмалы қозғалыс кинематикасына есеп шығаруды; - динамика заңдарын, импульсты сақтау заңын қолдануды; - гармониялық тербеліс сипаттамасын есептеуді; - термодинамикалық параметрлерді есептеуді, газ заңдарын қолдануды; - электрлік сипаттамаларды есептеуді; - кедергілерді анықтауды; - өлшеу құралдарымен жұмыс істеуді; - ток күшін, қысымды, кедергіні есептеуді.	**Физика:** Әлемдегі қоршаған ортаға физикалық көзқарас. Гидроаэромеханика элементтері. Малекулярлық физика және термодинамика негіздері.Малекуярлы-кинетикалық теория. Заттың өзгеріс процесі және олардың сипаттамасы. ПӘК. Жылулық қозғалтқыштар. Бірқалыпты түзу сызықты қозғалыс, және оның теңдеуі мен графигі. Қозғалыс қосындысы. Күш, масса, үдеу. Күш қосындысы. Динамика заңдары. Бүкіл әлемдік тартылыс заңы. Серпімділік күші. Үйкеліс күші. Дене салмағы. Салмақсыздық. Статика. Жұмыс. Қуат. Энергияның сақталу заңы. Гармоникалық тербелістер және оның түрлері. Толқындардың қасиеті және оның түрлері. Денелердің электризациясы. Зарядтардың өзара әсерлесуі. Магнит күшінің жұмысы. Өздік индукция. Магнит өрісінің энергиясы. Электромагниттік толқындар. Радиоқабылдағыштар. Сәулелендіру. Спекторлар. Спекторлық анализ.	БҚ 4 БҚ 5 БҚ 2 БҚ 6 БҚ 4 БҚ 2 БҚ 6
ЖКП 4.3	Пәнді оқу нәтижесінде білім алушы **білуі керек:** - түрлі ақпаратты өңдеудің, сақтаудың теориялық негізін; - Word мәтіндік редАҚторын, Excel электрондық кестелерді, Power Point графикалық бағдарламасын және оның тәжірибелік қосымшаларын; - қазіргі заманғы қоғамдағы ақпараттың ролі, болашақ кәсіби қызмет мен ғылым мен техниканың дамуындағы ақпараттың ролі туралы қалыптасқан ұғымдарды; **істеуі керек:** Word, Excel және Power Point-та; **жұмыс істеуге қабілеті: -** мәтіндік ақпаратпен (құжат жасау, оның редАҚциялау және форматтау, мәтінге кестелік мәліметтерді диаграммаларды, суреттерді қосу, құжатты сақтау және оны шығару); - электрондық кестелермен (кесте жасау, кестелік мәндерді өңдеу, формулалармен жұмыс жасау, кестенің мәліметтері бойынша диаграммалар құру, оларды шығару); - презентациялар жасау.	**Қолданбалы информатика:** Ақпараттық үрдіс туралы түсінік және оның құрылымы. Бағдарламалар тілі: бағдарлама жасау технологиясы, компьютерлік графика.	БҚ 3 БҚ 4
ЖКП 4.4	Пәнді оқу нәтижесінде білім алушы **білуі керек:** - сызба геометрия негіздерін; - сызықтық мәнін: /ГОСТ 2.303-68/; - беттің негізгі өлшемінің /ГОСТ 2.301-68/; - машинажасау сызбаларын орындаудағы қолданылатын масштабы /ГОСТ 2.303-68/; - эскиз бен сызбаны; - конструкторлық құжаттардың түрлерін; - жиналмалы сызбаның мәнін, ерекшелігін; - жиналмалы сызбаны оқу реті; -жиналмалы сызбаны бөліктеуді; **істеуі керек:** - сызбаны орындау тәжірибесін; - сызбаны толтыруды, барлық шартты белгілерді, өлшемдерді, өлшем сызықтарын салып, сақтай отырып; - ерекшеліктерді толтыру; - жылжымалы сызбаларды бөліктеуді жүргізу; - жылжымалы сызбаларды дұрыс оқу; - қосындыларды дұрыс белгілеу, екінші қатардағы қисықты белгілеу; - арнайы қолданбалы бағдарламаларда компьютерде техникалық сызбаларды орындау.	**Техникалық сызба және инженерлік графика:** Проециялау әдістері. Сызбада нүкте, түзу, жазықтық және бет тапсырмалары. Нүкте, түзу, жазықтық және беттегі метрлік және позициялы тапсырмалар. Сызбаны қайта құру тәсілдері. Көпқырлы бет. Қисық сызықты бет. Айналыс беті. Түзу және жазықтық беттердің қиып өтуі. ГОСТ ЕСКД сызбаны дайындаудың негізгі ережелері. Түрлері, кесу, тілік. Ажырататын және ажыратпайтын қосылыс. Крнструкторлық құжаттама түрлері мен оны өңдеу сатысы. Арнайы қолданбалы бағдарламаларда компьютерде техникалық сызбаларды орындау.	КҚ 1 БҚ 4 БҚ 4 БҚ 5
ЖКП 4.5	Пәнді оқу нәтижесінде білім алушы **білуі керек:** - тұрақты және ауыспалы электр ток тізбектеріндегі негізгі қатысымен және физикалық процесстерін; - электр өрісі сипаттамаларын, олардың физикалық мәнін; - электр тізбнгіндегі жүйелі, қатарлас, аралас қосылыстар заңдарын; - электр өлшеу принциптерін; - электромагнетизм негізін; - бір фазалы және үш фазалы электр тізбегі,тұрақты және ауыспалы токтың трансформаторлары мен электр машиналары туралы ұғымды; - электр энергиясын беру және тарату принциптері; - электр жабдықтауды; **істеуі керек:** - электр өрісі сипаттамасын есептеу; - аралас қосылған бір көзді электр тізбегін есептеуді жүргізу; - электр сұлбаларындағы электр тізбегінің негізгі элементтерін анықтау; - электр тізбегі режимдерін анықтау; - электр тізбегін есептеу; - мемлекеттік стандартқа сәйкес шартты белгілердің көмегімен типтердің әртүрлі электр сұлбаларын орындау; - аспаптардың орналастыру сұлбаларын оқу;	**Электротехника негіздері:** Электр энергиясы, оның қасиеті және қолдануы. Өндірістік процестерді автоматтандыру ісінде электрификацияның ролі. Тұрақты және ауыспалы токтың электр тізбектері;электромагнетизм;электр тізбегі, үш фазалы тізбек; трансформаторлар; электр машиналары. Электроэнергетика, электротехника, электроника қазіргі күйі және даму болашағы. Электр өрісінің негізгі сипаттамалары. Конденцаторлар.Электр тогы және оның әртүрлілігі.Тоқтың бағыты,шамасы, жазықтығы.Электр өткізгіштік және өткізгіштер кедергісі. Ом заңы. Электр тізбегінің негізгі элементтері:электр энегия көздері және қабылдағышы,олардың қуаты мен ПӘК-і; Электр тізбегінің жұмыс режимдері:қалыпты,бос жүріс, тұйықталу. Электр тізбегін есептеу негізі (қосудың нақтылық сұлбасы, орнын басу сұлбасы): Мемлекеттік стандартқа сәйкес электр сұлбаларындағы шартты белгілер; сұлба бөлімі; тармақ, торап,контур. Күрделі электр тізбегін есептеу туралы түсінік.	БҚ 5 БҚ 4 БҚ 2 БҚ 3 БҚ 3 БҚ 2 БҚ 5 БҚ 2 КҚ 6
ЖКП 4.6	Пәнді оқу нәтижесінде білім алушы **білуі керек:** **-** қазіргі заманғы негізгі ғылыми концепцияларды, ұғымдар мен идеяларды және әуе тасымалының жоғарғы экономикалық көрсеткіштерін қамтамасыз ету үшін азаматтық авиацияның әуе кемелерінің тұрақтылығы мен басқарылуын; - ауаның негізгі өлшемдері мен физикалық қасиеттерін; - ұшақтың құрылымдық әуеайлақтардың ерекшеліктерін; - ұшудың негізгі этаптарында ұшақтың ұшу сипаттамаларын; - центрлеуге ықпал ететін фАҚторларды, ұшақтың тепе-теңдігін, тұрақтылығы мен басқарылуын; - ұшудың ерекше жағдайларындағы ұшу ерекшеліктерін; **істеуі керек:** - ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ұшақтың прАҚтикалық аэродинамикасы бойынша білімнің прАҚтикалық жұмысын қолдану; - прАҚтикалық міндеттерді шешуде әуе кемесінің ұшу техникалық сипаттамаларын зерттеу және талдау әдәстерін қолдану; - ҰҚЖ-ғы және сықты ортаның әртүрлі жағдайларындағы ұшақтың қону сипаттамаларын анықтау.	**Аэродинамика:** Аэродинамиканың негізгі заңдары. Аэродинамикалық күштер. Қанаттың аэродинамикасы: геометриялық сипаттамалар, қанаттың геометриялық және аэродромның қисығы; профиль бойынша қысымды реттеу (тарату). Қанаттың күші.Ұшақтың аэродинамикасы. Жылдымдық аэродинамикасы: негізгі тепе-теңдігі, дыбыс жылдамдығы. Әуе бұрамасының аэролромдық күші. Бұраманың ПӘК-і. Әуе бұрамасының прАҚтикалық қолдануы. Ұшақтың көлденең ұшуы: ұшаққа әсер ететін күш сұлбасы. Биіктік жиынтығы. Ұшақтың ұшуы,вираж, ұшаққа әсер ететін күш сұлбасы. Ұшақты кіндіктеу: ауырлық орталығы, ұшақты кіндіктеуді есептеу.	БҚ 5 БҚ 4 БҚ 6
ЖКП 4.7	Пәнді оқу нәтижесінде білім алушы **білуі керек:** **-** радиобайланыс принциптерін; - радиотехникалық белгілер сипаттамасы және олардың спекторын; - электронды аспаптардың және сандық цифрлық схемотехниканың жұмыс физикасы: импульстік құрылы,коректену және ақпаратты бейнелеу құрылғыларын; - жартылай өткізгіштік аспаптарды; - фотоэлектрлік аспаптарды,электрондық түзеткіш,электрондық күшейткіш,электрондық генераторлар және өлшеуіш аспаптарды; **істеуі керек:** - аспаптардың типін және сипаттамаларын ажырату; - прАҚтикалық қызметте аспаптардың әртүрлі типтерін қолдану; - радио және электрондық аспаптарды орналастыру сұлбаларын оқу; - көрсеткіштерді ақаудың пайда болу жағынан аспаптар жұмысын талдау; - істен шығу және жөнделмейтін себептерді талдау;	**Радиотехника және радиоэлектроника негіздері:** Радиобайланыс принциптері, радиотехникалық белгілер және олардың спекторлары. Сызықты емес және параметрлік тізбектер. Электрондық аспаптар, түзеткіштер, күшейткіштер, генераторлар. Қабылдау және беру құрылғылары; цифрлық құрылғы элементтері; антенналар және радиотолқынның таралуы.	БҚ 3 АҚ 3
ЖКП 4.8	Пәнді оқу нәтижесінде білім алушы **білуі керек:** **-** авиациялық байланыстың ерекшеліктері; - жердегі және жылжымалы байланыстар құрама элементтерін; - байланыс, радиолокация және радионавигацияның радиотехникалық жүйелерін құру принципі мен жұмыс сипаттамаларын; - әуе қозғалысына қызмет көрсетудің автоматты жүйесін қолдану принципі мен құрылымын; - байланыстың элементтік базасын; - радиоэлектрондық жабдықтардың қоректендіру блогының ерекшеліктерін (ұшақ бортында); - әуе қозғалысына қызмет көрсету болашақ жүйесінің ерекшелігі; **істеуі керек:** - авиациялық байланыстың әртүрлі жабдықтарын айыру; - әуе қозғалысына қызмет көрсетудің шығарылмалы жабдықтарды қолдану; - радиолокаторлық станция блок-схеманы оқу; - әртүрлі режимде РЛБ қолдану.	**Әуе қозғалысына қызмет көрсетудің радиотехникалық жүйелері:** Жалпы мәліметтер; байланыс теориясының элементтері, авиациялық байланысты ұйымдастыру, (әуе байланысының) жылжымалы құралы; Байланыстың спутниктік жүйелері. Радионавигацияның физикалық негізі. Сымды радиостанция, қонудың торуылдау, бұрыш өлшегіш-қашықтық өлшегіш және құрал сайман жүйелері. Бірінші және екінші радиолАҚациялық станциялар,ақпаратты бейнелеужүйелері. Ұшудың радиотехникалық қамсыздандыруын ұйымдастыру. Әуе қозғалысына қызмет көрсетудің автоматтандыру жүйелері. Тағайындау, құрылым, әуе қозғалысына көрсетудің автоматты, әуе айлақтық және трассалық жүйелерді құру және қолдану принциптері. Әуе қозғалысына қызмет көрсетудің болашақ жүйелері.	КҚ 1 БҚ 5 БҚ 6 БҚ 4 КҚ 1
ЖКП 4.9	Пәнді оқу нәтижесінде білім алушы **білуі керек:** - көлік кәсіпорнындағы экономикалық құбылыстар мен процестердің мәнін, олардың өзара байланыстарын; **істеуі керек:** - экономикалық фАҚторлардың әсерін жүйелеуді, модельдеуді, анықтауды, жеткен нәтижелерді бағалауды, өндіріс тиімділігін арттыру көздерін табу; **игеру керек:** - ұйымның құрылу әдістерін, шешімдерді қабылдауды; әлеуметтік-нарықтық жағдайларда экономика дамуының жалпы заңдылығын.	**Өндіріс экономикасы:** Әуе көлігі экономикасының ерекшеліктері және оның өнімдері; еңбекті ұйымдастыру, жоспарлау және қалыптастыру; еңбек өнімділігі, оны өлшеу және арттыру жолдары; мекемені ұйымдастыру, жоспарлау және қалыптастыру; қаржы қызметін жоспарлау. Салық жүйесі, мекеменің қоры жаңа техника мен технологиялар енгізу, өнімнің жаңа түрлерін және қызметін меңгеру, кәсіпорынның есеп және техникалық құжаттамалары, патенттеу негіздері. Өндірістік қаржылық қызметтің есебі және талдау; маркетинг және оның қызметтері; тарифтік саясат, кәсіпорынды басқару; менеджмент негіздері; басқарудың әдістері мақсаттары, принциптері, қызметтері. Басқарудың психологиялық-педагогикалық негіздері; өндірістік қызметтің мотивациясы және ынталандырылуы, бақылауды ұйымдастыру; типтері, басқару стилі.	БҚ 3 БҚ 7 АҚ 5
ЖКП 4.10	Пәнді оқу нәтижесінде білім алушы **білуі керек:** - радио- техникалық тізбектер мен белгілердің түрлерін; - радиоберуші және радиоқабылдаушы қондырғының құрамы мен жұмыс принципін; ЖТЖ антенді-фидерлік қондырғының жұмыс принципін; дағдылар: **істеуі керек:** - байланыс радиоаппараты жұмысын талдау; ұшақ жүргізу , соқтығыстың алдын алу аппараты; - ӘК РТЖ ақауды анықтау.	**Әуе кемелерінің радиотехникалық жүйелері:** Әртүрлі типті әуе кемелерінің радиожабды ғының құрылымы, жұмыс істеу және техникалық пайдалану принципі; ӘК РТЖ құрамы: байланыс радиоаппараты; ұшақ жүргізу, белсенді жауап беру және тану, Соқтығыстың алдын алу аппараты.	БҚ 5 БҚ 2
ЖКП 4.11	Пәнді оқу нәтижесінде білім алушы **білуі керек:** - барлық жердегі және ұшу қызметінің құрамын, қызметін және жұмыс тәртібін; - ұшу жұмысын өткізу тәртібін; - әуе кемелерінің пайдалану ерекшеліктерін; - ұшуды дайындау кезеңдері мен орындауды; - әртүрлі типті әуе кемелерінің ұшу сипаттамалары мен пайдалану тәртібін; - ұшуды ұйымдастыру және қамтамасыз ету қызметтерінің өзара әрекет ретін; - қамтамасыз ету қызметтерінің арасында қызметтерді бөлуді; **істеуі керек:** - ұшу қауіпсіздігін, тұрақтылығын және экономикалық өнімділігін қамтамасыз ету жердегі және ұшу қызметінің жұмысын бақылау, талдау жасау; - ұшуды ұйымдатыру және қамтамасыз ету қызметтері арасындағы міндеттерді бөлу өнімділігіне талдау жасау; - ұшуды қамтамасыз ету қызметіне басшылық жасау	**Ұшу және жердегі қызметтердің жұмысын ұйымдастыру:** Әуе кемелері туралы жалпы мәліметтер. Пайдалану шектері. Ұшуды дайындау және орындау. Ұшу сиапттамалары. Ұшақ жүйелерінің пайдалануы. Ұшу және жердегі қызметтердің жұмысын ұйымдастыруға қойылатын негізгі талаптар. Ұшу жұмысын жоспарлау, ұшу құрамының кәсіби дайындылығы, экипаждың алдын-ала және ұшу алдындағы дайындығы; ұшу құрамының жұмысын тексеру. Ұшуды орындауды тексеру және ұшу жұмысын талдау; ұшуды аэронавигациялық және метеорологиялық ақпаратпен қамтамасыз ететін қызметтің жұмысын ұйымдастыру, ұшуды медициналық қамтамасыз ету, инженерлік- авиациялық және әуеайлақтық қамтамасыз ету, электр жарық техникасы мен радиотехникалық қамтамасыз ету қызметтері, әуе тасымалы ұйымдастыру қызметі. Ұшуды ұйымдастыру және қамтамасыз ету қызметтерінің өзара байланысы, олардың қызметтерін бөлу.	БҚ 2 БҚ 3 БҚ 5 БҚ 4
ЖКП 4.12	Пәнді оқу нәтижесінде білім алушы: **білуі керек:** - әуеайлақтарды энергиямен жабдықтау жұмысының принциптері мен құрылымын; - әуе қозғалысына қызмет ететін электр жабдықтары құрылымының сипатын; - азаматтық авиацияда қолданылатын жарық техникалық жүйесінің ерекшелігін; - электр-жарық техникалық жабдықтар жұмысын қамтамасыз ету үшін әуеайлақтар мен жердегі қызметтің өзара әрекеттесу құрылымдарын; **істеуі керек:** - штаттық жағдайда және ерекше жағдайда әуеаландарды электр жарық техникаларымен қамтамасыз ету жұмысын ұйымдастыру; - әуеаландардың электр жарық техникамен қамтамасыз ету жұмысын бақылау және талдау.	**Әуеайлақтың электр-жарық техникалық жабдықтары:** Әуежайлардың энергиямен қамтамасыз ету жүйесі, трансформаторлық подстанция лар, дизель-генераторлық қондырғылар мен автоматты жүйелер. Жарық белгі беру жүйелері, олардың түрлері, қызметі, әуе қозғалысын басқару кезінде оларды бақылау және басқару. Ұшу кезінде әуе аландарды электр жарықпен қамтамасыз ету жұмысын ұйымдастыру. Азаматтық авиацияда қолданылатын жарық техникалық жүйелері	БҚ 2 БҚ 3 БҚ 5 БҚ 4
2. Сіздің кәсіпорныңыздың қалыпты жұмыс істеуіне қандай факторлар кедергі жасайды?
Какие факторы препятствуют нормальной работе Вашего предприятия?

2.1 **Шектеу жоқ** Ограничений нет		2.5 **Жоғары кедендік баждар** Высокие таможенные пошлины	
2. 2 **Меншікті қаржы ресурстарының жетіспеушілігі** Недостаток собственных финансовых ресурсов		2.6 **Ішкі нарықтағы бәсекелестіктің жоғарылауы** Возросшая конкуренция на внутреннем рынке	
2.3 **Жеткізушілермен уақтылы есеп айырыспау** Несвоевременность расчетов с поставщиками		2.7 **Сатып алу сұранысының төмендеуі** Снижение покупательского спроса	
2.4 **Тауарлардың сақталуын қамтамасыз ететін қоймалардың жетіспеушілігі** Недостаток складских помещений, обеспечивающих сохранность товаров		2.8 **Басқалар** Другие	

3. Сауда кәсіпорындарының қалауы
Предпочтение торговых предприятий

Сауда бойынша По торговле		**Себептер бойынша** По причине	
3.1 **Импорттық тауарлармен** Импортными товарами		**сатып алудың анағұрлым ұтымды жағдайы** более выгодных условий закупки	
		олардың тез айналымдылығы быстрой их оборачиваемости	
		сақтау мерзімдерінің ұзақтығы длительных сроков хранения	
3.2 **Отандық тауарлармен** Отечественными товарами		**тауарлық түрінің жақсаруы** лучшего товарного вида	
		басқалар другие	

4. Кәсіпорныңыздағы қаржы-экономикалық ахуалды қалай бағалайсыз?
Как Вы оцениваете финансово-экономическую ситуацию на Вашем предприятии?

Өткен тоқсанмен салыстырғанда ағымдағы тоқсанда В текущем квартале по сравнению с предыдущим			**Ағымдағы тоқсанмен салыстырғанда келесі тоқсанда** В следующем квартале по сравнению с текущим		
өсуі увеличение	**өзгеріссіз** без изменений	**кемуі** уменьшение	**өсуі** увеличение	**өзгеріссіз** без изменений	**кемуі** уменьшение

5. Сіз өз салаңыздың нарығында кәсіпорныңыздың көрсететін қызметтерінің бәсекелестік деңгейін қалай бағалайсыз?[1]
Как Вы оцениваете уровень конкуренции услуг своего предприятия на рынках своей отрасли?

Жол коды Код строки	Көрсеткіштердің аумаққа тиесілігі Территориальная принадлежность показателей	Жоғары Высокий	Орташа Средний	Төмен Низкий	Бәсекеге қабілетсіз Неконкурентоспособна	Бағалау қиын Трудно оценить
А	Б	1	2	3	4	5
5.1	**Қазақстан Республикасынан** Из Республики Казахстан					
5.2	**ТМД[2] елдерінен** Из стран СНГ					
5.3	ТМД-дан тыс елдерден Из стран вне СНГ					

Атауы________________ **Мекенжайы**________________
Наименование________________ Адрес ________________

Телефон ________________
Электрондық почта мекенжайы
Адрес электронной почты ________________

Орындаушы
Исполнитель ________________ ________________
тегі, аты және әкесінің аты **телефон**
фамилия, имя и отчество

Басшы
Руководитель ________________ ________________
тегі, аты және әкесінің аты **қолы**
фамилия, имя и отчество подпись

Бас бухгалтер
Главный бухгалтер ________________ ________________
тегі, аты және әкесінің аты **қолы**
фамилия, имя и отчество подпись

Мөрдің орны (бар болған жағдайда)
Место для печати (при наличии)

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2014 жылғы 27 қазандағы №25 бұйрығына 10-қосымша

«Сауда кәсіпорындарының қызметін конъюнктуралық зерттеу сауалнамасы» (коды 1552101, индексі КТ-001, кезеңділігі тоқсандық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық

1. Осы «Сауда кәсіпорындарының қызметін конъюнктуралық зерттеу сауалнамасы» (коды 1552101, индексі КТ-001, кезеңділігі айлық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру бойынша нұсқаулық «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 8) тармақшасына сәйкес әзірленді және «Сауда кәсіпорындарының қызметін конъюнктуралық зерттеу сауалнамасы» (коды 1552101, индексі КТ-001, кезеңділігі тоқсандық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыруды нақтылайды.

2. Кәсіпорындардың (ұйымдардың) қаржы-шаруашылық қызметін байқау қоғамдық пікірді зерттеуге негізделеді. Жиналған ақпарат өзінің сипаты жағынан сапалы болып табылады және нақты қалыптасқан жағдайды, сондай-ақ жақын арадағы болашаққа болжамды көрсетеді.

Осы статистикалық нысан бойынша есепті кәсіпорындардың (ұйымдардың) басшылары тапсырады.

Респонденттер «ұлғаю-азаю», «жақсару-нашарлау», «өзгеріссіз» баламаларының шеңберінде шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштерінің нақты және күтілетін өзгерісін (өнімдерді шығару және сату көлемдерін, өндірістік ресурстарды, қызметтің қаржы нәтижелерін) бағалайды.

Сұраққа жауап бере отырып, жауап «√» белгісімен сәйкес торда көрсетіледі. Жауап әрбір сұраққа беріледі.

Мемлекеттік статистика органдары құпиялылығына кепілдік береді
Конфиденциальность гарантируется органами государственной статистики

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2014 жылғы 27 қазандағы №25 бұйрығына 11-қосымша

Жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны
Статистическая форма общегосударственного статистического наблюдения

Приложение 11 к приказу Председателя Комитета по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан от 27 октября 2014 года №25

Аумақтық статистика органына тапсырылады
Представляется территориальному органу статистики

Статистикалық нысанды толтыруға жұмсалған уақыт, сағат (қажеттісін қоршаңыз) Время, затраченное на заполнение статистической формы, час (нужное обвести)					
1 сағатқа дейін до 1 часа	1-2	2-4	4-8	8-40	**40 сағаттан артық** более 40 часов

Статистикалық нысанды www.stat.gov.kz сайтынан алуға болады
Статистическую форму можно получить на сайте www.stat.gov.kz

Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына дәйексіз деректерді ұсыну және алғашқы статистикалық деректерді тапсырмау «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 497-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар болып табылады.
Представление недостоверных и непредставление первичных статистических данных в соответствующие органы государственной статистики являются административными правонарушениями, предусмотренными статьей 497 Кодекса Республики Казахстан «Об административных правонарушениях».

Статистикалық нысан коды 1532102
Код статистической формы 1532102

Көлік кәсіпорындарының қызметін конъюнктуралық зерттеу сауалнамасы

КТР-1

Анкета конъюнктурного обследования деятельности предприятий транспорта

Тоқсандық Квартальная **Есепті кезең** Отчетный период ☐☐ **тоқсан** квартал ☐☐☐☐ **жыл** год

Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің 49 - 51 – кодтарына сәйкес негізгі қызмет түрі бар заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық бөлімшелері ұсынады.
Представляют юридические лица и (или) их структурные подразделения с основным видом деятельности согласно кодам Общего классификатора видов экономической деятельности – 49 - 51.
Тапсыру мерзімі - есепті кезеңнің соңғы айының 25 күні.
Срок представления - 25 числа последнего месяца отчетного периода.

БСН коды ☐☐☐☐☐☐☐☐☐☐☐☐
код БИН

Құрметті басшы!
Сізден сауалнамада өз кәсіпорныңыздың қаржы – шаруашылық қызметіндегі ағымдағы және күтілетін өзгерістерге баға қоюыңызды сұраймыз.

Уважаемый руководитель!
В анкете просим проставить Вашу оценку текущих и ожидаемых изменений финансово-хозяйственной деятельности Вашего предприятия.

Өз жауабыңызды тиісті торда «√» белгісімен көрсетуіңізді өтінеміз
Пожалуйста, укажите Ваш ответ в соответствующей клетке знаком «√»

1. Сіз өз кәсіпорныңыздың қызметінің келесі көрсеткіштерінің өзгерісін қалай бағалайсыз?
Как Вы оцениваете изменения следующих показателей деятельности Вашего предприятия?

Жол коды Код строки	**Көрсеткіштер атауы** Наименование показателей		**Өткен тоқсанмен салыстырғанда ағымдағы тоқсанда** В текущем квартале по сравнению с предыдущим			**Ағымдағы тоқсанмен салыстырғанда келесі тоқсанда** В следующем квартале по сравнению с текущим		
			өсуі увеличение	**өзгеріссіз** без изменений	**кемуі** уменьшение	**өсуі** увеличение	**өзгеріссіз** без изменений	**кемуі** уменьшение
А	Б		1	2	3	4	5	6
1.1	Кәсіпорындағы жұмыспен қамтылғандар саны Численность занятых на предприятии							
1.2	Жүк айналымы көлемі Объем грузооборота							
1.3	Жолаушы айналымы көлемі Объем пассажирооборота							
1.4	Қаржы ресурстарымен қамтамасыз етілуі Обеспеченность финансовыми реурсами	1.4.1 меншікті собствен-ными						
		1.4.2 кредиттер және қарыздар кредитными и заем-ными						
1.5	Инвестициялар Инвестиции	1.5.1 негізгі капиталға в основной капитал						
		соның ішінде: 1.5.2 жабдық-тарға в том числе: в оборудова-ние						
1.6	Кәсіпорынның өнімдеріне жалпы сұраныс Общий спрос на продукцию предприятия							
1.7	Мерзімі өткен берешек Просроченная задолженность	1.7.1 дебиторлық дебиторская						
		1.7.2 міндеттеме- лер бойынша по обязательст-вам						
1.8	Қызметкерлердің еңбекақысы бойынша берешек Задолженность по оплате труда работников							
1.9	Таза пайда Чистая прибыль							

2. Сіз өз кәсіпорныңыздың негізгі қызмет түрі құнының өзгеруін қалай бағалайсыз?
Как Вы оцениваете изменение стоимости основного вида услуг Вашего предприятия?

Жол коды Код строки	Қызмет түрі атауы Наименование услуг		**Жоғарылауы, қарқынмен:** Повышение, темпами:			**өзгеріссіз** без изменений	**төмендеуі** снижение
			бұрынғы прежними	**үлкен** большими	**аз** меньшими		
А	Б		1	2	3	4	5
2.1	**Жүк тасымалдауға** На перевозки грузов	**өткен тоқсанмен салыстырғанда ағымдағы тоқсанда** в текущем квартале по сравнению с предыдущим					
		ағымдағы тоқсанмен салыстырғанда келесі тоқсанда в следующем квартале по сравнению с текущим					
2.2	**Жолаушылар-ды тасымалдауға** На перевозки пассажиров	**өткен тоқсанмен салыстырғанда ағымдағы тоқсанда** в текущем квартале по сравнению с предыдущим					
		ағымдағы тоқсанмен салыстырғанда келесі тоқсанда в следующем квартале по сравнению с текущим					

3. Материалдық-техникалық база
Материально-техническая база

Жол коды Код строки	**Атауы** Наименование	**Молынан** Более чем достаточно	**Жеткілікті** Достаточно	**Жеткіліксіз** Недостаточно
А	Б	1	2	3
3.1	**Көлік құралдары** Транспортные средства			
3.2	**Қосалқы жабдықтар** Вспомогательное оборудование			
3.3	**Жанар-жағармай материалдары** Горюче-смазочные материалы			

4. Сіздің кәсіпорныңыздың қызметі көлемінің өсуін қандай факторлар шектейді?
Какие факторы ограничивают увеличение объемов услуг Вашего предприятия?

4.1 **Шектеу жоқ** Ограничений нет		4.6 **Қосалқы жабдықтардың, қосалқы бөлшектердің жетіспеушілігі** Недостаток вспомогательного оборудования, запчастей		
4.2 **Кәсіпорындар тарапынан нарықтық бәсекелестік** Рыночная конкуренция со стороны предприятий		4.7 **Ақшалай қаражаттың жетіспеушілігі:** Недостаток денежных средств:	4.7.1 **меншікті** собственных	
			4.7.2 **кредиттер және қарыздар** кредитных и заемных	
4.3 **Тапсырыс берушілердің төлем қабілетсіздігі** Неплатежеспособность заказчиков		4.8 **Білікті қызметкерлердің жетіспеушілігі** Недостаток квалифицированных работников		

(Соңы 17-бетте).

(Соңы. Басы 15-16-беттерде).

4.4 **Материалдық-техникалық базаның тозуы** Изношенность материально-технической базы		4.9 **Басқалар** Другие	
4.5 **Көлік құралдарының жетіспеушілігі** Недостаток транспортных средств			

5. Сіз өз кәсіпорныңыздағы экономикалық ахуалды қалай бағалайсыз?
Как Вы оцениваете экономическую ситуацию на Вашем предприятии?

Зерттеу кезінде[1] На момент обследования			**Өткен тоқсанмен салыстырғанда ағымдағы тоқсанда** В текущем квартале по сравнению с предыдущим			**Ағымдағы тоқсанмен салыстырғанда келесі тоқсанда** В следующем квартале по сравнению с текущим		
жақсы хорошая	**қанағаттанарлық** удовлетворительная	**нашар** плохая	**жақсару** улучшение	**өзгеріссіз** без изменений	нашарлау ухудшение	**жақсару** улучшение	**өзгеріссіз** без изменений	**нашарлау** ухудшение

6. Зерттеу кезінде Сіздің инвестицияларды жүзеге асыру мүмкіндігіңізді қандай факторлар шектейді?
Какие факторы, на момент обследования, ограничивают Ваши возможности осуществлять инвестиции?

6.1 **Шектеу жоқ** Ограничений нет			6.5 **Жалпы экономикалық және саяси тұрақсыздық** Общая экономическая и политическая нестабильность	
6.2 **Қаржыландыру көздерінің жетіспеушілігі:** Недостаток источников финансирования:	6.2.1 **пайда мен меншікті қаражаттардың жеткіліксіздігі** недостаток прибыли и собственных средств		6. 6 **Инвестициялық жобаны жүзеге асыру мерзімінің ұзақтығы** Длительные сроки осуществления инвестиционного проекта	
	6.2.2 **кредит алудағы** қиындықтар трудности в получении кредита		6.7 **Инвестициялық жоба құнының жоғары болуы** Высокая стоимость инвестиционного проекта	
6.3 **Мемлекеттік инвестициялардың шектеулігі** Ограниченность государственных инвестиций			6.8 **Басқалар** Другие	
6.4 **Коммерциялық кредиттің жоғары пайызы** Высокий процент коммерческого кредита				

7. Сіз өз салаңыздың нарығында кәсіпорныңыздың көрсететін қызметтерінің бәсеке деңгейін қалай бағалайсыз?[1]
Как Вы оцениваете уровень конкуренции услуг своего предприятия на рынках своей отрасли?

Жол коды Код строки	**Көрсеткіштердің аумаққа тиесілігі** Территориальная принадлежность показателей	**Жоғары** Высокий	**Орташа** Средний	**Төмен** Низкий	**Бәсекеге қабілетсіз** Неконкурентоспособна	**Бағалау қиын** Трудно оценить
А	Б	1	2	3	4	5
7.1	**Қазақстан Республикасынан** Из Республики Казахстан					
7.2	**ТМД**[3] **елдерінен** Из стран СНГ					
7.3	**ТМД-дан тыс елдерден** Из стран вне СНГ					

Атауы______________________ **Мекенжайы**______________________
Наименование______________________ Адрес ______________________

Телефон ______________________

Электрондық почта мекенжайы
Адрес электронной почты ______________________

Орындаушы
Исполнитель ______________________ ______________________
тегі, аты және әкесінің аты фамилия, имя и отчество — **телефон**

Басшы
Руководитель ______________________ ______________________
тегі, аты және әкесінің аты фамилия, имя и отчество — **қолы** подпись

Бас бухгалтер
Главный бухгалтер ______________________ ______________________
тегі, аты және әкесінің аты фамилия, имя и отчество — **қолы** подпись

Мөрдің орны (бар болған жағдайда)
Место для печати (при наличии)

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2014 жылғы 27 қазандағы №25 бұйрығына 12-қосымша

«Көлік кәсіпорындарының қызметін конъюнктуралық зерттеу сауалнамасы» (коды 1532102, индексі КТР-1, кезеңділігі тоқсандық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық

1. Осы «Көлік кәсіпорындарының қызметін конъюнктуралық зерттеу сауалнамасы» (коды 1532102, индексі КТР-1, кезеңділігі тоқсандық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 8) тармақшасына сәйкес әзірленген және «Көлік кәсіпорындарының қызметін конъюнктуралық зерттеу сауалнамасы» (коды 1532102, индексі КТР-1, кезеңділігі тоқсандық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыруды нақтылайды.

2. Келесі анықтама осы статистикалық нысанды толтыру мақсатында қолданылады:

қызметкерлердің тізімдік саны – шартты жасасу мерзіміне байланыссыз еңбек шарты бойынша қабылданған адамдар саны.

3. Кәсіпорындардың (ұйымдардың) қаржы-шаруашылық қызметін байқау қоғамдық пікірді зерделеуге негізделеді. Жиналған ақпарат өзінің сипаты жағынан сапалы болып табылады және нақты қалыптасқан жағдайды, сондай-ақ жақын арадағы болашаққа болжамын көрсетеді.

Осы статистикалық нысан бойынша есепті кәсіпорындардың (ұйымдардың) басшылары тапсырады.

Респонденттер «ұлғаю-азаю», «жақсару-нашарлау», «өзгеріссіз» баламаларының шеңберінде шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштерінің нақты және күтілетін өзгерістерін (өнімдерді шығару және сату көлемдерін, өндірістік ресурстарды, қаржы нәтижелерін) бағалайды.

Сұраққа жауап бере отырып, жауап «√» белгісімен сәйкес торда көрсетіледі. Жауап әрбір сұраққа беріледі.

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылғы 24 қарашада Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №9895 болып енгізілді.

[1] **Мұнда және бұдан әрі өндірістің нақты көлемі көрсетіледі.**
Здесь и далее указывается физический объем производства
[2] **Мұнда және бұдан әрі есепті жылдың маусымында және желтоқсанында жарты жылдықтағы деректер толтырылады.**
Здесь и далее заполняются данные за полугодие в июне и декабре отчетного года.
[3] **ТМД – Тәуелсіз мемлекеттер достастығы.**
СНГ – Содружество независимых государств.
[4] **Мұнда есепті жылдың маусымында және желтоқсанында жарты жылдықтағы деректер толтырылады.**
Здесь заполняются данные за полугодие в июне и декабре отчетного года.
[5] **Мұнда зерттеулер кезіндегі жағдай көрсетіледі**
Здесь указывается ситуация на момент обследования.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің бұйрығы

2015 жылғы 28 сәуір №281 Астана қаласы

Алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету қағидаларын және Азаматтарды алғашқы медициналық-санитариялық көмек ұйымдарына бекіту қағидаларын бекіту туралы

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 45-бабының 4-1-тармағына сәйкес **бұйырамын:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Азаматтарды алғашқы медициналық-санитариялық көмек ұйымдарына бекіту қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін оны күнтізбелік он күннің ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықты орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі А.В. Цойға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі Т.ДҮЙСЕНОВА.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі №281 бұйрығына 1-қосымша

Алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексі 45-бабының 4-1) тармағына сәйкес әзірленді.

2. Осы Қағидалар алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету тәртібін айқындайды.

3. Алғашқы медициналық-санитариялық көмек (бұдан әрі – МСАК) – адам, отбасы және қоғам деңгейінде көрсетілетін, қолжетімді медициналық қызметтер көрсету кешенін қамтитын тәуліктік медициналық бақылауынсыз дәрігерге дейінгі немесе білікті медициналық көмек:

4. МСАК мыналарды:

1) анағұрлым көп таралған ауруларды, сондай-ақ жарақаттарды, улануларды және басқа шұғыл жағдайларды диагностикалау мен емдеуді;

2) отбасын, ана, әке болу мен балалық шақты қорғауды, соның ішінде отбасын жоспарлауды;

3) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі – ТМККК) шеңберінде дәрілік заттармен қамтамасыз етуді;

4) профилактикалық іс-шараларды және қауіп факторларын айқындауды;

5) ауруларды ерте анықтауға скринингтік зерттеулерді;

6) халықтың кең таралған патологиялық жағдайлар мен саламатты өмір салтын қалыптастыру туралы хабардар болу деңгейін арттыруды;

7) негізгі инфекциялық ауруларға қарсы иммундауды;

8) халықты гигиеналық оқытуды және сумен қауіпсіз жабдықтау мен халықтың оңтайлы тамақтануы жөніндегі түсіндіру жұмыстарын;

9) инфекциялық аурулар ошақтарындағы санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шаралар жүргізуді қамтиды.

2. Алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету тәртібі

5. Алғашқы медициналық-санитариялық көмекті МСАК мамандары (жалпы практика дәрігері, учаскелік терапевт дәрігер (педиатр), учаскелік мейіргер (жалпы практика мейіргері), фельдшер, акушер:

1) медициналық пунктте;

2) фельдшер-акушерлік пунктте;

3) дәрігерлік амбулаторияда (Отбасы денсаулығы орталығында);

4) емханада көрсетеді.

6. МСАК күндізгі стационар мен үй жағдайларында да көрсетіледі.

7. Дәрігердің немесе орта медицина қызметкерінің үйге шақыртып қызмет көрсетуін учаскелік қызмет (жалпы дәрігерлік) бөлімшесінің меңгерушісі, ол болмаған кезде учаскелік дәрігер (жалпы практика дәрігері) үйлестіреді.

Үйге шақыртып қызмет көрсету үшін көрсетілімдер мыналар болып табылады:

1) пациентке өз бетімен МСАК ұйымдарына баруға мүмкіндік бермейтін жіті ауырсыну жағдайы;

дене қызуының 38 Цельсий градустан жоғарылауы;

жай-күйінің айқын бұзылуы бар артериялық қысымның жоғарылауы;бірнеше рет қайталанып іштің өтуі;

қозғалысы шектелген омыртқаның және аяқ буындарының қатты ауырсынулары;

бастың айналуы, қатты жүрек айнуы, құсу;

2) пациенттің өз бетінше емханаға баруына мүмкіндік бермейтін созылмалы ауырсыну жағдайлары (онкологиялық аурулардың ауыр ағымы, (I – II топтағы) мүгедектік, сал болу, аяқ-қолдың парезі);

3) айналасындағыларға қауіп төндіретін жіті инфекциялық аурулар;

4) тасымалдауға болмайтын пациент;

5) МСАК ұйымдарының жұмыс уақытында жедел медициналық жәрдем станциясынан берілген шақыртуларға қызмет көрсету.

8. МСАК ұйымының медицина қызметкерінің пациенттің үйіне, оның ішінде аула аралау (пәтер аралау) арқылы баруы:

1) жіті аурулар, созылмалы аурулардың өршуі кезінде оның жағдайын, ауру ағымын бақылау және қажетті зерттеп-қараулардың және (немесе) емдеудің уақытылы тағайындау (түзету) мақсатында;

2) инфекциялық ауру індетінің пайда болу қаупі орын алғанда немесе инфекциялық аурумен ауыратын науқастар анықталған жағдайда халықтың жеке тобының, олармен байланыс жасаған немесе инфекциялық ауруды жұқтыру күдігі бар адамдардың патронажы кезінде жүзеге асырылады.

9. МСАК деңгейінде денсаулық сақтау саласында мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің мынадай: профилактикалық, диагностикалық, емдік, уақытша еңбекке жарамсыздық сараптамасы бойынша мемлекеттік қызметтер түрлері көрсетіледі.

10. Профилактикалық қызметтер: профилактикалық қарап-тексерулерді, иммундауды, саламатты өмір салтын қалыптастыру мен насихаттауды, ұтымды және дұрыс тамақтану жөніндегі ұсынымдарды, отбасын жоспарлауды, диспансерлеуді және динамикалық байқауды, жүкті әйелдерді, балаларды, оның ішінде жаңа туған нәрестелердің патронажын, әлеуметтік-психологиялық консультация беруді қамтиды.

11. Диагностикалық қызметтер: МСАК маманының қарап-тексеруін, зертханалық және аспаптық зерттеулерді қамтиды.

12. Емдік қызметтер: жедел және кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсетуді, денсаулық сақтау саласындағы стандарттарға сәйкес емдік манипуляцияларды, белгілі бір аурулары (жай-күйі) бар азаматтардың жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікті дәрілік заттармен және амбулаториялық деңгейде арнайы емдік өнімдермен қамтамасыз етуді қамтиды.

13. МСАК көрсету кезінде уақытша еңбекке жарамсыздық сараптамасы жүргізіледі. Уақытша еңбекке жарамсыздық сараптамасын дәрігер «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 59-бабының 2-тармағына сәйкес жеке тұлғаның еңбекке жарамсыздығын ресми тану және оны ауыру кезеңінде еңбек міндеттерін орындаудан уақытша босату мақсатында жүргізеді.

14. МСАК «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 желтоқсандағы № 2136 қаулысымен бекітілген ТМККК шеңберінде көрсетіледі.

15. МСАК:

1) бекіту фактісіне қарамастан шұғыл және кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсеткен жағдайда;

2) жоспарлы түрде – бекітілуі, алдын ала жазылуы немесе жүгінуі бойынша көрсетіледі.

16. МСАК ұйымына алғаш жүгінген кезде МСАК ұйымының тіркеу орнында бастапқы медициналық есеп құжаттары болып табылатын амбулаториялық науқастың медициналық картасы немесе баланың даму тарихы ресімделеді.

МСАК ұйымдарында пайдаланатын бастапқы медициналық есепке алу құжаттамасы «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» 2010 жылғы 21 желтоқсандағы № 907 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) жүргізіледі.

Бастапқы медициналық есеп құжаттамасының сақталуын қамтамасыз етуді аға тіркеуші, ал фельдшерлік-акушериялық және медициналық пункттерде –МСАК маманы жүзеге асырады.

17. Ауруының жағдайы мен сипатына байланысты МСАК ұйымына қабылдауға келе алмайтын азаматқа МСАК мамандары не шақыру тіркелген күні МСАК мамандарының өтінімі бойынша бейінді мамандар медициналық көмекті үйде көрсетеді.

18. МСАК көрсету кезінде емдеуші дәрігер дәрілік заттарға рецепт жазады. Дәрілік заттар нақты дәріхана ұйымы көрсетілмей денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен бекітілген үлгідегі рецепт бланкілеріне ғана жазылып беріледі.

19. Аталған қызмет түріне медициналық білімі бар аттестатталған мамандарды (дәріхана объектілері жоқ елді мекендердегі дәрігерлік амбулаториялар, медициналық және фельдшерлік-акушериялық пункттер) қоспағанда МСАК ұйымдарының медицина қызметкерлерінің дәрілік заттарды және биологиялық активті қоспаларды беруіне жол берілмейді.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі №281 бұйрығына 2-қосымша

Азаматтарды алғашқы медициналық-санитариялық көмек ұйымдарына бекіту қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Азаматтарды алғашқы медициналық-санитариялық көмек ұйымдарына бекіту қағидалары «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексі 45-бабының 4-1-тармағына (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес әзірленді.

2. Осы Азаматтарды алғашқы медициналық-санитариялық көмек ұйымдарына бекіту қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының азаматтарын тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсететін алғашқы медициналық-санитариялық көмек ұйымдарына (бұдан әрі –МСАК) бекіту тәртібін айқындайды.

3. Азаматтарды алғашқы медициналық-санитариялық көмек ұйымдарына бекіту – Кодекстің 34-бабында көрсетілген тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі – ТМККК) шеңберінде алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету бойынша МСАК ұйымдарының міндеттемелерін тіркеу.

4. МСАК көрсететін медициналық ұйымдарға нақты бекітілген халықтың саны, аумақтық қызмет көрсету учаскелері, учаскелік қызметтің (жалпы практика қызметі) дәрігерлері мен орта медицина персоналы туралы ақпаратты «Бекітілген халық тіркелімі» порталының дерекқорында медициналық ұйымдардың басшылары айқындайтын жауапты медицина қызметкері қалыптастырады.

Бекітілген халық тіркелімнен МСАК ұйымдарының бөлінісінде бекітілген халықтың саны туралы ақпарат Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша қызмет берушілерді таңдау қағидаларының талаптарына сәйкес келетін МСАК ұйымдары арасында ТМККК орналастыру және Кодекстің 34-бабының 4-тармағына сәйкес айқындалатын тәртіпте оның шығындарды өтеу үшін негіз болып табылады.

3. Алғашқы медициналық-санитариялық көмек ұйымына азаматтарды бекіту тәртібі

5. МСАК ұйымдарына азаматтарды бекіту медициналық ұйымды еркін таңдау құқығы бойынша басқа әкімшілік-аумақтық бірлікте орналасқан жақын жердегі МСАК ұйымына бекітілетін шекаралас аумақтарда тұратын азаматтарды қоспағанда, тұрақты немесе уақытша тұрғылықты, жұмыс істейтін, оқитын жері бойынша бір әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде дәрігерді, медициналық ұйымды еркін таңдау құқығы негізінде жүзеге асырылады.

6. Азамат МСАК ұйымының біреуіне ғана бекітіледі.

7. Медициналық ұйымға бекітілу талоны азаматтың МСАК ұйымына бекітілгені туралы куәландыратын құжат болып табылады. Бекітілу талонын медициналық ұйымның медициналық тіркеушісі береді.

8. МСАК ұйымына бекіту еркін нысандағы өтініш пен жеке басын куәландыратын құжат (жеке куәлігі, паспорт, туу туралы куәлік, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен берілген өзге де құжат) негізінде МСАК ұйымының жұмыс кестесіне сәйкес кез келген күнтізбелік уақытта жүзеге асырылады.

9. МСАК ұйымы бекітуді азаматтар өзі жүгінген кезде жүзеге асырылады.

Отбасының әрбір мүшесінің жеке басын куәландыратын құжаттарын көрсеткен кезде отбасы мүшелерінің біреуінің жазбаша келісімі болған кезде еркін нысандағы өтінішінің негізінде отбасы мүшелерін бекітуге жол беріледі.

10 Адамдарды бекіту МСАК ұйымдарында олардың тікелей немесе жазбаша жүгінуі бойынша сонымен қатар «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жеке куәлігі болған кезде жүзеге асырылады.

Он сегіз жасқа толмаған адамдарды бекіту, бекітілетін адамның және оның заңды өкілінің жеке басын куәландыратын құжат болған кезде оның заңды өкілдерінің еркін нысандағы өтінішінің негізінде жүзеге асырылады.

11. МСАК ұйымдарына азаматтарды бекітуді өзгерту:

1) тұрақты немесе уақытша тұрғылықты, жұмыс істейтін және оқитын жері әкімшілік-аумақтық бірлік шегінен тыс жерге өзгерген кезде;

2) МСАК ұйымы қайта ұйымдастырылған немесе таратылған жағдайларда;

3) азамат дәрігер мен медициналық ұйымды жылына бір реттен жиі емес еркін таңдаған кезде;

4) жыл сайын 15 қыркүйектен бастап 15 қараша аралығында халықты МСАК ұйымдарына бекіту науқаны кезеңінде (бұдан әрі – Науқан) жүзеге асырылады.

12. Азаматтар тікелей жүгінген кезде оларды МСАК ұйымдарына бекіткен кезде бұрын бекітілген МСАК ұйымдарынан есептен шығару «Бекітілген халық тіркелімі» порталының дерекқоры арқылы автоматты түрде жүзеге асырылады.

МСАК ұйымдарына «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы электрондық форматта бекітілген кезде бұрын бекітілген МСАК ұйымдарынан есептен шығару автоматты түрде жүзеге асырылады.

13. Кодекстің 34-бабында көрсетілген адамдар МСАК ұйымына бекітуді еркін таңдау кезінде оларға осы ұйым мамандарының үйде қызмет көрсету мүмкіндігі алдын ала келісіледі және бекіту анықтамасында (талонында) көрсетіледі.

14. Науқан кезеңіне ТМККК шеңберінде бекітілген халыққа жаңа әлеуетті қызметті берушілердің қызметті көрсетуі алдағы жылға ТМККК көрсетуге шарт жасасқан кезде қызметті берушіні таңдау жөніндегі комиссияның шешімі бойынша алдағы жылы 1 қаңтардан бастап жүзеге асырылады.

Кодекстің 34-бабында көрсетілген жаңа әлеуетті қызметті берушілерге бекітуге ниет білдірген адамдар осы уақытқа дейін ағымдағы жылы бекітілген ТМККК шеңберінде МСАК ұйымдарында медициналық көмек алады.

15. ТМККК шеңберінде МСАК көрсететін жекеше медициналық практикамен айналысатын жеке тұлғаларға бекіту осы Қағидаларға сәйкес МСАК ұйымдарына бекітумен бірдей жүзеге асырылады.

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылғы 4 маусымда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №11268 болып енгізілді.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің бұйрығы

2015 жылғы 27 сәуір №272 Астана қаласы

Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының № 88-V Заңы 10-бабының 1) тармақшасына және «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 7-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес **бұйырамын:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес «Дәрігерді үйге шақыру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес «Дәрігердің қабылдауына жазылу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес «Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымға бекіту» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес «АИТВ-инфекциясының бар-жоғына ерікті түрде жасырын және міндетті түрде құпия медициналық зерттеліп-қаралу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес «Туберкулезге қарсы ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес «Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес «Наркологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес «Стационарлық науқастың медициналық картасынан көшірме беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

9) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес «Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

10) осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес «Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымнан еңбекке уақытша жарамсыздық парағын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

11) осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес «Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымнан еңбекке уақытша жарамсыздық анықтамасын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімдік баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі А.В.Цойға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі Т.ДҮЙСЕНОВА.

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі
________ Ә.ИСЕКЕШЕВ
2015 жылғы «___» ______

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі
________ Е.ДОСАЕВ
2015 жылғы 8 мамыр

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі №272 бұйрығына 1-қосымша

«Дәрігерді үйге шақыру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «Дәрігерді үйге шақыру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымдар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсетуге өтініштерді қабылдау және олардың нәтижелерін беру:

1) көрсетілетін қызметті беруші (тікелей немесе көрсетілетін қызметті алушының телефоны бойынша өтініш берген кезде);

2) www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі: көрсетілетін қызметті берушіге өтініш берген кезде:

1) көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттарды тапсырған сәттен бастап 10 (он) минуттан аспайды;

2) құжаттарды тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 10 (он) минуттан аспайды;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 10 (он) минуттан аспайды.

портал арқылы өтініш берген кезде:

көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттарды тапсырған сәттен бастап – 30 (отыз) минуттан аспайды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетілетін қызметті берушіге тікелей жүгінген кезде немесе телефон байланысы арқылы жүгінген күні көрсетіледі. Бұл ретте мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға сұраныс көрсетілетін қызметті берушінің жұмысы аяқталғанға дейін 2 сағат бұрын қабылданады (жұмыс күндері 18.00-ге дейін, сенбі күні 12.00-ге дейін).

Электрондық форматта мемлекеттік көрсетілетін қызмет порталға жүгінген күні көрсетіледі. Бұл ретте мемлекеттік қызметті көрсетуге сұраныс көрсетілетін қызметті берушінің жұмысы аяқталғанға дейін 2 сағат бұрын қабылданады (жұмыс күндері 18.00-ге дейін, сенбі күні 12.00-ге дейін).

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі:

1) тікелей немесе телефон байланысы арқылы жүгінген кезде – көрсетілетін қызметті берушінің шақыруларды тіркеу журналында жазылу және дәрігердің келетін күнін, уақытын көрсете отырып, ауызша жауап беру;

2) порталға электронды форматта жүгінген кезде –жеке кабинетінде электрондық өтінім статусы түрінде хабарлама.

Бұл ретте мемлекеттік қызметті көрсетуге сұраныс қабылданғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушыға белгіленген уақытта үйде медициналық көмек көрсетіледі.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек кодексіне сәйкес демалыс (жексенбі) және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – сенбі аралығында (дүйсенбі – жұма – үзіліссіз сағат 8.00-ден бастап 20.00-ге дейін, сенбі – сағат 9.00-ден 14.00-ге дейін);

2) портал –жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек кодексіне сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) өтініш берген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар:

1) көрсетілетін қызметті берушіге:

тікелей жүгінген жағдайда сәйкестендіру үшін жеке басын куәландыратын құжат;

2)порталға:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұраныс.

Көрсетілетін қызметті беруші жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметті «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

3. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай не 010000, Астана қаласы, Орынбор көшесі, 8-үй, Министрліктер үйі, №5 кіреберіс мекенжайы бойынша көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрлік басшысының атына беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны (мөртаңба, кіріс нөмірі мен күні) көрсетіле отырып, шағымның тіркелуі, көрсетілетін қызметті берушінің, немесе Министрліктің кеңесінде оның қабылданғанын растау болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысына жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмысы күні ішінде қаралуға жатады. Көрсетілетін қызметті берушіге шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап почта арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне қолма-қол беріледі.

Портал арқылы өтініш берген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты 8-800-080-7777, 1414 телефоны арқылы мемлекеттік қызмет көрсету мәселесі жөніндегі бірыңғай байланыс-орталығы арқылы алуға болады.

Электрондық өтініш портал арқылы жіберілген кезде көрсетілетін қызметті алушыға «жеке кабинетінен» өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті берушінің шағымды өңдеуі барысында (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгі, шағымды қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) жаңартылып отырады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілген қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілген қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралады.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілген қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

4. Мемлекеттік, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары Министрліктің www.mzsr.gov.kz интернет-ресурсында «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде орналастырылған.

13. Көрсетілген қызметті алушының ЭЦҚ болған кезде мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.

14. Көрсетілген қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы «жеке кабинеті», сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс-орталығы арқылы ала алады.

15. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтің байланыс телефондары Министрліктің www.mzsr.gov.kz интернет-ресурсында көрсетілген, Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс-орталығы: 8-800-080-7777, 1414.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі №272 бұйрығына 2-қосымша

«Дәрігердің қабылдауына жазылу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «Дәрігердің қабылдауына жазылу» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымдар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсетуге өтініштерді қабылдау және олардың нәтижелерін беру:

1) көрсетілетін қызметті беруші (тікелей немесе көрсетілетін қызметті алушының телефоны бойынша өтініш берген кезде);

2) www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі: көрсетілетін қызметті берушіге өтініш берген кезде:

1) көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттарды тапсырған сәттен бастап 10 (он) минуттан аспайды;

2) құжаттарды тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 10 (он) минуттан аспайды;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 10 (он) минуттан аспайды.

1) портал арқылы өтініш берген кезде:

көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттарды тапсырған сәттен бастап – 30 (отыз) минуттан аспайды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетілетін қызметті берушіге тікелей жүгінген кезде немесе телефон байланысы арқылы жүгінген күні көрсетіледі. Бұл ретте мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға сұраныс көрсетілетін қызметті берушінің жұмысы аяқталғанға дейін 2 сағат бұрын қабылданады (жұмыс күндері 18.00-ге дейін, сенбі күні 12.00-ге дейін).

Электрондық форматта мемлекеттік көрсетілетін қызмет порталға жүгінген күні көрсетіледі. Бұл ретте мемлекеттік қызметті көрсетуге сұраныс көрсетілетін қызметті берушінің жұмысы аяқталғанға дейін 2 сағат бұрын қабылданады (жұмыс күндері 18.00-ге дейін, сенбі күні 12.00-ге дейін).

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі:

1) тікелей немесе телефон байланысы арқылы жүгінген кезде – көрсетілетін қызметті берушінің шақыруларды тіркеу журналында жазылу және дәрігердің келетін күнін, уақытын көрсете отырып, ауызша жауап беру;

2) порталға электронды форматта жүгінген кезде –жеке кабинетінде электрондық өтінім статусы түрінде хабарлама.

Бұл ретте мемлекеттік қызметті көрсетуге сұраныс қабылданғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушыға белгіленген уақытта үйде медициналық көмек көрсетіледі.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек кодексіне сәйкес демалыс (жексенбі) және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – сенбі аралығында (дүйсенбі – жұма – үзіліссіз сағат 8.00-ден бастап 20.00-ге дейін, сенбі – сағат 9.00-ден 14.00-ге дейін);

2) портал –жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек кодексіне сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) өтініш берген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттарды:

1) көрсетілетін қызметті берушіге: тікелей жүгінген жағдайда сәйкестендіру үшін жеке басын куәландыратын құжат;

2) порталға: көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұраныс.

Көрсетілетін қызметті беруші жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметті «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

3. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай не 010000, Астана қаласы, Орынбор көшесі, 8-үй, Министрліктер үйі, №5 кіреберіс мекенжайы бойынша көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрлік басшысының атына беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны (мөртаңба, кіріс нөмірі мен күні) көрсетіле отырып, шағымның тіркелуі, көрсетілетін қызметті берушінің, немесе Министрліктің кеңесінде оның қабылданғанын растау болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысына жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмысы күні ішінде қаралуға жатады. Көрсетілетін қызметті берушіге шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап почта арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне қолма-қол беріледі.

Портал арқылы өтініш берген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты 8-800-080-7777, 1414 телефоны арқылы мемлекеттік қызмет көрсету мәселесі жөніндегі бірыңғай байланыс-орталығы арқылы алуға болады.

